

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ  
АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚ**

**«ӨЗГЕРІСТЕРДЕН ІЗДЕНІСТЕРГЕ ДЕЙІН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ  
/«SHARE» халықаралық жобасы аясында қазақ тілі  
және қазақ әдебиеті пәндерінде іс-әрекеттегі зерттеу/**

**Астана, 2023 ж.**

УДК 373 (072)

ББК 74.268. 1Қаз

Ө26

**«Өзгерістерден ізденістерге дейін» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, 2023 ж. 97 б.**

**ISBN 978-9965-9861-4-7**

Жинақ «Өзгерістерден ізденістерге дейін» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарын қамтиды. Жинаққа орталықтың 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №167 бұйрығына сай Назарбаев зияткерлік мектебімен тәжірибе алмасу жұмыс алаңы іс-әрекеттегі зерттеу (Action Research) жұмыстарын жүргізу арқылы қала мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің білім беру сапасын арттыру бағытында жүргізілген жұмыс тобының баяндамалары, мақалалары мен зерттеу жұмыстары жинақталған. Жинақ жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған.

Редакция алқасы:

С.М. Дауешова – төрайымы, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысы.

Мүшелері:

Ж.С. Маман – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК әдіскері;

А.К. Ондыбаева – №64 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Әдістемелік орталығының оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен бекітілді және басылымға ұсынылды. Хаттама: мамыр, 2023 ж. № 2/2.

Конференция ұйымдастырушылары мен редакция алқасы мақаладағы көзқарастар мен фактілердің нақтылығы үшін, авторлардың жіберген стилистикалық және грамматикалық қателеріне жауап бермейді.

© «Әдістемелік орталығы» МКҚК. 2023

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі таңдағы білім берудің барлық саласындағы өзгерістер оқыту процесіндегі жаңаша көзқарасты, білім берудің жаңа тиімді технологиясының, белсенді оқыту әдістерінің кеңінен енуін туындатып отыр. Осыған орай, Астана қаласында 2019 жылдан бастап «SHARE» халықаралық жобасы іске асырылуда, оның мақсаты педагогтердің зерттеу қызметі нәтижесінде анықталған менеджмент пен оқытуға өзгерістерді енгізу арқылы оқыту сапасын арттыру және мектептер арасында қауымдастық құру болып табылады. Жоба педагогтердің оқуы мен оқыту практикасын жақсартуға бағытталған.

Осы жобаның негізінде Білім басқармасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы «SHARE халықаралық жобасы аясында қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінде іс-әрекеттегі зерттеу туралы» №167 бұйрығы негізінде 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде іс-әрекеттегі зерттеу жүргізу бойынша жұмыс тобы құрылып, жарты жылдың көлемінде Астана қаласы физика-математика бағытындағы НЗМ-мен бірлескен тәжірибе алмасу алаңы жұмыс жасап келеді.

### **Осы жұмыс алаңының негізгі мақсаты:**

- білім саласындағы өзгерістерді саралау, оқу процесіне енгізу;
- ендірілген бағдарлама мақсаттарымен жұмысты жандандыру, әдістемелік жағынан жетілдіру;
- мұғалімдердің бірлесе әрекеттесуіне, ортақ алаңда жұмыс істеуіне ықпал ету;
- сабақтағы іс-әрекетті зерттеу қадамдарын меңгере отырып, іс-тәжірибені жетілдіру.

### **Бірлескен тәжірибе алмасу алаңының кезеңдері:**

1. оқу мақсаттарын түсіну, зерделеу, тапсырмаға айналдыру;
2. тапсырмалардың оқу процесіндегі тиімді/ тиімсіздігіне зерттеу жүргізу;
3. зерттеу нәтижелерін рефлексиялау, саралау;
4. озық тәжірибені анықтау, екшеу;
5. авторлық әдістемеге қол жеткізу.

### **Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінде іс-әрекеттегі зерттеуді жүргізу бойынша жұмыс тобының тізімі**

№	Аты, тегі	Мекеме атауы
1	Маманова Жанар Сейтахметқызы	Әдістемелік орталық
2	Меңдібаева Салтанат Әбілахатқызы	НЗМ
3	Асемова Рауан Саметқызы	№15 МЛ
4	Мұса Анизат Сейдазымқызы	№40 МЛ
5	Ажибаева Улжан Батырхановна	№55 ОЛ
6	Бұхарбаева Гулсара Алиевна	№55 ОЛ
7	Сахмурзаева Гулжамила Тохтаровна	№59 МЛ
8	Зияхан Ақерке Алмасбекқызы	№59 МЛ
9	Ондыбаева Айжарқын Кузенбаевна	№64 МЛ
10	Молдахметова Алданыш Есенкелдиновна	№91 МЛ
11	Карамурзина Маржан Жолаубаевна	БИЛ (қыздар)

## ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ ЗЕРТТЕУ

«Өзгерістерден ізденістерге дейін» НЗМ мектептерімен бірлескен жоба фундаметалды зерттеу, қолданбалы зерттеу, іс-әрекетті зерттеу, оқу бағдарламасын бағалау, мониторинг кезеңдерін қамтыды. Пит Дадли: «... Сабақты зерттеудің қандай да бір қатып қалған ережесі жоқ. Әр елдің мұғалімдері бұл әдісті әртүрлі түсінеді және қолданады. Бұл қалыпты жағдай...» дегеніндей ФМБ НЗМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Салтанат Аблахатқызы зерттеуді бастаған күннен бастап, зерттеу тәсілдерін, күрделі оқу мақсаттарын жеңіл игертудің жолдарын, жазылым дағдыларын оңтайландыру жолдарынан бағыт-бағдар берді. біз еркін де ерікті түрде зерттеу жұмыстарын жүргізе білдік. Тиімділігі бір күн НЗМ мектептерінде шынайы сабақ көрсек, келесі кездесуде сол жұмысты талқылап, нәтижеге жетер жолды айқын анықтадық.

**Қалалық қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері  
қауымдастығының НЗМ бірлескен тәжірибе алмасу алаңының  
жұмыс жоспары:**

1. Оқу мақсаттарын меңгеру.
  2. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында саралау тапсырмаларын жүйелі қолдану.
  3. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында топтық жұмыстарды ұйымдастыру әдістері.
  4. Іс-әрекетті зерттеуді сабақ процесіндегі көрінісі (Action research).
  5. Дербестендірілген оқыту: туындаған мәселелер және шешу жолдары.
- Жобаға қатысушылар алғашқы күннен жазылым дағдылары бойынша оқушыларынан сауалнама ала отырып, қандай кемшін тұсы бар, сол жолмен мақсатын анықтап алды. Зерттеу сұрағы төмендегідей болып нақтыланды:

1. «Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну» мақсатын жүзеге асырудағы қиындықтарды қалай шешуге болады?
  2. Қазақ тілі және әдебиет сабақтарында оқушылардың креативті ойлауын қандай әдіс-тәсілдер арқылы дамытуға болады?
  3. Креативті жазылым оқушы интеллектісіне қалай әсер етеді?
- Зерттеудің әдіс-тәсілдері негізінде сандық және сапалық зерттеу тәсілдері қатар қолданылды, және зерттеу аясында жасалған жоспар негізінде іс-әрекеттегі зерттеудің бірнеше сабақтары өткізілді.

Тәжірибелік алаңында зерттеу әдебиеттері сараланды, алғашқы пәндік тәжірибедегі зерттеу сабақтарының жоспарлары, әдіс-тәсілдер, креативті жазылым жолдары талқыланып, нәтижесі, кемшілігі ортада зерттеліп, шешу жолдары қарастырылды. Мұғалімдер бірлескен жұмыс түпкілікті нәтижеге немесе мақсатқа жетуге бағытталған өзара әрекеттесу нысаны екенін

көрсетті. Зерттеушілер бір-бірін тыңдап, пікір алмасты, өз идеяларын білдірді және өз көзқарастарын қорғады, басқа тұжырымдамаларға күмән келтірді және белсенді қатысты..

Жобаға қатысушылар жыл бойы жасалған жұмыстардың нәтижесін тәжірибе ретінде республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияда көрсетті.

2022-2023 жылға арналған трансляция бойынша зерттеу жұмысы

Зерттеуді жүргізушінің аты-жөні: Меңдібаева С.А

Зерттеуге қатысушылар: тізімі төменде 1-қосымша

Аясы: «Қазақ тілі және қазақ әдебиеті»

Зерттеу тақырыбы: Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың шығармашылық жазылым дағдыларын дамыту.

Зерттеу сұрақтары:

1. «Жазба жұмыстарын әртүрлі форма да ұсыну» мақсатын жүзеге асырудағы қиындықтарды қалай шешуге болады?

2. Қазақ тілі және әдебиет сабақтарында оқушылардың креативті ойлауын қандай әдіс-тәсілдер арқылы дамытуға болады?

3. Креативті жазылым оқушы интеллектісіне қалай әсер етеді?

Зерттеу жүргізудің негіздемесі (контекст, мәселе, маңыздылығы, өзектілігі)

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасы оқушылардың коммуникативті дағдыларымен қатар, шығармашылық дағдыларын дамытуға бағытталған. Бағдарламада оқушылардың сыни ойлау, сыни пікір білдіру дағдыларын қалыптастыруға аса мән берілген. Ең басты күтілетін нәтиже – ойлаудың жоғары деңгейі, креативті ойлау дағдысының оқушы бойында толық қалыптасуы, алайда бағдарламадағы жазба жұмысын әр түрлі формада ұсыну мақсатын жүзеге асыруда мәселелер туындап отыр. Туындаған мәселені шешудің бір жолы зерттеу жүргізу болып табылады. Зерттеу аясында пән мұғалімдерінің жаңартылған білім беру мазмұнындағы жанрлық ерекшеліктеріне сай жазу, стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып жазу, сурет немесе оқиға желісі бойынша әңгіме құрастыру сияқты оқу мақсатын жүзеге асыру барысында кездесетін қиындықтары мен себептерін анықталып, оның шешу жолдары қарастырылады.

Қатысушылар: 5,6,7,8 – сыныптардың қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері мен оқушылары.

Бірлескен зерттеуге қатысушы мектептер: №59 мектеп, №15 мектеп, №55 мектеп, №64 мектеп және БИЛ, НЗМ.

Өткізу орны: Астана қаласы, Әдістемелік орталық, 418 кабинет.

Мекенжайы: Қабанбай батыр көшесі, 33

Деректерді жинау тәсілі: сабақты бақылау, сауалнама жүргізу.

**ГРАФИК:**

Зерттеу кезеңдері	Өткізу уақыты	Жұмысты аяқтау формасы
Зерттеу мәселесі, тақырыбы мен сұрақтарын дайындау	Қыркүйек 1-онкүндік	Зерттеудің жеке жоспары
Әдебиеттерді зерттеу	Қыркүйек 2,3-онкүндік	Әдебиеттерге шолу
Деректерді жинау құралдарын дайындау (сауалнама)	Қазан 1-онкүндік	Сауалнама сұрақтары және валидация
Деректерді жинақтау (сауалнама)	Қазан 2-онкүндік	Сауалнама деректері, сараптау
Деректерді талдау және өңдеу	Қазан 3-онкүндік	Аралық есеп,монитор
Деректерді жинау құралдарын дайындау (сұқбат/бақылау/фокус топтар, т.б.)	Қараша 1-онкүндік	Бақылау парақтары, сұқбат сұрақтары,
Деректерді жинақтау (сұқбат/бақылау/ фокус топтар, т.б.)	Қараша 2-3 онкүндік	Аудиожазба, фото,вид
Деректерді талдау және өңдеу, қорытынды есепті дайындау	Желтоқсан 1-онкүндік	Есеп
ҒӘК зерттеуді қорғау және презентациялау	Қаңтар 3-декада	Слайдтар, абстракт,
Зерттеу нәтижесі бойынша конференцияларға баяндама дайындау	Желтоқсан, қаңтар	Слайтар, абстракт, есеп
Ғылыми журналдарға мақала дайындау	Қаңтар 2-декада	Мақала

Зерттеуге қатысқан мұғалімдердің жеке жұмыстары:

1-бағыт. Зерттеу менторы С.А . Мендибаева сабақтарында демонстрацияланған креативті жазылымды дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдерді жинақтау, өз тарапынан толықтыру, басқа тәсілдермен кіріктіру. Жауаптылар: Асемова Рауан Саметқызы, Мұса Анизат Сейдазымқызы, Зияхан Ақерке Алмасбекқызы.

2-бағыт. Креативті жазылымның оқушы дағдылары мен интеллектіге әсеріне талдау. Жауаптылар: Меңдібаева Салтанат Аблахатқызы, Сахмурзаева Гулжамила Тохтаровна.

3-бағыт. Зерттеу менторы С.А Мендибаева сабақтарында демонстрацияланған креативті жазылымды тапсырмаға айналдыру жолдарын көрсету, жинаққа айналдыру. Жауаптылар: Қарамурзина Маржан Жолаубаевна, Ондыбаева Айжаркын Кузенбаевна, Ажибаева Улжан Батырханқызы.

2022-2023 оқу жылының екінші жартысында зерттеу мақсатымызды кеңейте отырып, мәселені жаңа қырынан қарастыру үшін «Жаңартылған білім мазмұны принциптері бойынша оқушының шығармашылық дағдыларына қатысты мақсаттардың тиімді жүзеге асырылу үдерісін зерттеу» деп зерттеу аясын кеңейттік. Алғашқы жүргізілген циклдық зерттеуімізді жалғастыра отырып, ғылымилық пен тереңдікке бағыттадық. Осы бағытта төмендегідей нақты іс-әрекеттер жоспарлануда.

**Алпанова Жанар Бейбітқызы**  
Астана қ., № 92 мектеп-лицейінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

### **ACTION RESEARCH ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Түйіндеме:** бұл мақалада «Action research», «зерттеушілік құзыреттілігі» ұғымдары шетелдік талдаулар мен ғылыми әдебиеттер негізінде қарастырылады. Action research технологиясын түсіну және білім беру ісіне ендіру тәжірибесі сипатталады.

**Тірек сөздер:** Action research, құзыреттілік, зерттеушілік құзыреттілік, құзыреттілік тәсілдері, практика.

Қазіргі педагогикалық әдебиеттерде құзыреттілік терминін қолдану білім беруді білуден құзыреттілік тәсілге қайта бағдарлау процесімен тығыз байланысты, бұл білім беруді модернизациялаудың және нәтижелерін халықаралық стандарттарға сәйкестендірудің қажетті шарты болып табылады [1,2,3].

XXI ғасырдағы білім «көп білуден» жаһандану дәуірінде сұранысқа ие тұлға қасиеттеріне (құзыреттеріне) көшуді қамтамасыз ете отырып, өз бағдарын өзгертті. Білім берудің мақсаттары мен міндеттері өзгеруде, өйткені ақпараттың одан әрі жинақталуы оқушылардың шамадан тыс жүктемесіне әкеп соқтырды, ал мұғалімнің міндеті-білімді жинақтау емес, оқушыны осы білімді өз бетінше алуға болатын құралмен қаруландыру.

Алайда оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын жүйелі түрде қалыптастырудың педагогикалық міндетін орындай отырып, мұғалімнің өзі кәсіби құзыреттер кешенін, оның ішінде ғылыми-зерттеу кешенін игеруі керек.

Әдебиеттерді талдау «құзыреттілік» категориясы жаңа емес, бірақ педагогика ғылымында қайшылықты құбылыс екенін көрсетеді. 1960 жылдардың аяғы мен 1970 жылдардың басында, шетелде, кейінірек отандық педагогикалық әдебиеттерде белгілі бір құзыреттіліктерді қалай қалыптастыруға және дамытуға болатыны туралы алғашқы мақалалар мен зерттеулер пайда болды. Біздің жұмысымыздың аясында педагогикалық қызметкерлердің кәсіби дамуы үшін негіз ретінде зерттеу құзыреттілігіне үлкен қызығушылық қалыптасады.

Зерттеу құзыреттілігі, көптеген педагогтердің пікірі бойынша (В. А. Болотов, И. А. Зимняя, Я. В. Кривенко, С. И. Осипова, А. А. Ушаков, Е. В. Феськова, А. В. Хуторская т. б.) негізгі болып табылады және зерттеу мінез-құлқы кез-келген тірі жанның (оның ішінде адамның) туа біткен қасиеті негізінде қалыптасады- (С. М. Бондаренко, А. Н. Поддяков, В. С. Ротенберг, А. И. Савенков және т. б.) [4,5].

Осы жұмысымызда зерттеу құзыреттілігі бойынша біз өз қызметіне қатысты белсенді зерттеу позициясын алуға дайын және оның мәні ретінде қызметтің семантикалық контекстін функционалдыдан түрлендіруге ауыстыруда көрінетін жеке тұлғаның тұтас, интегралды сипаттамасын

түсінеміз. Жоғарыда айтылғандай, мұғалімнің зерттеу құзыреттілігі белсенді және педагогикалық қызметтен тыс өзін көрсете алмайды немесе бағалай алмайды.

Педагогика ғылымы мен практикасында педагог мамандардың зерттеушілік қасиеттерін дамытуға көптеген тәсілдер мен формалар бар. Жаһандану және инновацияны іздеу аясында жаңа технологияны ұсынады: ол – Action Research, мектептегі зерттеуші маманға мектеп мәселелерін зерттеу әдісі арқылы талдауға, ойлауға және шешуге мүмкіндік беретін технология.

Action Research:

- 1) зерттеу әрекетінен тұрады,
- 2) нақты жағдайларға негізделеді,
- 3) интерпретацияға негізделген рефлексияны дамытады.

Егер осы терминнің анықтамасына келер болсақ, посткеңестік кеңістіктегі педагогикалық ғылымның ғылыми ұғымында Action Research термині және оның қазақ және орыс тілдеріндегі баламалары әлі бекітілмеген және әлі де нақтылануда:

- іс-әрекеттегі зерттеу,
- шағын-зерттеу, іс-әрекеттегі практиканы зерттеу («Назарбаев Зияткерлік мектебі»),
- контекстік зерттеу (Гаргай В.Б. «Сібір тәуелсіз институты», Новосибирск қ.).

Бірақ көптеген ғалымдар Action research циклі алты кезеңнен тұрады дегенмен келіседі:

- 1) мәселені тану және анықтау. Мұғалім мәселені басқара алатындығына көз жеткізуі керек.
- 2). ақпаратты жинау және топтастыру. Мұғалім міндетті түрде бірнеше ақпарат көздерін және мәселеге қатысты жинау әдісін қолдануы керек.
- 3) ақпаратты талдау және бағалау. Мұғалім ақпаратты талдау негізінде педагогикалық тәжірибені өзгертуі керек.
- 4) рефлексия. Мұғалім динамиканы және қорытындылардың расталуын анықтауы керек.

Қазіргі уақытта мектептерде Action research технологиясын қолдану тәжірибесі айтарлықтай бар, біз өз зерттеуімізде Астана қаласының мектептерінде Action Research технологиясын енгізу тәжірибесін мысалға алдық. Мәселен, №59 мектеп-лицей қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Сахмурзаева Гулжамила Тохтаровнаның бастамасымен НЗМ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Мендибаева Салтанат Әбілахатқызының пәнді оқытудағы озық тәжірибесін зерделеу мақсатында құрылған зерттеу тобы осыған мысал бола алады. «Креативті жазылым арқылы оқушылардың жазу дағдысын жетілдіруге бола ма?» тақырыбымен зерттеуші педагогтар: Р.Асемова, А.Мұса, М. Карамурзина, А.Зияхан, У.Ажибаева, А.Ондыбаева бір оқу жылы ішінде зерттеу жұмыстарына тартылды. Топ құрамы ерікті әрі өз тәжірибесін жетілдіргісі келетін мұғалімдеден жасақталды. Қалалық әдістемелік орталық әдіскері Ж.Маманова топ жұмысына бағыт -бағдар



беріп отырды. Осы жұмыс негізінде "мектеп ішінде педагогтардың кәсіби даму жүйесін қалай тиімді ұйымдастыру керек?» деген зерттеу сұрағына біздің бірлесіп құрған моделіміз жауап береді деген сенімдеміз. Себебі көптеген педагог өздерінің зерттеу дағдыларын ("Оқыту өнері: оқыту тұжырымдамалары мен инновациялық әдістері") түсініп, анықтап, күшейте алды. (А. К. Мыңбаева, З. М. Сәдуақасова (оқу құралы. Алматы 2012) Нәтижесінде "Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі" тәжірибелі мамандар мен университеттердегі әріптестер арасындағы ынтымақтастық ретінде анықталатын Action research арқылы мектептегі мұғалімдердің зерттеушілік құзыреттіліктерін арттырып қана қоймай, тәжірибесін жетілдіре алудың да ортақ үлгісін жасап шығардық деп айта аламыз. . Келешекте осындай зерттеу процесіне басқа да қатысушылар: ата-аналар, мектеп қоғамдастығының мүшелері тартылады деп болжап отырмыз. Себебі "Назарбаев Зияткерлік мектептері" базасындағы Action research бұған дейін де, қазіргі күні де практик мамандар арқылы мектептегі сан қилы проблемаларды талқылап, шешетін тәсіл болып табылатынына көз жеткіздік.

Зерттеудің бұл түрі «білім берудегі» және "білім беру жайлы" дегеннің ешбірі де емес, білім беруге арналған. Осыған сүйене отырып, мұғалімнің мақсаты-өз тәжірибесін түсіну және жетілдіру үшін өзін-өзі рефлексивті зерттеу процесіне қатысу. Біздің зерттеу тобымыз пәндік бір мәселенің түйінін шешуге жарты оқужылын арнады. Action research қатысушыларының күш-жігері оқу бағдарламасын өзгертуге, мектеп практикасындағы проблемаларды шешуге және проблемаларды үздіксіз қою, деректерді жинау, талдау және осы талдау нәтижелері негізінде кейінгі әрекеттер арқылы әлеуметтік өзгерістерге қол жеткізуге бағыттталатынын түсіндік.

Action research тәсілі арқылы "Назарбаев Зияткерлік мектептері" мектебінің базасында адами іс-әрекеттер мен әлеуметтік жағдайларды зерттеумен айналысатын мұғалімдердің тәжірибесін талдай отырып, Action research мұғалімдердің күнделікті практикалық мәселелеріне арналған және, шын мәнінде, икемді зерттеу тәсілі болып табылатынын, оның әдістемесі зерттеу құралдары мен стратегияларының белгілі бір жиынтығынан ("Оқыту өнері: тұжырымдамалар және оқытудың инновациялық әдістері") гөрі зерттеуге деген көзқарас ретінде анықталатынын түсіндік. (А.К. Мыңбаева, з. м. Сәдуақасова (оқу құралы. Алматы 2012). Кейде зерттеуге деген серпін белгілі бір жағдайларда қолайсыз өзгерістерді немесе белгілі бір практикалық реакцияны қажет ететін жағдайдан туындауы да мүмкін екені анықталды. Осы зерттеу барысында жасап шығарған моделіміз әлі де жетілдіруді әрі үздіксіз жаңарып отыруды қажет ететінін ескертеміз.

Мысалы, 1996 жылы Action Research International онлайн-журналы (Bob Dick бас редакторы) пайда болды. Action Learning, Action Research & Process Management Association, Inc.Қауымдастығы (ALARM), 1991 жылы Австралияда пайда болған, әр екі жыл сайын AR бойынша Дүниежүзілік конгрестер өткізеді. Қауымдастық жаратылыстану, әлеуметтік және

гуманитарлық сияқты түрлі ғылымдарды ұсынатын мұғалімдерді, әлеуметтік қызметкерлерді, консультанттарды, академиялық ғалымдарды, менеджерлер мен студенттерді біріктіреді. Ол журнал (Action Research Case Studies Newsletter — ARCS), ғылыми монографиялар, семинар материалдары, анықтамалық әдебиеттер, тренингтер және басшылық жүргізу басып шығарылады.

Ұлыбританияда Samuel Whitbread Academy білім беру процесінің барлық қатысушылары "әрекеттегі зерттеулер" (Action Research) үздіксіз процесіне қатысады: сабақтарға қатысу, Action Research, learning walks, etc мектебінің іс-шаралары мен зерттеулеріне қатысу жүзеге асырылады. Сондай - ақ Ұлыбританиядағы білім берудің ерекшелігі - "Learning walks" - "оқу серуені" - сөзбе-сөз аудармасы, мәні белгілі бір кезеңдермен оқушылар сабаққа қатысу, бағалау және бақылау, зерттеу және проблема қою, шешім іздеу және зерттеу нәтижесі немесе кері байланыс пен рефлексияны ұйымдастыру (feedback) және тағы басқалар ұйымдастырылады. Мұның барлығы – зерттеу әрекетінің мектеп практикасына қатысты болуы себепті үнемі өзгеріп, жаңарып, толығып, дамып отыратын жанды қозғалыс екендігінің дәлелі.

Осылайша, нақты мектептердің тәжірибесін зерттей отырып, біз Action research әдісі мұғалімдерді практиканы жүйелі түрде ойлау процесіне итермелейді деген қорытындыға келдік. Бұл тәсілдің негізгі алғышарты-барлық мұғалімдер мұғалімнің мамандығына байланысты мәселелерді талдауға және шешуге психологиялық тұрғыдан дайын болады.

Педагогикалық мамандықтағы жетістіктің құпиясы – үнемі өсу мен оқу. Мұғалімдерге арналған Action research – бұл кәсіби өсуді жалғастырудың және практикалық тәжірибе негізінде оқытудың тиімді әдісі. Action research дәл қазір мұғалім тұрған жерден басталады және оны өзі қалағандай және қалағанынша жетілдіреді.

Сондай-ақ, біз шетелде Action research рөлі мен мәніне байланысты Action research-тің екі стратегиясы барын немесе сол формаларға бөлінетінін анықтадық. Олардың әртүрлі әдіснамасы және қолданылатын әдістер мен әдістердің жиынтығы әртүрлі, әртүрлі процедуралық логика, мақсаттар мен нәтижелер барын да білеміз.

Бірінші стратегияда жетекші бастама практикалық әрекет болып табылады, ал ғылыми зерттеу сыртқы рәсімдеу рөлін атқарады. Мұндағы зерттеу, әдеттегідей, ғылым немесе ғылыми білім үшін құнды жаңа білім алуға бағытталмаған. Керісінше, ол қызметтік функцияны орындайды, өйткені деректерді жинау және талдау қатысушыларға (ғалымдарға, клиенттерге, субъектілерге) өз іс-әрекеттерін, қабылдаған шешімдері мен олардың салдарын тереңірек түсінуге, бір-бірін білуге, өзін және іс-әрекетін түсінуге, тіпті жақсы жаққа өзгеруге, басқаша болуға көмектеседі.

Екінші стратегияда бастысы – зерттеу, ал практикалық әрекет – бұл тек жанама өнім. Мамандар AR формаларын басқа өлшемдерге сәйкес жіктейді. Сонымен, Г. Хузер іс-әрекеттің манипулятивті және қатысу формаларын ажыратуды ұсынады.

Мектеп әкімшілігінің қажетті практикалық араласуынсыз жаңа білім алу мүмкін болмас еді.

Сонымен, Action research ғылыми зерттеулердің басқа түрлерінен бірқатар маңызды ерекшеліктерімен ерекшеленеді:

\* ғалымның зерттеу барысына белсенді араласуы, түзету, басқару, зерттеудің басына оралу, жеке кезеңдерді жою, санаға әсер ету мүмкіндігі болуы, респонденттердің мінез-құлқы мен уәжі;

\* респонденттердің (сыналушылардың, қатысушылардың) өз мақсаттарына жетудің құралы ретінде жиі көретін зерттеуге барынша толық және белсенді қатысуы;

\* респонденттер белсенді позицияға ие бола отырып, ғалымдар мен тапсырыс берушілерге тең келетін зерттеу субъектілеріне айналады;

\* зерттеу барысында оқыту, білім мен біліктіліктің өсуі орын алады, респонденттер бірден зерттеуге қайтадан инвестициялайды, одан да жоғары нәтижелерге қол жеткізеді;

\* әлеуметтік контекст: AR нақты өмірлік жағдайда болады және эксперименттік емес, нақты мәселелерді шешуге бағытталған.

Қорытындылай келе, зерттеуді оқыту тәжірибесінде іс – әрекетте қолдану зерттеу жүргізілетін сыныпқа ғана жағымды әсер етпейтінін атап өтуге болады, өйткені сіз өзіңізге-мұғалімге де, оқушыларға да, олардың қажеттіліктері мен сұраныстарын ескере отырып, оқу процесіне және нақты сабақты ұйымдастыруға мұқият қарайтын боласыз. Action research педагогикалық технология және практика ретінде мұғалімге зерттеушілік дағдыларды органикалық түрде қалыптастыруға, өзін-өзі дамыту және жаһандық кәсіби міндеттерді шешу құралымен өз - өзін қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Блинов, Л.В. Социально-профессиональная компетентность личности – продукт межкультурного взаимодействия/ Л.В. Блинов, В.Л. Недорезова // Педагогическое образование и наука.-2008.-№1.-С.52-56.

2. Баранников А.В. Содержание общего образования [Текст]: компетентностный подход / А.В. Баранников. – М.:ГУ ВШЭ, 2002.

3. Дзюбенко С.В. Исследовательские компетенции учителя: структура, содержание, уровни сформированности  
[https://cyberleninka.ru/article/n/issledo-vatelskaya-kompetentsiya-magistrantov%20truktorno-soderzhatelnyy-analiz](https://cyberleninka.ru/article/n/issledo-vatelskaya-kompetentsiya-magistrantovtruktorno-soderzhatelnyy-analiz)

4. Куракбаев К.С. «Action Research» как подход к исследовательской деятельности педагога-практика // Открытая школа. 2013. № 7. С. 28–31.

5. Лернер.П.С. Инструменты поддержки и развития компетентностного подхода в образовании старших школьников/ П.С. Лернер //PR в образовании.-2007.-№4.-С.42-50.

6 .Литвиненко, М.В. Подходы диагностирования сформированности профессиональной компетентности будущего специалиста/ М.В. Литвиненко //Стандарты и мониторинг в образовании.-2008.-№2.-С.38-40.

7.Любимов, Л.Л. Компетентный подход и качество общего образования //Экономика в школе.-2008.-№1/2.-С.4-11.

8. «Искусство преподавания: концепции и инновационные методы обучения». А.К. Мынбаева, З.М. Садвакасова (Учебное пособие. Алматы 2012)

### КРЕАТИВТЕН ОЙЛАУДАН КРЕАТИВТІ ТАПСЫРМАҒА ДЕЙІН...

«Бір сабақтан бала күшті әсер алу үшін, баланың сол сабаққа құмар болуы шарт. Баланы құмар қылу үшін мұғалім өзі құмар болуы керек» деген ұстазымыз С.Аблахатқызының қарапайым да, терең ойлы сөзі өміршеңдігін жоймайтын нақ бүгінгі білімге дем берер сөздер екені айғақ. Білімнің өрге басуы үшін алдымыздағы білім алушы бүгінгі шынайы өмір талаптарына төтеп берер, креативті ойлап, креативті жазып, білімін қолдана алатын, келешек үшін күресе білетін ұлтжанды ұрпақ болуы міндетті. Ал сондай ұрпақ тәрбиелеу, олардың білімге сенімін нығайту – ұстаз алдындағы парыз.

2022 жылдың қыркүйек айынан бастап «Өзгерістерден ізденістерге дейін» НЗМ мектептерімен бірлескен жоба қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің арасында басталды. Бұнда фундаменталды зерттеу, қолданбалы зерттеу, іс-әрекетті зерттеу, оқу бағдарламасын бағалау, мониторинг кезеңдерін қамтыды. Пит Дадли: «...Сабақты зерттеудің қандай да бір қатып қалған ережесі жоқ. Әр елдің мұғалімдері бұл әдісті әртүрлі түсінеді және қолданады. Бұл қалыпты жағдай...» деген болатын. Салтанат Аблахатқызы зерттеуді бастаған күннен бастап, зерттеу тәсілдерін, күрделі оқу мақсаттарын жеңіл игертудің жолдарын, жазылым дағдыларын оңтайландыру жолдарынан бағыт -бағдар берді, біз еркін де ерікті түрде зерттеу жұмыстарын жүргізе білдік. Тиімділігі бір күн НЗМ мектептерінде шынайы сабақ көрсек, келесі кездесуде сол жұмысты талқылап, нәтижеге жетер жолды айқын анықтадық.

Зерттеуде әр мұғалім бір сынып, оқу бағдарламасына негізделген оқу мақсаттарын ақылдасып, шығармашылық жазылымды жетілдіру жолын зерттеу тақырыбына ыңғайладық.

Алғашқы жұмыста екі мектептің 7 «Ғ», 7 «С» сыныптарында төмендегідей сауалнама алынды, 27, 22 оқушы қатысты:

№	Сұрақтар	иә	жок	білмеймін
1	Қандай тақырыпта әңгіме жазғың келеді? Көрсетіп жазыңыз	Кино, спорт, адамдар өмірі, табиғат, экология, ауыл өмірі		
2	Екі адамның сөйлесуі әңгіме бола ма?	32	15	2
3	Әңгіме құрастыру үшін жоспар құрастырудың маңызы бар ма?	30	9	-
4	Әңгіменің кейіпкері қандай болу керек? Әңгіменің кейіпкері тек жақсы қасиеттерге ие болуы керек пе?	32	17	

5	Әңгімедегі оқиға орны сипатталуы керек пе?	47	-	2
---	--	----	---	---

Сауалнама нәтижесінде оқушылардың фантастика жанрын көп таңдауы, қызықты оқиғаларға жазғым келеді деген жауап біздің осы жанрды жетілдіру керек екен деген ойға қалдырды. Әңгіме мен басқа проза жанрын ажыратуда сыныптың жарты бөлігі дұрыс ажыратса, жартысы дүдәміл ойда. Сондықтан бұл сұрақ көп жұмыс жасауды қажет етеді. Сонымен қатар оқушылар шығармашылықта жоспармен жұмыс жасауды қалайды, бұл шығармашылықтың төмен деңгейін көрсетеді, қиялға жол бермейді, бұл да жұмыс барысында ескерілуі керек.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда ең басты мақсат – оқушылардың сөз қолданысын, сөйлеу тілі мен сөйлеу мәдениетін дамыту, өз ойын еркін айта білуге баулу. Сөйлеу әрекетінің жоғары деңгейі және өнімді түрі жазылым жұмысы болып табылады. “Жазылым 4 дағдының ішінде мұғалімнің өнім алатын дағдысы болып табылады. “Жазылым» термині «жазу» «жаза білу», «ойыңды басқа біреуге түсінікті болу үшін қағаз бетінде сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді. Ал, креативті жазылым жұмысы оқушының ерекше ой мен идеяларынан көрініс табады.

Креативті аудиторияның ерекше бір көңіл-күйде, шығармашылық еркіндікте болғанда ғана іске асуы мүмкін. Сонымен қатар креативті жазылымға, ең біріншіден, оқушыны бағыттап білгенде ғана жүзеге асады. Мысалы, қазақ әдебиеті пәнінен 9-сыныпта “Атадан қалған асыл сөз” деген бөлімде қазақтың шешендік сөзі оқытылады.

Шешендік сөзді оқытуда оқушылардың сөз мағынасын түсіне білуі, оны орынды қолдана білуі маңызды. Шешендік сөздерді оқыта отырып, оқу тапсырмалары арқылы креативті жазылым жұмысын орындатуға болады. Оқу бағдарламасы бойынша 9-сыныпта көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану және автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу сияқты оқу мақсаттарын жүзеге асыру көзделген. Осы оқу мақсаттары негізінде төмендегідей тапсырмаларды ұсынуға болады.

«Біз қазақ деген бір ұяның балапаны едік, сұңқар болып жетіліп, аспанға ұшайық. Біз қазақ деген бір биенің құлыны едік, тұлпар болып жетіліп, бәйгеден озайық. Біз қазақ деген бір тоғайдың ағашы едік, орман болып жайқалып өсейік» – деген Әйтеке сөздің шешендік сөзі бойынша оқушыларға «Балапан – сұңқар, құлын – тұлпар, ағаш – орман» сөз қатынастарын алып, көркем сөз құрастырыңдар” деп тапсырма беруге болады. Осы тапсырмаға ұқсас бірнеше сөз қатынастарын алып, көркем сөз құрастыруға бірнеше тапсырма құрастыртуға болады.

Не болмаса, Қазыбек бидің «Кім жақын, не қымбат, не қиын » шешендік сөзін негізге ала отырып, «Бұл дүниеде не жаман, кім жақсы?» тақырыбында екі-үш шумақ өлең құрастыртуға болады. Оқушыларды креативті жазуға бағыттау үшін

бір шумақ өлеңнің тармақтарын толықтыруға ұсыну да жақсы шешім болар еді.

Алдыменен ұят пенен ар қымбат	
Тағы да ұят пенен ар қымбат	
Біле білсең ұят пенен ар қымбат	

Бұқар жыраудың «Тілек» толғауын өткен кезінде толғауды негізге ала отырып, он тілекті өлең түрінде жазып көруге ұсынсаңыз, оқушыларды шығармашылық жұмыс жазуға бағыттай аласыз.

«Атадан қалған асыл сөз» деген бөліміндегі тақырыптың бірі – Сырым батыр шешендігі туралы. Сырым батыр шешендігі бойынша берілетін тапсырмада оқушылар берілген шешендік сөзді оқып, көп нүктенің орнына өздерінің болжамдарын жазады.

Сырым жас кезінде Есентемір Бөкен биге батасын алайын деп және ақыл сұра-йын деп ат, шапан алып барады. Барып қонақ болғаннан кейін Бөкен Сырымнан келген жұмысын сұрайды. Сонда Сырым:

– Менің сізге келген жұмысым, біріншіден, сіздің батаңызды алайын деп келдім, екіншіден, ақыл сұрайын деп келдім, – дейді. Сонда Бөкен: «Саған батамды берейін, сен жас болғанмен елге бас болған дай екенсің, – деп бата береді:

Арқаң кара нардай	...	болсын,
Мінезің кара жердей	...	болсын,
Өкпең жоқ –	...	болсын.
Құлағыңнан	...	кетпесін,
Жасың алпысқа жетпесін– дейді.		

Батасын бергеннен кейін: «Мен не десем де бәрінің де мағынасы бар, қалай түсіндік, өзіме айырып бер», – дейді Бөкен қарт. Сонда Сырым:

Арқаң көп мінгеннен	...	болсын дегенің	...
Мінезің кара жерден	...	болсын дегенің	...
Өкпең жоқ	...	болсын дегенің	...
Құлағыңнан		кетпесін дегенің	
Жасың алпысқа	...	жетпесін дегенің не?	


Сонда Бөкен қарт Сырымға айтқан екен:

– Мен сенен құдайдың берген жасын қызғанам ба, жүз алпысқа кел. Менің жасым сексен төртке келді. Алты бәлеге тап болдым. Мен сені сол алты бәледен аулақ болсын деп едім. Ол мыналар: үлкен үйге кіре алмадым, кіші үйге сия алмадым. Қара сақалды әкем болды, қара шашты шешем болды. Ауру келді, кәрілік жеңді, – міне, алты бәле деген осы. Бұған қалай түсіндің? – дейді.

Сонда Сырым батыр қалай жауап қайтарған екен? – ... депті.

Сонда Бөкен қарт: –Бақытты бол, балам, жақсы шештің, – дейді. Сырымға қарап Бөкен басын шерткен екен. Сырым оған аузын ашып, тілін көрсетіпті. Сырымның қасындағы жолдастары: «Бөкен саған неге басын шертті, оған сен аузыңды ашып, тіліңді шығардың, ол не сөз?» – дейді. Сіз қалай ойлайсыз, сырым батыр қандай жауап қайтарады? Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Осы сияқты мысалдар оқушылардың сөз мағынасын, сөздің астарын түсінуге көмектеседі және шығармашылық жұмыс жасауға бағыттайды.

Махамбеттің толғауын оқығаннан кейін толғау үзіндісіндегі ойды сақтай отырып және қарамен жазылған жолдарды қолдана отырып Махамбеттің (ертегілік) бейнесін жазу үшін берілген үзінді:

Жырдан үзінді	Оқушы жұмысы
<p><i>Еділді көріп емсеген, Жайықты көріп жемсеген. Таудағы тарлан шұбар біз едік. Исатайдың барында, Қара қазан, сары бала Қамы үшін қылыш сермедік. Шабытымыз келгенде, Ерегiскен дұшпанды Шетiнен сүйреп жеп едік. Баста дәурен тұрғанда, Біздер - дағы, Бәйеке, Оза көшіп, кең жайлап, Еркімен еркін жатқан ер едік.</i></p>	

Әңгіме құрастыруда тапсырма маңыздылығы жоғары рөл атқарады.

Жаңа ойға жетелеуші, ой тастар сөздер топтамасы оқушыларға ұсынылды.

1. Көл жағасында құмда ойнап отыр едің, толқынмен бірге жағаға құмыра шығып қалды. Ішіндегі қағазға былай деп жазылыпты...
2. Көшеде бір таяққа, бірі қасындағыға сүйенген екі адам келді. Сен оларға бір тапсырманы орындау үшін керексің...





Әр балада әртүрлі кемшіліктер болды, кері байланыс жасалды. Кемшіліктер: бірыңғай диалог, бірыңғай ауызша әңгімелеу, теледидарда, не кітаптағы қайталанатын қиял дүниелер тб. Зерттеу алаңында осы ойлар ортаға тасталды. Келесі аптада «Жазбай қалған қалам» әдісі қолданған уақытта, балалар ашыла түсті. Бұнда оқушылар жазбай қалған қаламның кейпіне енгенде қиялға қалай ерік беру керек екенін түсінгендей. Біреуі бишара күйге өзі енсе, біреуі қаламды осы күйге түсіріп, не бұл жағдайды көңілді жағдаятқа аударып, адамның қиялының шексіз екенін бақылауға болады.

Қадам қадаммен жүргізілетін жұмыстың тиімділігі, сол күні мақсатқа жетпесең қорқыныш сезімін басып, келесі күні қайта серпіліп, сол мақсатқа жету үшін құмырсқадай бейнетқор болу керектігін түсіндік. Ақырын, бірақ тоқтамай жүргенде ғана оқушының білімі ілгерілеп, шығармашыл, креативті тұлға болатыны – осы зерттеу алаңы дәлелдеп берді.

## НАҚТЫЛЫҚТАН КРЕАТИВТІЛІККЕ ДЕЙІНГІ 6 ҚАДАМ

Ойлаудың жоғарғы шыңы – сыни ойлау және креативті ойлау. Сыни ойлау сыни баға беру, дәлел келтіру, дәлел келтіру арқылы қорытынды жасау, ойлаудың дедукция, индукция тәсілдері арқылы жүзеге асады. Ал креативті ойлау креативті мүмкіндіктерді пайдалану, ассоциациялар құру, өңдеу, өнім ұсынуға негізделген. Креативті ойлауға үлкен мән беру – креативті идеяларды туындатуы арқылы оқушыны жан-жақты дамыту.

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында оқушылардың креативті ойлауын қалай жүзеге асыруға болады?

1. Шығармашылық елестету
2. Ғылыми мәселені шешу
3. Жанрды трансформациялау
4. Фантастикалық балама
5. Креативті экспрессия
6. Күрделі жағдаяттардың шешімін табу сияқты түрлерін қарастырайық

1-қадам. Шығармашылық елестету

Кітап мұқабасынан қандай ақпарат алдың?  
 Оқиға қай ғасырларды қамтуы мүмкін?  
 Неліктен қыз бейнесі салынған, шығарма атауына қатысы бар ма?  
 Шығарма оқиғасы қалай аяқталуы мүмкін? Бақытты оқиғамен бе, трагедиямен бе? деген сұрақтарды Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» кітабының мұқабасын қасына отырып, талқылатып, нақты сұрақтар арқылы шығармашылық елестетуді жүзеге асыра отырып, «кітапқа арқау болуы мүмкін бір эпизодты болжап әңгімеле», «мұқабандағы қыздың атынан оқырманға арнап монолог құрастыр» деген тапсырма берілсе, оқушының креатив ойлауын қозғай аламыз ба?

Иә, креативті ойлаудың шығармашылық бағыты және кәсіптік бағыт бар.

Кәсіптік бағыты өнім беру, нақтылық және компиляция (анализ және синтез)

жасауға әкеледі. Бұл тапсырма әдеби шығарманың мұқабасына болжау жасау арқылы нақты пән кәсіптік бағытқа қарай бет бұрғанымыздан байқауға болады.

2-қадам.

Көркем шығармадағы автор ойын нақты ғылыммен байланыстыра талдау

1. «Ақбілек» романындағы Ақбілек стресстің қандай түрлерін басынан өткерді?

2. Автор оны қандай эмоционалды құрылымдар арқылы берді?

3. Кейіпкер стресстен қалай шықты?

Қандай әрекет арқылы стрессті жеңді?

4. Барлық адамзат стрессіз өмірді қалайды. Біздің заманымызда стрессіз өмір сүру үшін қандай кеңес берер едің?

Қай ғылыммен байланыстырдық? Оқушының жауабы:

1. Қолды болу, зорлық-зомбылық көру, көңіл-күйінің нашарлауы, өлім туралы ойлауы, қасқырдың қоршауында қалуы, туыстарының сөзіне қалуы, әкесінің, ағасының сырт айналуы, сүйген адамының жалт беруі

2. «Асуға шыға бергенде, артына бір қарады. Аяқ астында томардай томпиып қостар тұр. Анау тау жылғасындағы ағаш, анау көгал, анау сай-сала, анау орқаш-орқаш тас Ақбілектің адамгершілігін аяққа таптаған, абыройын төккен жер. Оларға көзі түскенде күйінген, өкінген, жиренген — әйтеуір өзегін өртеген бір жаман сезім пайда болды. Төрдегі таза төсенішті былғап кеткен күшікті желкесінен ұстап, өз тезегіне өзінің тұмсығын тигізсең, қандай жеріп, қыңсылап, кейін шегінеді. Артына қарағанда, Ақбілек те сол күшік тәрізді болды. Қарағысы келмеді, теріс айналды»

3. Өмірлік тәжірибе жинауы, ақ пен қараны ажыратуы, білім алуы, мансап қууы арқылы жеңді.(Ақбілек баяғы емес, өзгерген: өнер тапқан, жетілген, ысылған, әйелдерге көсем болған)

4. Стрестік күйді жеңу үшін адам өзінің бойындағы ерік-жігерін шыңдап, табандылық пен ұстамдылығын, өмір тәжірибесін молайтуға машықтануы керек.

Алғашқы тапсырма әдебиеттегі оқу мақсатынан туындап тұрса, екінші тапсырма тілдік құрылым, одағай, эмоционалды-экспрессивті сөздер табиғаты қолданылуы сияқты жауапты талап ететін қазақ тілі ғылымымен байланысты 3-4 тапсырмалар психология ғылымымен, нақты өмірмен байланыстыра отырып, оқушының өзгеше ойлауға бағыттадық.

3-қадам. Оқушының шығармашылық ойлауын креативті жазылымға әкелетін тәсілдердің бірі – фанаттың әңгімесін жазу. Фанаттың әңгімесі нақты шығарма негізінде жазылады.

Фанфик (Фанфикшн, Фанаттың әңгімесі) — шығармашылық жанрдың бір түрі, оқыған шығарма немесе көрген кино желісі бойынша әсерін өзіндік тұрғысына дамытып жазу. Фанфик оқырманның оқып отырған сәттегі алған әсерін сипаттайды. Бұл шығармашылық жұмыс түрі 70-жылдардың бас кезінде, фанаттардың шығаратын әуесқой журналында жазыла бастады. Оның кеңінен таралуы-ғаламтор желісінде: автор бірден өз мәтінін сайтта жариялайды, сөйтіп бірден өз оқырманын табады.

Философ Ролан Барт «Оқу - жазудың жолсерігі болуы тиіс» деген екен, оқыған көркем шығарманың негізінде жалғастырып жазып, өз жанынан эпизод қосып, кейіпкердің моральдық кейпін өзгертіп жазып, өлеңді қарасөзге, комедияны детективке айналдыру – оқушының шығармашылық әлеуетін арттыру, пәнге деген ықыласын жоғалтпауға

қосылған үлестің бір дәлелі.

Фанфик бағыттарын төмендегідей тапсырмаға айналдыруға болады:

- \* Шығармадан тыс қалған көрініс.
- \* Жалғастырып жазу.
- \* Фокусты ауыстыру.
- \* Моральдық қайта бағдарлау
- \* Жанрлық трансформация
- \* Кроссовер

4-қадам.

Шығармашылық ойлаудың тағы бір көрінісі фантастикалық балама жасай білу. Мысалы, Асқар Алтайдың «Кентавр» әңгімесінің мәтініндегі құлын-сәби, құнан-жігіт, жылқы-жігіт образын ашатын цитаталар арқылы кентавр бейнесіндегі каллиграмма жаса деген тапсырмада оқушы икемділік, өзгеше ойлау, жағдайға бейімделе отырып жинақталу сияқты әрекеттерді жүзеге асырады.

Каллиграмма – сөз, сөз тіркесі, сөйлем немесе өлең түрінде берілген графикалық сурет. Оқушылар кентавр суретінің ішіне шығармадан кейіпкер образын ашатын сөздер мен сөз тіркестерін жазып шығады. Бұл жерде мұғалімнің негізгі мақсаты - кейіпкер образымен жұмыс істеу, шығармадан мысал келтіре алу мақсатын сурет арқылы оқушының өзгеше ойлауына бағыт береді, балама жасауға итермелейді.

Осы тапсырманың ұқсас түрін жүзеге асырып көрейік. Ол тәсіл – сөздегі сурет, дудл деп аталады. Дудл нұсқаулығы:

- Үзіндіні оқи отырып, Көксеректі сипаттайтын сөздер мен сөз тіркестерін белгіле (астын сыз, қорша, басқа түспен белгіле)
- Көксеректі сипаттайтын сөздер мен сөз тіркестері арасындағы байланысты ашатындай креативті сурет сал.
- Көксеректі сипаттайтын сөздердің автор идеясын жеткізудегі рөлін талдап, өз жұмысыңды таныстыр.

«Әсерді жадымызға бекітетін ол әсер арқылы болған қозғалыс қана,...әсер амалға (іске) айналмай бекімейді. Неғұрлым бір әсер бізді сөйлеуге, істеуге көбірек итерсе, бізді қоздырса, соғұрлым ондай әсер ұзағырақ сақталады» дейді Жүсіпбек Аймауытов. Ал әдебиет сабағында көркем шығарманы креативті тапсырмалар арқылы креатив ойлауға үйретуде мұғалімнің әсерді бала бойында бекітуі, оны тапсырма арқылы әрекетке айналдыруы өте маңызды.

5-қадам. Креативті экспрессия.



Суретке мұқият қара. Суреттегі достықтың көрінісі «Қыз Жібек» операсында қалай көрініс тапқан?

- Әлде жырдағы көрінісі осы суретті аша ала ма?
- Суретте көтерілген мәселе мен операдағы конфликт қазіргі заманда өзекті бола ала ма?

«Опера (көркем шығарма) негізінде үш нәрсені көрсетіп, суреттен қорытынды шығарып жаз» деген тапсырма көркем шығармада көтерілген мәселені креативті суретпен байланыстыру арқылы Бекежан мен Төлеген арасындағы операда берілген тартыс, қақтығыс табиғаты бойынша оқушының опера жанрын, табиғатын түсінуге бағыттайды.

Креативті экспрессияға бағытталған бұндай тәсілді Мағжан Жұмабаев «Бір пәнді бөлек-бөлек қылып, бірақ бірте-бірте зор қылып байлап, басқыштап, кеңейтіп оқыту. (Ұқсастық ассоциациясы)» деп атайды. б-қадам.

Сыни ойлаудан шығармашылық ойлауға өтуге негіз болатын жұмыстың бір түрі - проблемалық кейс: мәселені зерттеп, бірнеше шешім ұсыну.

Оқушыға төмендегідей кейс ұсынылады:

Тоғжанның жасы 26-да. Ата-анасы соңғы кезде қатарластары немере сүйіп, жиен жетектеп жүргенін, соларға қарап армандайтынын айта бастады. Бұл сөз қызының көңіліне жаға бермейді, тіпті бір күні тұрмысқа әлі асықпайтынын жариялады. Жақында ғана бала орнына ит жетектеп жүрген жас отбасыны көріп қынжылған еді, бүгін өз басыма түсті ме деп жер болды. Баласының тандауымен келісе алмаған ата-ана өздерін кінәлап, себептерін іздеуде...

Тоғжанның тұрмыс құруға асықпау себептерін анықтаңдар.

Әлемде бұл үрдіс кең етек жаюы мүмкін бе?

Осындай оқиғалардың себептерін қалай түсіндіруге болады?

Біздің елімізде осындай жағдайлар кездесе ме?

Халық санына қалай әсер етуі мүмкін

Әлде экологиялық мәселелерді шешудің бір жолы бола ала ма?


Осы мәселелерді зерттеп, жан-жақты талдап, бірнеше шешім ұсыныңдар

Оқушы жауаптарынан байқап отырғандарыңыздай, кейіпкердің отбасы болуға асықпау себептеріне жауапкершіліктен қашу, білім алуға көп уақыт жұмсаудың қажеттілігі, қазір заманның өзгергенін айтса, салдарын отбасылық құндылықтардың әлсіреуі, демографиялық өсудің төмендеуі, кейіпкердің ата-анасымен қарым-қатынасының нашарлауы сияқты қарым-қатынастық, психологиялық салдарын да көрсетеді

Шешім әртүрлі: отбасылық құндылықтарды күшейту, кейіпкердің тандауын сыйлау, ата-ана мен баланың қарым-қатынасын нығайту.

Ойымызды Мағжан Жұмабаевтың «Бір сабақтан бала күшті әсер алу үшін, баланың сол сабаққа құмар болуы шарт. Баланы құмар қылу үшін мұғалім өзі құмар болуы керек» сөзімен қорытындылай келе, бізден де бірер ой қостық. Құмарлық креативтілікке әкеледі.

## КРЕАТИВТІ ЖАЗЫЛЫМНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТИГЕ ӘСЕРІ



Креативті жазылым – ХХІ ғасырдағы сұранысқа ие дағдылардың бірі.

Бұл – шығармашылық, табандылық және сөздік қордың молдығы, жазу сияқты бірнеше дағдылардың жиынтығы. Креативті жазылым – өмірлік тәжірибеге, қиялға сүйеніп жүзеге асатын жазутүрі. Креативті жазылым аналитикалық ойлауды және шығармашылықты қалыптастыратын күрделі интеллектуалды әрекет болып табылады.

### **Альберт Эйнштейн**

*«Креативті жазылым – интеллект үшін маңызды» өзін-өзі танытуға көмектесетін тамаша тәсіл. Оқушылардың когнитивті дамуын және жазу, ұйымдастырушылық, қарым – қатынас дағдыларын дамытады.*

### **Casewell, 2008; Ozbell, 2006 және Smith, 2005**

*Оқушылар жазу процесін неғұрлым көп меңгерсе, соғұрлым олар өз ойын жүйелі жеткізе алады.*

### **Павличак, 2015**

*Креативті жазу-жазу дағдыларын жетілдірудің ең жақсы тәсілі.*

Шығармашылықты әртүрлі мамандықтарда, салаларда қолдануға болады. Шығармашылық интеллект маңызды, өйткені ол жалпы қоғамға пайдалы болуы мүмкін бар проблемалардың инновациялық шешімдерін әзірлеудің кілті болып табылады. Әсіресе, 2020 жылы басталған жаһандық пандемиядан кейін шығармашылық табысты болудың, өмір сапасының артуының және психикалық денсаулықтың дифференциалы ретінде негізгі дағды екендігіне көз жеткіздік.

### Интеллектіге әсері



Интеллект психологиядағы ең көп талқыланатын тақырыптардың бірі, бірақ стандартты анықтамасы жоқ. Кейбір зерттеушілер интеллект біртұтас жалпы қабілет деп есептейді. Интеллект бірқатар қабілеттерді, дағдыларды және таланттарды қамтиды деп дәлелдейді. Қазіргі уақытта интеллектіні зерттеп жүрген сарапшылар да интеллект логика, пайымдау, мәселені шешу және жоспарлау сияқты ақыл-ой қабілеттерін қамтитынымен келіседі.

#### **Ваггон:**

*Интеллект - бұл салыстырмалы түрде жаңа және өзгертін орталарға үйрену, бейімделу қабілеті.*

#### **Вечстер:**

*Интеллект - бұл әлемді түсіну, ұтымды ойлау және қиындықтарға тап болған кезде ресурстарды тиімді пайдалану қабілеті.*



### **Вудворт және Маркиз:**

*Интеллект дегеніміз – интеллектті пайдалану.  
Бұл жағдайды шешу немесе тапсырманы  
орындау үшін интеллектуалдық қабілеттерді  
қолдана білу*

Интеллект – білімді меңгеру, тиімді ойлау және пайымдау, қоршаған ортаға бейімделу қабілеті. Бұл ақыл-ой қабілет оған өмірде кезлесетін қиындықтар мен проблемаларды шешуге бейімдеуге, күресе білуге, қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғаларды теориялық, практикалық түрде басқаруға көмектеседі.



Шығармашылық жазылым - бұл барлық жастағы балаларға пайдалы әрекет.

### **Оқу процесі жақсартады**

Шығармашылық жазылым - оқушы өзінің қабілетін танудың және үйренудің қызықты тәсілі. Бұл тек көркем сөйлеу ғана емес, сонымен қатар жаңа нәрселерді үйрену кезінде мидың жұмысын жақсарту. Шығармашылық жұмыс процесі есептерді шешу әрекетіне өте ұқсас: мәселенің шешімін табуға септігін тигізеді.

### **Оқушыларға барлық пәндер бойынша көмектеседі**

Жазуды үйрену ғана емес, ол басқа адамдардың жазғанын түсіну және талдауға да үйретеді. Шығармашылық жазу оқу дағдыларын жақсартады, себебі қызықты сюжеттері бар әңгімелерді оқу арқылы жаңа сөздерді жақсы түсінеді. Шығармашылық жазу математикалық дағдылардың қалыптасуына да көмектеседі. Көптеген балалар математикалық амалдарды шешкенде, оқиғалар мен адамдардың іс – әрекеті тұрғысынан ойлайтыны анықталды,

сондықтан шығармашылық процесс оларға математикалық ұғымдарды оңайырақ түсінуге көмектеседі.

### **Қарым-қатынас дағдылары артады**

Шығармашылық жазу сонымен қатар оқушыларды өз ойларын анық және нақты жеткізуге үйретеді. Шығармашылық жұмыстарды орындау барысында балаларды ынтымақтастыққа үйренеді. Бұл оларды өмірде ұжыммен жұмыс істеуге дағдыландырады, әріптестерінен үйренуге және үйретуге қалыптасады.

### **Тілдік әсері**

Шығармашылық жазылым оқушылардың сөздік қорын кеңейтуге және үйренген сөздерін өмірде қолдануға жаттықтырады, сонымен қатар, жаңа сөздерді үйренуге, тыныс белгілерін дұрыс қоюға, жазу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.


### **Сыни ойлауға және эмпатияға үйренеді**

Креативті жазу үшін алдымен шығармашылықпен ойлау керек. Шығармашылық ойлау – балалар үшін құнды дағды. Шығармашылық жазу – оқушылардың сыни ойлауы мен эмпатияны дамытудың тамаша тәсілі болып табылады және жазу барысында өзін-өзі тануға үйренеді.

Ең бастысы, шығармашылық жазу оқушылардың қиялын, танымдық қабілеттерін дамытады. Өз ойларын нанымды, жүйелі жеткізуге және аудиторияның назарын аударуды үйренеді. Оқушы өзін басқа адамның орнына қойып, өз кейіпкерлерінің ішкі сезімін, өмірлік жағдайын түсінуге тырысады. Бұл балаларға өмірлік жағдайлар мен мәселелерді шешуге көмектеседі және затты, құбылысты, мәселені басқа қырынан қарауға, басқа көзқараспен қабылдауға көмектеседі. Сонымен қатар, шығармашылық жазу балалардың өзіне сенімділігін және қарым-қатынас дағдыларын дамытады. Креативті жазуды кедергіні жеңуге және мәселелерді шешуге, мидың жұмысын жақсартуға көмектесетін интеллектуалды жаттығу деуге болады.

### **Креативті жазылымның түрлері**

Шығармашылық жазу көптеген жанрлар мен стильдерді қамтиды. Шығармашылық жазудың бірнеше кең тараған түрлері: поэзия, проза, телебағдарламалар, фильмдер мен сериалдар сценарийлері, әндер, естеліктер, эсселер, күнделік жазбалары, тіпті анекдоттар да жатады.



## Креативті жазылымға тән сипаттар:

- Таза фактілер мен ақпаратты емес, ойды, идеяны, қиялды, эмоцияны жеткізу;
- Оқырманды жалықтырмай, ақпаратты оңай түсіндіруге бағытталады;
- Эмоциялық және көрнекі тартымдылық;
- Жеке көзқарасты және негізгі ойды жеткізеді;
- Нақты құрылымы мен арнайы ережесі жоқ.

## Шығармашылық жазудың тәсілдері

Жазу тәсілі - автордың өз ойын аудиторияға тиімді және мағыналы етіп жеткізу үшін қолданатын стилі.

Шығармашылық жазу тек мәтін құрастыру ғана емес, жазуды нанымды етіп, оқырманның назарын аудару мақсатында көркемдеуіш құралдар мен жазылымның түрлі әдістерін қолдану арқылы қол жеткізіледі. Креативті жазылым сөз арқылы қоршаған әлемді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Жазылымның төрт тәсілі бар: баяндау, сипаттау, түсіндіру және дәлелдеу. Шығармашылық жазуда бұндай тәсілдерді қолданудың белгілі бір мақсаты бар.



• **Түсіндіріп жазу.** Бұл – жазудың ең көп тараған түрі. Түсіндіріп жазу оқырманға бір нәрсені хабарлау, түсіндіру үшін қолданылады. Автордың жеке пікіріне сілтеме жасамай, логикалық тәртіпте баяндалады және оқырманның «Не? Неге? Қалай?» деген сұрақтарына жауап береді. «Түсіндірме» жазылымда оқырманның түсінігін тереңдету үшін белгілі бір тақырып бойынша қажетті фактілерді ұсынады. Оны мақалалардан,

іскерлік және техникалық жазбалардан, эсселерден, нұсқаулықтардан көруге болады.

- **Сипаттап жазу** көбінесе шығармашылық жазу түрлерін қамтиды. Сипаттап жазудың мақсаты – оқырманға кейіпкерді, оқиғаны, оқиға орнын, мезгілін елестету, сезіндіру. Оны көркем әдебиеттен, поэзиядан, мақалалар және жарнамалардан кездестіре аласыз.

- **Баяндап жазу** – шығармашылық жазудың кең тараған түрі. Өңгімелеп жазудың мақсаты – шынайы немесе ойдан шығарылған оқиғаны баяндау. Оны көркем әдебиетте, поэзияда, өмірбаяндарда, анекдоттарда кездестіруге болады.

- **Дәлелдеп (сендіріп) жазудың** мақсаты – оқырманға автордың көзқарасын қабылдауына ықпал ету. Автор шығармада өзінің жеке пікірін білдіріп, оқырман онымен келісетіндей дәлелдермен қаруландырады. Дәлелдеп жазу оқырманды автордың көзқарасымен келісуге итермелеуді мақсат етеді. Ол жарнамада кеңінен қолданылады және сонымен қатар, мақалалардан да көруге болады.

Креативті жазылым балаларға болашақта қажет дағдыларды дамытуға көмектеседі. Балаларды шығармашылық ойлауға үйрете отырып, өмірлік тәжірибесін арттырады.

Меңдібаева Салтанат Аблахатқызы  
Асемова Рауан Саметқызы  
Мұса Анизат Сейдазымқызы  
Бухарбаева Гулсара Алиевна  
Зияхан Ақерке Алмасбекқызы

## **КРЕАТИВТІ ЖАЗЫЛЫМДАҒЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**

«Әдіс» деген сөз гректің "metodos" деген сөзінен шыққан. «Метод» ұғымы белгілі ақиқатқа, шындыққа, мақсатқа жетудің жолдары деген мағынаны білдіреді. Әдіс – мақсатқа қол жеткізетін жол, тәсіл, белгілі жолмен тәртіпке салынған іс-әрекет. Оқушыларға білім берумен қатар дағдыларын дамыту мақсатында мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жасайтын қызметі мен қарым-қатынасының тәсіл-амалдары.

Білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнін оқыту тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытуға негізделген. Осы дағдылардың ішіндегі ең күрделісі – жазылым дағдысы, себебі білім алушы тыңдалым, айтылым, оқылым дағдыларын меңгергенін жазылым арқылы бекітіп отырады. Оқушылар жазба жұмысы арқылы барлық дағдыларда меңгерген білімдерін көрсетеді. Айтылым еркін қолайлы табиғи орта мен баланың қажеттілігіне сәйкес болғандықтан оңай меңгеріледі, ал жазба барысында ондай ішкі қажеттілік туындамайды, кейде неліктен жазу керек деген де ой да келеді. Ол жазылымның ерекшеліктеріне, өзіндік шартты заңдылықтарына байланысты.

Оқушылардың жазылым тапсырмаларын орындау кезінде шорқақтық танытатынын өз тәжірибемізден де көріп жүрміз. Жазуда сөйлемдерді байланыстыра алмау, ойды шашыраңқы, жүйелі жеткізе алмау, сөздердің қайталанулары сияқты олқылықтар кездеседі. Осы олқылықтарды болдырмау ғана емес, креативті ойлау арқылы шығармашылық өнім беру үшін мұғалімге әдіс-тәсілдерді жетілдіру маңызды.

Біз, зерттеуге қатысқан әріптестерімізбен жазылымды меңгертудің түрлі әдіс-тәсілдерін жетілдіріп, зерттей отырып сабақтарымызда қолдандық. «Шығармашылық жазылымды қалай дамытуға болады?» - деп ойлана келе, зерттеу тақырыбын «Әңгіме жанрының құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшелігін ажырату: шығармашылық жазылым. Әңгіме жазу» тақырыбында алдық.

«Креативті» деген сөз – туынды, шығармашылық, іздену және жаңа туындымен жасаумен ерекшеленетін ұғым. Жазылымның көркем және деректі шығарма, өлең сияқты түрлері өте көп. Креативті жазылымда не жазсаңыз да жазылым дағдыңызды шыңдап, жаңа идеялардың туындауына ықпал етеді. Зерттеуді оқушыларымыздың жазылым тапсырмаларын орындау барысында кеткен қиындықтарының себебін анықтаудан бастадық, ең алдымен сауалнама жүргіздік.

Сауалнама анализі.

1. Қызықты оқиғаларға жазғым келеді деген жауаптың басым болуы оқушының жас ерекшелігіне сай (орта буын) қызығушылығы шытырман оқиғалы ғажайып әңгімелерге деген қажеттіліктен туындаған. Бұл оқушыны көркем әдебиеттің де проза жанрын ерекше ұнатып, әлемді танитын кезде және осы кезде әңгіме жанрының ерекшелігін меңгерте отырып жазуға бағыттаудың тиімді кезеңі.

2. Екі адам сөйлесуі әңгіме бола ма? деген сұраққа оқушының жауабы әртүрлі. Бірі әңгіме бола алмайды десе, біреуі қарсы ой айтқан. Бұдан байқайтынымыз – оқушылардың тәсілді жанр ретінде қабылдайтындығы. Бұл көрініс 7-8 сыныпта өзгереді, себебі мұғалім жүргізген жұмысы нәтижесінде монолог, диалог кейіпкер табиғатын ашудағы автор қолданған тәсілдердің бірі екендігін пайымдайды.

3. Әңгіме құрастырудағы жоспардың маңызы туралы сұраққа оқушылардың басым көпшілігі «иә» деп жауап беру арқылы оқушы үшін іс-әрекеттің нақтылығы, түсініктілігі, жоспарлы болуы маңызды екенін байқатады, екінші жағынан бұл оқушы қиялын белгілі бір бағытта жүйелейді.

Сауалнаманың назар аудартар тұсы оқушыларымыздың әңгімені жанр ретінде ерекшелігін білетіндігінде.

Туындап тұрған мәселе негізінде теориялық тұрғыда білгенімен әңгіме жазуда түрлі кедергілерге тап болады. Кедергілерді жою үшін төмендегідей тапсырмалар беріп, әдісімізді өзгертіп көрдік.

Төмендегі кесте арқылы оқушыларды алдын ала даярлап алу үшін әңгіме жазудың қадамдарын үйреттік. Оқушылар кестені толтырады, әңгіме жазу барысында кестедегі мәліметтерді пайдалану ұсынылады. «Әңгіме кейіпкерінің сауалнама парағы» әдісі оқушыларға әңгіме жазуда тиімді болды. Оқушылар әңгіме жазуда аты, жасы, сырт келбеті, мінезі, кемшіліктері секілді детальдарға мән береді. Бұл – жазылымалды тапсырмасы, оқушының әңгіме жазуға дейінгі ойларын жинақтап, елестету қабілетіне үшқын түсіреді.

Әңгіме кейіпкерінің сауалнама парағы	
Аты:	
Жасы:	
Сырт келбеті:	
Мінезі:	
Адамгершілік қасиеттері:	Кемшіліктері:
Кейіпкерге қатысты басты мәселе:	
Достары:	Дұшпандары:

«Кейіпкерге сипаттама беру» кестесінен оқушылар әңгіме жазу кезінде пайдалануға болатын қажетті сөздерді алады. Оқушылар әңгімені жалаң жазбай, сипаттау сөздерді қосып үйренеді, бұл сипаттау сөздер оқушының тіл байлығын, сөздік қорын байытуға үлкен әсер етеді. Сонымен бірге кейіпкерге сипаттама беру кестесін толтырып отырып, өзгеше идея туындап, детальдарды алға шығару, оқырман назарын детальға аударту

Кейіпкерге сипаттама беру

Кейіпкердің есімі;

Кейіпкердің лақап аты;

Кейіпкердің туыстары мен жақындарының атауы;

Басқа кейіпкерлермен туыстық қатынасы;

Жасы. Мамандығы, оның кейіпкердің ішкі және сыртқы бейнесіне әсер етуі;

Сөйлеу ерекшеліктері (тіл кемістіктері, акценті бар ма?);

Үнемі қолданатын сөздері, сөз тіркестері;

Мінез түрі (шорт, өр, қатаң, ауыр, т.б)

Бойы, дене бітімінің ерекшелігі;

Шашы «ұзындығы, түсі, шаш үлгісі»;

Көзі: түсі, көлемі, ерекше белгілері (бота көз, көккөз, сығыр көз, жалғыз көзді, соқыр, қыли т.б.);

Мұрны, аузы, тістері;

Сақал-мұрты, құлағы, қалы;

Қол-аяғының ерекшелігі;

Әдеттері (дене қимылына қатысты);

Киім кию үлгісі;

Үнемі ұстап жүретін заттары.

Жазылымды жақсартуда пайдалы әдістердің бірі – «трансформациялау» әдісі, яғни суретті мәтінге айналдырып әңгіме құрастыру. Берілген суретте құланның құлындарымен тұрғаны, браконьерлердің мылтықпен атып жатқаны, қасқырлардың бір құланды жұлқылап жеп жатқаны сияқты фотолар салынған. 7-сыныпқа суретпен қоса тірек сөздерді (құлан-жабайы жылқы, браконьер, инспектор, ақсақал, Қызыл кітап, «Алтын емел») қолданып сурет бойынша мәтін құрауға тапсырма берілді. Оқушыларға мәтін мазмұнынан ауытқымай, тақырыпты ашу үшін тірек сөздерді беру маңызды. Бұл әдіс оқушыларға оң өзгеріс әкелді.

Жазған 16 оқушының он бірі мәтінмен қоса сурет салған. Сурет салу тапсырмада берілмесе де, оқушылар қосымша сурет салып, ол арқылы өз эмоциясын көрсете білген. Оқушылардың алды 175-190 сөзден тұратын мәтін құраған. Барлық оқушылар бұрынғы құрастырып жүрген мәтіндерге қарағанда сөздік қорын 20-25 сөзге артық жазған. Осы әңгімені жазу барысында оқушылардың креативті ойлау қабілеттерін дамытуға суретпен жұмыс жасаудың тиімділігін байқадық. Оқытудың осы әдісі оқушыларды жазылымға жетелейтін тиімді тәсілдердің бірі деп айтуға болады. Оған себеп мұғалімнің әдістерді тиімді таңдауы. Оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты әдісті таңдай білуі де маңызды, бұл жастағы балалар комикс сияқты қысқа жанрдағы әңгімелерге қызығатыны белгілі болды.

## **МОНОЛОГ ЖАЗУ - ОҚУШЫЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТӘСІЛІ БОЛА АЛА МА?»**

«Может ли написание монолога быть способом улучшить  
креативное мышление учащихся?»

«Can writing a monologue be a way to improve students' creative thinking?»

Аннотация

Қазақ тілін оқыту әдістемесіндегі монолог жазу тәжірибесін зерттеу туралы айтылған.

Речь идет об изучении практики написания монологов в методике преподавания казахского языка.

Annotation

It is about studying the practice of writing monologues in the methodology of teaching the Kazakh language.

Түйінді сөздер: монолог, жазылым дағдылары, кіру сауалнамасы

Ключевые слова: монолог, навык письма, вступительный опрос

Keywords: monologue, writing skill, introductory survey

Қазіргі заман талабына сай білімді, жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлғаның қалыптасуында жазылым жұмыстарының маңызы ерекше. Осы ретте, қазақ тілі мен әдебиетті оқыту барысындағы негізгі міндеттердің бірі – оқушыларды көркем де сауатты жазуға дағдыландыру, еркін ойлауға, қиялдай білуге, алған теориялық білімдерін практикада қолдана білуге үйрету, шығармашылық шеберліктерін шыңдап, өз бетінше ізденуге баулу болып табылады. Педагог-ғалым Серік Мақпырұлы жазба жұмысын жүргізудегі педагогикалық мақсатты таптаурын ойлаудан творчестволық ойлауға тәрбиелеу, өмір, қоғамдық даму, тарих, адамдық асыл қасиеттер хақында өзіндік ой түйуге, азамат ретінде толғануға баулу, тіл, ой байлығын молайтудың, сезім сергектігін тәрбиелеу жолы деп қарастырады. [1,43].

Қазақ тілін оқыту әдістемесіндегі ең өзекті мәселелердің бірі-монолог жазуды оқыту дер едім.

Монолог – сөйлеуші өз ойын бір, бірнеше, көп адамдарға арнап айтатын ауызша сөйлеу әрекеті. Монолог тек қана ауызша сөйлеу ыңғайында бола бермей, жазбаша түрде де кездеседі. Екі жағдайда да негізгі ерекшелігі - бір адамның сөйлеуі немесе бір адамның ойы. Шығармаларда авторлық баяндау көп ретте кейіпкерлердің көзімен, ойымен беріледі. Сондықтан бұл баяндауда тосын сипаттамалар, астарлы атаулар аз кездеспейді [2, 84]. Кейбір ғалымдардың пікірінше, монологтің белсенді болуы сұрақтардың жиі ұшырасуына және тікелей қарата сөйлеу арқылы тыңдаушылар мен оқырмандарды сөйлеуші немесе жазушы өзінің ойына



етене араластыра алады. Монологтің бір көрінісі ретінде көркем шығармада, әсіресе, прозалық дүниедегі авторлық баяндау, бір жағынан, әдеби тілді ауызекі сөйлеу тіліне біршама жақындатады. Демек, монолог туралы сөз болғанда, тек мысалдарды келтіру бір жақты болады. Ғылыми баяндамада да, көпшілік алдында сөйлегенде де, екеу, үшеуара сөйлескенде де, монолог жазуға болады.

Ал, оқушылардың көпшілігі өз ана тілдерінде ішкі ой-сезімін, құпия сырларын суреттеп, еркін жазбаша монолог ретінде жеткізуде қиналатындары рас. Сондықтан сабақ беріп жүрген 9-сыныпта монолог жазуларын дамыту міндеті тұрды. Күтілетін нәтиже оқушылар, мұғалім, мектеп үшін артықшылық жағы ескеріліп белгіленді. Оның ең маңызды бөлігі болып мәтінмен, әдебиеттермен, тапсырмалармен жұмыс жасау болды. Оларға тоқталатын болсақ, белгілі бір тақырып бойынша оқушының жазылымы немесе сипаттама беруі, берілген сурет бойынша жазылым, фильмнің үзіндісін айтып беруі, жеке сөйлеу түрлері түгелдей монологтік сөйлеу, жазу түрінде жүзеге асады.

Ол тапсырмалар белгілі бір тілдік амалдарды тірек етуге байланысты бірнеше түрге бөлінеді:

1. Белгілі бір сұрақтарды тірек ретінде қолданып берілетін тапсырмалар бойынша оқушылар белгілі нақты сұрақтарға бірнеше сөйлеммен өз ойларын жеткізіп жауап бере отырып монолог жаза алады. Мұндай жағдайда сұрақтар логикалық жүйеге сыйыстырылып берілуі тиіс

2. Баяндау, сипаттау түрінде (суретті, фильмді тірек ете отырып немесе ешқандай тірексіз) таныс тақырыпқа монолог жазу.

Сонымен бірге тәжірибеге өзгеріс енгізуге қажетті әдіс-тәсілдер іріктелді.

Олар монолог жазуда тапсырмаларды түрлендіруге, мәтін желісін анықтауға бағытталса, монолог жазуға бағдарламада бөлім бойынша ұсынылатын сөздер қатары зерделеніп, бөлім аясында меңгерілетін сабақ тақырыптары анықталды. Зерттеу үшін қолайлы болып табылатын келесі құжаттар анықталды:

- Кіру сауалнамасы
- БЖБ, ТЖБ нәтижелері
- Сауалнама, сұхбат алу
- Оқушы жұмыстарының үлгілері
- Чеклист парақтары

Әрекет жоспарын құру үшін қазақ тілі мұғалімдерімен кәсіби әңгіме, сұхбат өткізілді. Қойылатын сұрақтар тізбесі жасалды. (слайдта) Сұхбаттасу әріптестеріміздің тиімді деген тәжірибесімен танысуға мүмкіндік берді. Сұхбаттасу қорытындысы және оқушылардың жұмыстары анықтамасы негізінде ықпал ететін әрекеттер тізімі құрастырылды. Жиналған деректер негізінде қандай әрекеттер жасалады? Монолог жазу қалай іске асырылады? деген сұраққа ең алдымен, әр бөлімде меңгерілетін жазылым түрлері нақтыланып, монолог қана емес оқылым, айтылым, тыңдалым ресурстары

да қатар жүріп отырды. Оқушыларға берілетін оқылым мәтіндері, тыңдалым тапсырмалары да іріктелді, соның ішінде монолог жазу кездесетіні анықталып отырды.

Зерттеу сұрағын тұжырымдау мақсатында оқушылар арасында кіру сауалнамасы жүргізіліп қазіргі сыныптың шынайы оқуы туралы деректер анықталды. Нәтижесінде сабақ барысында тапсырмалар орындау түрінде 9 сынып оқушыларынан кіру сауалнамасы алынды. Оқушыларға екі сұрақтан тұратын тапсырма ұсынылды:

1) таңдалған жағдаятты талқылау үшін көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған сұрақтар құрастыру;

2) суретті/фотосуретті сипаттап монолог жазу.

Бұл бақылау 23 оқушының коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтауға бағытталған, атап айтқанда ол жағдаят бойынша ең маңызды ақпаратты қамтитын сұрақтарды қалай құрастырады; фактілер/оқиғалар туралы мысалдар, дәлелдер келтіре отырып, қорытынды жасай ала ма? сондай-ақ оқушының өзінің монолог жазуын жоспарлай алатынын анықтау; Жағдаяттан шыға ала ма немесе тақырыпты аша ала ма? Тақырыпқа қатысты сөздерді дұрыс таңдай ала ма? Сурет бойынша ой қозғай ала ма?

9-сыныптың 23 оқушысы кіру сауалнамасынан өтті: Оқушылардың барлығы бірдей тапсырманы толық орындай алмады. 23 оқушының тек 2-уі ғана тақырыпты толық ашып, тапсырманы орындап, жауабы үшін 10 ұпай жинады. 7 оқушы екіден көп емес лексика-грамматикалық қателіктер жіберді, 9-8 ұпай тақырыпты ашуда жеңіл қателіктер жіберді.

Ұпай саны	Оқушы саны
10 балл	2
9 балл	3
8 балл	4
7 балл	7
6 балл	2
5 балл	1
4 балл	3
3 балл	1



9 оқушы тапсырманы ішінара орындады, тақырып шектеулі көлемде ашылды. Оқушылар екіден көп лексика-грамматикалық қателіктер жіберді, осылайша 6-7 ұпай жинады. Қалған 5 оқушы тапсырманы талап бойынша орындай алмады, қарым-қатынас мақсатына қол жеткізілмеді, монолог көлемі талаптарға сәйкес келмеді, жазылымда көптеген өрескел қателіктер жіберілді, бұл 5-4-3 ұпайға сәйкес келеді.

Кіріс сауалнамасының нәтижелері төмендегі кестеде келтірілген (1-кестені қараңыз). 1-кесте кіріс сауалнама нәтижелері. Кіріс сауалнама нәтижелерінің деректеріне сүйене отырып, сыныптағы оқушылардың көпшілігі тапсырманы ішінара орындағанын немесе мүлдем орындамағанын, өз ойларын, көзқарастырын жеткізуде сөз байлықтары аз болғанын, ішкі ойын жеткізе алмайды деген қорытынды жасауға болады. Сонымен зерттеу сұрағы «Монолог жазу оқушылардың креативті ойлауын жетілдірудің тәсілі бола ала ма?» деп алынды.

Енді біз осы қателіктерді жою мақсатында оқу сабақтары барысында өзіміз әзірлеген стратегиялық тәсілді қолдана отырып, монолог жазу дағдыларын дамыту жоспарларын қолдандық, оқушылардың деңгейіне сәйкес келетін түрлі тапсырмалар орындадық. Оқушылар әртүрлі тапсырмаларды орындауға қызығушылықпен қатысты, өйткені бұған дейін қазақ тілі сабағында монолог жазу дағдыларын дамытуға көп көңіл бөлінбеген еді. Оқу-әдістемелік құралдарда әдетте монолог жазу дағдыларын қалыптастыруға арналған әртүрлі тапсырмалар жоқтың қасы. Сондықтан оқушының өз білімін көрсетуіне, мүмкіндігін танытуына, қабылдауы, ой-қиялы, тіл шеберлігі сынды жан-жақты қабілетін көрсетуіне тиімді тапсырмалар беруге тырыстық. Монологтің сәтті болуы, мақсатқа жетуі үшін тақырыпқа ерекше көңіл бөлген дұрыс. Яғни, монолог тақырыбы оқушының қиялына, шығармашылық ойлауына түрткі болатындай ұсынылғаны тиімді. Көркем сөздің қуатын жандандыра отырып, монологтің реңін келтірудің өзі, ой мен сөзді бір арнаға тоғыстырып, ең бастысы сыни көзқарасын таныту, өз ойы, өз пайымдауы, ой қорытындысын жасай алуы қажет. «Баланың өзіне деген сенімін туғызу, өзінен шығармашылық қасиет, қабілет іздете білу, өмірден өз орнын, лайықты, дұрыс, таза орнын тапқыза білудің қаншалықты қиын екені де түсінікті.», – дейді Қ.О. Бітібаева [1,43]. Монолог жазуға дайындық тақырыпты анықтаудан және монологтің құрылымын нақтылаудан басталуы керек. Тақырып таңдалған мәселенің бір жағын қамтуы керек. Тақырып таңдау кезінде келесі принциптерді қолдандық:

\* Тақырып бойынша жан-жақты хабардар болып, басқаларға қарағанда сол тақырыпты оқушының жақсы білуі;

\* Тақырып оқырманның қызығушылығын оята алатындай болуы;

\* Көтерген мәселенің өзекті болуы;

Тақырыптың атауы негізгі талаптарға сай болуы керек, атап айтқанда: мәселенің маңыздылығын көрсету; айтар ойыңды қысқа және нақты жазу; оқырманның назарын аудару. Қандай да бір тақырыптың ашылуы сол

тақырып жеткілікті түрде меңгерілген болса ғана мүмкін болады. Монолог мақсатына жету үшін өзіңізге үнемі сұрақтар қойыңыз:

1. Мен мұны не үшін жазамын?
3. Оқырмандар нені түсінуі керек?

Мысалы, оқушыларға фотосуретке сипаттама монолог жазу тапсырмасы берілгенде фотосуретті сипаттау үшін көмекші сөздер беруге болады:

#### КІРІСПЕ

- Бұл суретте ... бейнеленген.
- Бұл сурет - жанрлық бейнелеу...
- Бұл суреттен ... байқаймын
- Егер суретке мұқият қарайтын болсақ ... байқаймыз т.б.

#### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

- Суретті түсірудегі фотографтың мақсаты...
- Фотограф нақты қандай сурет жасаған?...
- Қандай сәттің бірін түсірген?...
- Фотограф басты назарын ... аударады
- Суреттің фоны...
- Көрерменнің назарын ... аударады

#### ҚОРЫТЫНДЫ

- Фотосурет автордың ... көзқарасын көрсетеді.
- Фотосуретте түсірілген сурет белгілі бір ... көңіл-күйді көтереді...
- Сипаттаманы аяқтай отырып, Мен атап өткім келеді...
- Фотосуреттің маған әсері ...
- Фотосурет мені ойға қалдырды...

Оқушының тәжірибеде алған білімін шығармашылық қабілетімен ұштастыра отырып, жеткізе білу шеберлігін талап ететін тапсырмалар түрлері қолданылды.

Қорытындылай келе, жазба жұмысының монолог жазу түрі тұлғаның өз мүмкіндігін, шығармашылық ойлауын танытуға жол ашады. Монолог жазу әрекеті оқушының жеке ізденісіне, білімін өз еркімен қолдануының негізін қалайды. Ең бастысы, монолог жазу әрекетіне төселеді, тұлғаның ой еркіндігіне, ауызша, жазбаша сөйлеу тілінің дамуына түрткі болады. Оны біз оқушылардың кіру сауалнамасынан кейін алынған тапсырмаларды орындауларынан байқадық. Берілген тапсырмаларды орындауларында жаттандылық, бірізділік талаптары байқалмады, керісінше жеке тұлғаның ішкі мүмкіндігінің ашылуына, креативті ойлау, шығармашылық қабілетін танытуға ықпалы зор болды. Сондай-ақ, монолог жазуға деген қызығушылықтарын байқадық. Ең бастысы, тұлғаның өзін-өзі тану, өзін-өзі таныту сынды ішкі мүмкіндіктерін жетілдіріп, дамыту үшін монолог жазудың маңызы зор.

#### **Қолданылған деректер тізімі:**

1. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқыту = Углубленное изучение казахской литературы: әдістемелік нұқау. – Алматы: 1997. – 43 б.
2. Сыздық Р. Сөз құдіреті = Сила слова — Алматы: Санат, 1997–84 б.
3. <https://kk.wikipedia.org/>

А.Н.Тайботанова  
И.С.Маинова  
Т.А.Сатбекова

## **ОҚУШЫНЫҢ ЕҢБЕГІН МАДАҚТАУ ОҚУ ЫНТАСЫНА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?**

Мақалада оқушылардың сабақты оқуда туа біткен қабілетке сенім артатыны, тіпті бұл оймен көбіне ата-ана мен мұғалімнің де келісетіні іс-әрекеттегі зерттеу тұрғысынан талқыланған. Зерттеу барысында оқушының шектеулі ойлау үлгісінен өсуге бейім ойлау үлгісіне өтуінің 7 әдісі тұжырымдалды. Оқушының кемшіліктеріне емес, әсіресе ынтасы мен прогресіне аса мән беру және сол сәтте ұтымды фразаны қолданып немесе тиімді кері байланыс жасаудың маңызы қарастырылды. Сапалы позитивті кері байланыс беру және баланың қиындықты еңсере алмай тұрған кезінде оңай жолмен көмек көрсету, оқу әрекетіндегі еңбегін тұрақты әрі жүйелі түрде мадақтау, оқуды ата-ана мен мектеп алдындағы міндет деп емес, мақсатқа жетудің құралы ретінде көре білу, мектепті өзінің өсуі мен дамитын ортасы ретінде қабылдай бастауы бақылауға алынды. Оқушының оқу әрекетіне айтылатын мадақтау сөздерін, фразаларды қолданудың оқу үлгеріміне ықпалы нақты нәтижелермен көрсетілді. Ойлау өзгермей, оқып үйренудің тәсілі де өзгермейді. Өзгеріс алдымен жәйлі ортада, жағымды интонациямен, сенімді құрметтеумен қалыптасады. Мақалада сонымен қатар, мұғалімнің өз оқыту әрекетіне кері байланыс жасауына бақылау құралдары мен идеялар жинақталған.

Мұғалімнің мақсаты – оқушының жетістікке жетуін ұйымдастыру болса, оқушының мақсаты – жаңа білімді игеру. Осы әрекеттің іске асуы олардың қабілеті мен мүмкіндігі туралы ойларына тікелей байланысты, себебі психология ғылымында адамның ішкі сенімі зор күшке ие деп айтылады. Мейлі біліп сеніңіз, мейлі білмей сеніңіз, бастысы нені қалаймыз, сенім соған қол жеткізуге ықпал етеді (К. Дуэк, 2021). Ойлаудың біздің іс-әрекетімізге әсер ететін білеміз, бірақ оның екі түрлі формасы болатынын біле бермейміз. Бұлар – туа біткен қабілет пен интеллектіні түбегейлі өзгертуге болатыны және болмайтыны туралы ойлар. Бұл категорияға әлемдегі аса дарынды және интеллектісіне зақым келген 2-3% адам кірмейді.

Оқытуда жиі бетпе-бет келетін бір мәселе – оқушылардың сабақты оқуда туа біткен қабілетке сенім артатыны, тіпті бұл оймен көбіне ата-ана мен мұғалімнің де келісетінін сауалнамалар нәтижесі көрсетті. Атап айтқанда, «даму үшін ақыл-ойды пайдаланғаннан гөрі күш-жігерді жұмсау жақсырақ» деген сұраққа мұғалімдердің 74%-ы мүлде келіспейтіні анықталды.

### «даму үшін ақыл-ойды пайдаланғаннан гөрі күш-жігерді жұмсау жақсырақ»



Зияткерлік мектепке оқушылар іріктеуден өтіп қабылданғандықтан, алғашқы күннен бастап бәріне «дарындылық» айдары тағылады. «Джульяд» музыка мектебіне әлемдегі ең талантты оқушыларды ғана қабылдайды. Яғни бұл мектеп оқушылары еш қиындықсыз жұмыс жасап кетуі керек-ақ, алайда мектепте талант пен дарындылыққа бағытталған ойлау үлгісін енгізу басым позицияға айналған екен. Бұдан шығатын қорытынды біздегі таңдаулы оқушылардан да мұндай позиция айқын көрінді. Бұл біздің кейбір мұғалімдердің оқушыларды қабілетсіз деп ойша іріктеуінен байқалады. Осындай шешімнің салдары біраз оқушылардың шектеулі ойлау үлгісіне бейім болуына әкеп соқты. Баланың қай ойлау үлгісіне жататынын анықтау үшін сыныптан сауалнама алынды. Қорытындысында шектеулі ойлау үлгісіне бейім оқушылар саны анықталды.

### даму үшін ақыл-ойды пайдаланғаннан гөрі күш-жігерді жұмсау жақсырақ



Зерттеуді бөлісу мақсатында жүргізілген алғашқы семинарда мұғалімдерден ойлау үлгісін анықтайтын сауалнама алынды. Нәтижесінде

әріптестердің көбі «Жарайсың», «Сен мықтысың» деген сөздерді қолданатыны, оқушыны ынталандыруда олардың ақыл-ойына басымдық беретіні анықталды. Алдымен оқытушы ойлауға бейім үлгісіне өтпей, оқушының шектеулі ойлау үлгісін өзгерте алмайды, себебі баланы құмар қылу үшін мұғалім өзі құмар болуы керек (Мағжан Жұмабаев, 2023).

Балалардың ақылын мақтаған кезде олар келесі жолы жұмыс жасауға құлшыныс танытпайды, себебі «бұл жолы өткендегідей ақылды болмай қалуым мүмкін» деген ой мазалайды, ал егер оқушының еңбегі мен ынтасын мақтайтын болса, ол балаға күшті импульс беріп, одан да қиын және қызықты есептерді орындауға ұмтылып тұрады (Д. Лемов, 2014).

Фокустағы оқушылар өзгерді. Біріншіден, оқушылардың мынадай кері байланысы болды: «үш рет талпынудан енді ғана бірдеңе бола бастады», «апай, мен ешқашан математикадан 5-ке шығам деп ойлаған жоқпын». Бұл - мадақтау фразаларын жүйелі түрде қолданудың нәтижесі. Екіншіден, тапсырманы қызығушылықпен орындауы, көңіл-күйінің көтерілуі, өз біліміне сенімі артуы, мұғаліммен жәйлі қарым-қатынасы да айтарлықтай өзгергені байқалды. Тоқсандық жиынтық бағалауда бұл оқушылардың оқу үлгерімі тоқсан сайын көтерілді. Говард Гарднердің «Ерекше ойлар» кітабында мынадай қорытынды бар: көрнекті тұлғалар өз бойындағы күшті және әлсіз жақтарын анықтай алатын ерекше талантқа ие екенін айтады. Бір қызығы, өсуге бейім ойлау үлгісіндегі адамдардың бойында да осындай дарын болады екен.

Зерттеу барысында оқушының ойлау үлгісін өсуге бейімдеуде келесі 7 әдіс тұжырымдалды.

Оқушының ойлау үлгісін өсуге бейімдейтін (growth mindset) 7 әдіс.

1. Мақсат пен міндет. Оқушыға нақты мақсат пен міндетін айқындап беру және ұзақмерзімді мақсатты қысқа мерзімді мақсаттарға бөлу. Бұл оқушыға өзінің прогресін бағалауға және сол мақсаттарға жету үшін қандай қадамдар жасауға болатынын көруіне мүмкіндік туғызады.
2. Ынта. Ақцентті нәтижеге емес, ынтасына бағыттау, оны ары қарай жақсартуға бағыттау. Бұл жақсы баға алу үшін емес, пәнді оқуға көбірек уақытын арнауға алып келеді.
3. Позитивті көзқарас. Позитивті көзқарас пен оқушының жетістіктеріне мән беру. Оқушының кемшіліктеріне емес, әсіресе ынтасы мен прогресіне аса мән беру және сол сәтте ұтымды фразаны қолданып немесе тиімді кері байланыс жасалады. Сапалы позитивті кері байланыс беру және баланың қиындықты еңсере алмай тұрған кезінде оңай жолмен көмек көрсетіледі.
4. Көмек. Оқушы кез келген қиын кезде мұғалімге арқа сүйей алатынын, көмек ала алатынын сезінеді.
5. Жанашырлық. Мұғалімнің оқушы мен оның жетістіктеріне қызығушылық танытуы. Оқушының қажеттілігін білу арқылы оның өсуі мен дамуына көмек беруге тырысу.
6. Мотивация. Өзінің ынтасы мен табандылығының арқасында жетістікке жеткен адамдардың өмірінен мысалдар келтіріп, мотивациясын көтеретін

әңгіме жүргізу. Бұл үшін оқушымен сұхбаттасу, еркін әңгімелесу оқушының қобалжуын жояды.

7. Қосымша. Оқушының пәнге деген ынтасын, білімін көтеру үшін оқушының қалауындағы тақырыптар бойынша қосымша сабақтар жүргізу ең өнімді жұмыс болып тұр.

Зерттеу құралдары да түрлене түсті. Ойлау үлгісі туралы алғашқы ақпаратты беретін 24 сұрақтан, «әбден келісемін, келісемін, сенімді емеспін, келіспеймін, мүлде келіспеймін» деген жауап нұсқаларынан тұратын сауалнама қорытындысы оқушы туралы сенімді ақпарат бермейді, себебі «сенімді емеспін» нұсқасын көп оқушы белгілеген. Жауап нұсқалары көп болған сайын адам ұзағырақ ойланады және «сенімді емеспін» деген жауапты ең оптималды деп санайтыны шынайы позициясынан ауытқып кетеді деген тұжырым жасалды. Сауалнаманың санын, мазмұнын қысқарту қажет, қайта өңдеген дұрыс болады деген ортақ пікірге келдік. Әрбір сұрақты, жауап нұсқаларын егжей-тегжейлі қайта талқылап, пысықтап, 15 сұрақ және «сенімді емеспін» жауабын алып тастап, екінші нұсқасы әзірленді. Сауалнама фокустағы оқушыларға екінші рет жүргізілді. Бұл жолы оқушылардың жауабы максималды түрде шынайы болуы үшін сауалнаманы анонимді формада алу дұрыс деп шешілді. Нәтижесін талдай келе оқушылардың әлі де шектеулі ойлау үлгісіне бейімдігі байқалды.



Ойлау өзгермей, оқып үйренудің тәсілі де өзгермейді. Өзгеріс алдымен жәйлі ортада, жағымды интонациямен, сенімді құрметтеумен қалыптасады. Оқуға ынтасы төмен оқушылар мұндай қарым-қатынасқа зәру екені байқалды (сабақты бақылау нәтижесінде). Кез келген оңтайлы сәтті пайдаланып, оқушымен әңгімелесу арқылы оның ішкі уайымы сезілді. Сәтсіздіктер баланың әлеуетін тұсаулап тұрғаны аңғарылды. Бұл – ішкі әлем, ол – өте нәзік, оны жаралап алмау керек. Солай бола тұра ол адамның ең мықты өзегі, оны қуаттандырса тау қопарады. Міне, осы тұста еңбектенуге жұмылдыратын фразаларды қолдану оқуға ынтасын арттыратынын байқатты. «Математика мен үшін тұман», «БЖБ жазбай-ақ қойсам, всеравно проволоюсь» деген оқушымен үш тоқсан бойы үздіксіз



жүргізілген жұмыс жылдық бағаны «4-ке» жеткізді. Бұдан кейін зерттеу алаңы да, талқылау сұрақтары да кеңейе түсті. Зерттеу оқушының ғана емес, мұғалімнің де өз ойлау үлгісі туралы ойлануын да, өзгертуін де, ішкі мотивациясының оянуын да көрсетті.

Бұл зерттеумен оқушыларды таныстырудың да маңызы зор. Сабақ барысында мұғалім екі түрлі кері байланыстың оқушыларға әсерін бақылап көрді. «Мына есебің дұрыс шықпаған, қайтадан шығар, бұны біз өтіп кетіп едік қой» деген сөзді естігенде А оқушы мұғалім қасынан кеткенше басын көтермей, қабағы түйіліп, көңіл-күйінің түскені байқалды. Зерттеуші К.Дуэктің тұжырымы бойынша оқушы дәл осы кезде басқалар орындай алған тапсырма оның қолынан келмегеніне өзін іштей бір сәтке ақымақтау сезінеді екен. А оқушы орындаған тапсырманың дәл сондай нәтижесін мұғалім В оқушының дәптерінен көргенде «Мына есеп шығару барысында формулаларды дұрыс қолданғансың, дегенмен таңбалардан қате жіберіп, нәтижесінде жауап дұрыс болмады. Сенің еңбектенгенің көрініп тұр, бірақ әлі де таңбаға мұқият болу керек» деген сөзінен соң, В оқушы кеудесін көтеріп, иығын тіктеп, қолын сыбанып, есепті қайта қарауға кірісіп кетті. Жүзі жылынып қоя берді. Демек, бұл оқушыда «қолымнан келеді екен, мен де шығара алады екенмін» деген ішкі сенім пайда болды. Әл-Фарабидің «жас ұрпақтың сана-сезімін қалыптастыру үшін баланың ішкі ынта-ықыласы, ұстаздың шеберлігі және сабақ үдерісі дәйектелу шарт» (П.М.Сүлейменов, 2016) деген пайымын аңғардық.

Оқушы жұмысының қателігін көргенде, артық әңгімеге айналдырмай (мен бұны өткен сабақта айттым ғой, сендер бұны 7-сыныпта оқығансыңдар), бірден түзетуге кірісіп кету керек. Әдетте мұғалімдердің көбі оқушының әрбір жауабына дұрыс, дұрыс емес деп комментарий беруді өзінің борышы деп санайды, ал осы этапты толығымен алып тастау ең жақсы шешім болмақ. Егер оқушы дұрыс емес орындайтын болса, сол оқушының атын атап, «тағы да бір рет жасап көрейікші, ең бірінші не істеуіміз керек» деп айтқан жөн. Сондай-ақ екінші бір жағдай оқушыларға кешіріммен қарауға, яғни ештеңе етпейді, бұл қиын сұрақ болған деп ақтауға болмайды. Бұны оқытудың қалыпты және заңды процесі деп қабылдау керек (Д. Лемов, 2014).

Бақылай білдік. Бақылаудың нәтижесінде қай сөз, қандай оқушыға, қалай әсер ететінін білдік. Сабақтағы әр кезеңге, әр сәтке рефлексия жасап, келесі сабақта қай тәсілді қолдануға болатынын талқылауды үйрендік. Баланың құлшынысы оның оқуға, үйренуге талпынған еңбегін, ынтасын, күш салғанын, қызығушылығын, жұмсаған уақытын (мұнда тапсырманың жақсы, жаман орындалғаны маңызды емес) бағалау, мадақтау, қолдау кезінде ғана артатыны байқалды. Бұдан жиынтық бағалауда оқушының оқу үлгерімінің сандық көрсеткішінің көтерілгенін көрдік.

Оқушылар	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан
----------	----------	-----------	------------

1-оқушы	46% - «3»	66% - «4»	69% - «4»
2-оқушы	65% - «4»	72% - «4»	86% - «5»
3-оқушы	45% - «3»	66% - «4»	69% - «4»
4-оқушы	47% - «3»	65% - «4»	79% - «4»
5-оқушы	55% - «3»	68% - «4»	65% - «4»

Кез келген мұғалімнің, ата-ананың баланы жетістікке жетелейтін өз әдістемесі болуы мүмкін. Біз ондай әдіс-тәсілдерді жоққа шығармаймыз. Дегенмен де рефлексиялаушы ұстаздар әрқашан даму үстінде болады. Дамыған сайын, ізденген сайын жаңа бір дүниені қолданғысы келеді. «Сабақ беру – үйреншікті жәй ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер» деген Аймауытовтың пікірін «күнделікті әдістемені сәл ғана жақсартқанның өзі ең шебер мұғалім болуға алып келетіні сөзсіз» (Д.Лемов, 2014). Біздің зерттеуімізден сіздер айтарлықтай жаңа дүниені таппауыңыз мүмкін, бірақ сіздің әдістеменізді жақсартуға немесе өз сабағыңызға рефлексия жасауға қажетті идеялар табатыныңыз анық. Ең алдымен оқушының оқу әрекетін мадақтау үшін қандай сөздерді, фразаларды қолдану керектігіне көңіл аударасыз. Күнделікті сабақта осы фразалардың әсерін бақылау, оны түртіп алу, сосын талдау арқылы жақсы нәтижелер көрдік, сондықтан әрбір дамуға бейім ұстаз үшін бұл зерттеу пайдалы болады деп сенеміз.

Оқушы тапсырманың барлығын да дұрыс орындамаған жағдайдың өзінде де, осы тапсырмаларды орындауға жұмсалған ынтасы мен еңбегін бағалау өте маңызды. Мұғалімнің оқушы жұмысын бағалауға уақыт тапқаны, оқушының ары қарай жетістікке жетуіне мүдделі екенін және оны қолдайтынын оқушы сезіне алса, оқушының мұғаліммен қарым-қатынасына сенімі бекиді, баланың оқуға деген мотивациясы артады. Баланың оқу әрекетіндегі еңбегін тұрақты әрі жүйелі түрде мадақтау оны жетістікке итермелейді, оқуды ата-ана мен мектеп алдындағы міндет деп емес, мақсатқа жетудің құралы ретінде көреді, мектепті өзінің өсуі мен дамитын ортасы ретінде қабыдай бастайды. Мадақтау жауапкершілік пен тәртіпті нығайта түседі. Оқушы өз еңбегінің бағаланатынын, еңбегінің ақталғанын сезеді. Ал бұл оқушының өз жұмысына деген жауапкершілігі мен сыныптағы тәртібін өзгеруіне де ықпал етеді. Білімнің күшін, қуатын сезіне бастайды.

Оқушының ойлау бағытын өсуге бейім ойлау жүйесіне өзгерту уақыт пен табандылықты, шыдамдылықты қажет ететін процесс екенін ұмытпаған жөн. Бірақ, қажетті деңгейде көңіл бөліп, күш-жігер жұмсайтын болса, академиялық білімді меңгерудегі ғана емес, өмір сүру салтында да өсуге бейім ойлау үлгісі арқылы оқушының өмірін жақсы жаққа өзгертіп, алға қойған мақсаттарына жетуіне көмектеседі.

1558 сөз

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дуэк К. Ойлау. Табысқа жетудің жаңа психологиясы.- Алматы: «Мазмұндама» қоғамдық қоры, 2021
2. Лемов Д. Мастерство учителя. Проверенные методики выдающихся преподавателей. – Москва, 2014
3. Сүлейменов П.М. Әл-фараби және қазақ халқының рухани мұрасы. – Алматы, 2016
4. Жұмабаев М. Педагогика.- Алматы: «Marfu Press» баспасы, 2023
5. Зицер Д. Любить нельзя воспитывать. Жизненные навыки. книги для родителей. - 2018
6. Робинсон К. Школа будущего. Как вырастить талантливого ребенка. - 2015
7. Сорокина Е.Л., Елинская Я. А. Использование технологии swot-анализа при проектировании программ развития образовательных учреждений. / Сибирский институт практической психологии, педагогики и социальной работы. <https://sispp.ru/articles/ispolzovanie-tehnologii-swot-analiza-pri-proektirovanii-programm-razvitiya-obrazovatelnyh-uchrezhdenij/>

Назарбаев Зияткерлік мектебі  
Халықаралық бакалавриаттың  
психология қызметкері Н.А. Абибуллаева  
Қазақстан тарихы пән мұғалімі С.Р. Рамазанова  
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері:  
А.Т. Байжанова, Г.А. Смагулова

## **ИНТЕГРАТИВТІ БІЛІМ БЕРУ КИНЕСИОЛОГИЯСЫ – ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ СТРЕСТІҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ БІР ӘДІСІ**

Абстракт

Назарбаев Зияткерлік мектебінің 7-сынып оқушыларының сынып және мектеп қауымдастығына бейімделу кезеңі өте өзекті жайды айқындайды. Себебі мектептегі оқыту жүйесі оқушылар үшін түбегейлі өзгерісті көрсетеді: жаңа бағдарлама, жаңа пәндер, жаңа әлеуметтік орта. Осыған орай, бұл мақалада мектеп психологтары мен пән мұғалімдерінің «Оқушылардың мазасыздық деңгейін қалай төмендетуге болады? деген сұрақ төңірегінде жүргізілген зерттеу үдерісі мен нәтижелері ұсынылған. Бұл мәселені қарастыруда оқу үдерісіндегі стресті төмендету мен ойлау қабілетінің белсенділігін арттыру мақсаттарын қамтитын заманауи әдістердің бірі – Білім беру кинесиология әдісін енгізу тандап алынды. Зерттеу барысында оқушылардың мектептегі мазасыздық деңгейі және доминантты профильдері анықталып, сабақ процесінде дифференциалдық тәсіл ретінде әрбір балаға арналған арнайы ұсыныстар қолданылды. Сонымен бірге, кинесиология жаттығуларын орындауды дағдыға айналдырып, күнделікті сабақта сергіту жаттығулары ретінде енгізілді. Кинесиология әдісі баланың дене, эмоция және ойлау арасындағы тепе-теңдік пен үйлесімділікті қалыптастырып, оқушының стресске төзімділігін дамытып, жаңа білімді алуға белсенділігін арттыруға мүмкіндік жасайды. Нәтижесінде, кинесиология жаттығуларын сабақта қолдану арқылы оқушылардың мазасыздық деңгейінің төмендегендігі және білім сапасына ықпалы анықталды.

Кілт сөздер: мазасыздық, стресс, доминантты профиль, іс-әрекеттегі зерттеу, білім беру кинесиологиясы, білім сапасы.

Кіріспе

Қоғамдағы қарқынды өзгерістер адамзаттың білім беруі мен дамуына жаңа талаптарды қояды. Білім беру жүйесі осы талаптарды қамтуға тырысады: білім беру көлемін ұлғайтады, жаңа оқу әдістерін өндейді, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру үшін ортаны құрайды және т.б. Бірақ бұл міндеттің екінші жағы да бар. Соңғы бірнеше жылдар ішінде эмоционалды күйзеліске, физикалық және психикалық ауытқуларға ұшыраған балалар мен жасөспірімдер санының өскендігі байқалып жатыр. Бала өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі бұл – мектеп, бірақ балада оқу үрдісі мен қарым-қатынастан туындайтын қуаныш сезімінен басқа, уайым мен мазасыздық пайда болуы мүмкін. (DKN World News, 2022).

Сонымен қоса, қазіргі кездегі оқу үдерісі оқушылардың компьютер алдына көп уақыт өткізіп, аз қимылдап, бір орында отыру өмір салты басым болып келетіндей ұйымдастырылған. Зерттеулер нәтижелері көрсеткендей, оқу үрдісіндегі қимыл белсенділігі бала ағзасындағы биологиялық қосындыларының белсенді синтезіне жағдай жасайды. Ал бұл, өз кезегінде, ұйқы сапасына, көңіл-күйге және қалыпқа жағымды әсер етіп, жасөспірімнің ойлау қабілетінің жұмысын жақсартады. Оқу үдерісіндегі стресті төмендету мен ойлау қабілетінің белсенділігін арттыру мақсаттарын қамтитын заманауи әдістердің бірі – Білім беру кинесиологиясы зерттеу және тәжірибе нысанына алынды.

Білім беру кинесиологиясы – терапияның заманауи бағыты, яғни арнайы іс-қимылдарды, қозғалыстарды қолдану арқылы жасөспірімдердің оқу барысында және эмоционалды дамуында туындайтын мәселелерді шешуге бағытталған әдіснамалық құрал.

Аталған әдіснаманы американдық педагог Пол Денисон 1970 жылдары ашқан. Зерттеуші дислексия және нашар көру диагноздары қойылған балаларға кинесиология әдісін қолданды. Тәжірибе нәтижесінде Пол Денисон кезкелген балаға кинесиологияны қолданып, оған физикалық қозғалыстарды үйрету арқылы мидың екі жарты шарларының интегративті жұмыс істеу мүмкіндігін дәлелдеді. Әдістің қарапайымдылығына қарамастан ол таңқаларлық нәтижелер беретініне көзі жетті. (Турегалиева В.С., Джуманова К.Д., Кубышева Г.Г., 2019)

Басқа зерттеулер нәтижелері бойынша тәуекел тобындағы бастауыш сынып оқушыларына Білім беру кинесиологиясын қолдану негізінде оларда кітап оқу дағдылары, математикалық қабілеттері жоғарылады және жүріс-тұрыстарында жағымды өзгерістер пайда болды. Сонымен қатар 10-12 жастағы оқушылардың академиялық үлгерімінің Білім беру кинесиологиясы әсерінен жоғарылауы туралы зерттеулер жайлы құнды ақпараттар бар. (Савватеева Т.А., 2015)

Білім беру кинесиология курсы өткізу нәтижесінде ұйқы сапасы жақсарып, мазасыздық деңгейі төмендейтіндігі анықталған зерттеу нәтижелері де бар. Ал он апталық Білім беру кинесиология бағдарламасын қолдану барысында балалардың сілекей құрамында окситоцин гормоны көбейіп, үрей-қорқыныш деңгейі төмендеуі бақыланып, кортизол гормонының сілекей құрамында айтарлықтай төмендеуі тіркелді. (МОО сертифицированных кинезиологов «Ассоциация кинезиологии», 2022)

Карла Ханнафорд ғылыми көзқарас тұрғысынан оқыту барысында Білім беру кинесиологиясы жаттығуларын қолданудың тиімділігін түсіндіре келе, «дене адамның барлық интеллектуалды үрдістерінде интегративті рөлді атқарады, қоршаған ортадан келетін ақпараттар дене сезімдері арқылы миды қоректендіреді, жаңа интеллектуалды және шығармашылық мүмкіндіктердің қалыптасуына әсерін тигізеді» дейді. (Mamaki productions, 2016)

Сонымен, осы мақалада көрсетілген зерттеудің мақсаты – Білім беру кинесиологиясын қолдану арқылы 7-сынып оқушыларында (мектепке жаңадан қабылданған оқушылар) мазасыздық деңгейін төмендету\ алдын алу және белсенді оқуға әсерін анықтау. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер орындалды:

- оқушылардың мектептік мазасыздық деңгейін, доминантты профилін анықтау;
- Білім беру кинесиология жаттығуларын пән мұғалімдеріне үйрету;
- Білім беру кинесиологиясы әдістері мен доминантты профильдің ұсыныстарын сабақ барысында оқушыларға қолдану.
- жүргізілген жұмысқа талдау жасау және оң өзгерістерді оқыту тәжірибесіндегі қолданысын дамыту.

Білім беру кинесиологиясы қызықты, жылдам және дене қуатын көтеретін жаттығулар жүйесінен құралады. Әдістің мәні жаңа нейрондардың құрылуында және мидың екі жарты шарының біркелкі жұмыс жасауына жауап береді. Кинесиологиялық жаттығуларды қолдану адам ағзасында жағымды құрылымдық өзгерістерді тудырады. Жүйке жүйесінің күші, тепе-теңдігі, қозғалмалылығы мен үйлесімділігі жоғары деңгейде өтеді. Жүйке жүйесін реттеу мен үйлестіруші рөлдерді жетілдіреді.

Арнайы ұйымдастырылған және қарапайым жаттығулар арқылы дене мен ми тепе-теңдігі күйіне жеткізіліп, ойлау, эмоция және дене арасында үйлесімді байланыс орнатылады. Ал бұл, өз кезегінде, ақпаратты тиімді игеру мен күрделі интеллектуалды әрекеттерді меңгеруге жағдай жасайды.

Білім беру кинесиологиясының әдістері келесі мақсаттарды айқындайды:

1. стресті, жүйке қозуын жеңілдету;
2. дене қуаттылығын жоғарылату;
3. есте сақтау, зейінді шоғырландыру дағдыларын жақсарту;
4. адамның жеке резервтерін оңтайландыру;
5. интеллектуалды және шығармашылық қабілеттерді тиімді дамыту.

Зерттеу үдерісі

Назарбаев Зияткерлік мектеп оқушыларының өмірінде 7-сыныпқа бейімделу жағдайы бойынша 2022 жылдың қыркүйек айында 7-сынып оқушыларымен Филлипстің «Мектептегі мазасыздық» тесті жүргізіліп, нәтижесі бойынша, зерттеуге қатысқан 30 оқушының, мазасыздық деңгейі – 33%-ы көрсеткені анықталды.


Мазасыздықтың жоғарылауы келесі себептерге байланысты болып жіктелді:

- өзін-өзі көрсету қорқынышы – 61%;
- білімді тексеру кезінде үрей – 33%;
- стреске психофизиологиялық қарсы тұруының төмендігі – 22%;
- қоршаған ортаның үмітін ақтай алмай қалу – 11%;
- мұғаліммен қарым-қатынастағы үрейлену мәселесі – 7%

Егер осы кезеңде оқушы стресті төмендету дағдыларын қалыптастыра алмаса, ол өз өмірін сәтсіздікке ұшырау бағытына негіздеуі мүмкін, интеллектуалдық дамуы, оның ойлау бірегейлігімен сәйкес келмей, білім сапасының түсуіне әкеледі. Сондықтан мектеп психологтары «Оқушылардың мазасыздық деңгейін қалай төмендетуге болады? деген мәселені шешуге бағытталған «Білім беру кинесиология» әдістерін оқыту процесіне енгізуді қарастырды. Осы проблеманы жақсырақ түсіну және тәжірибені жақсарту мақсатында 7-сыныптың пән мұғалімдерімен бірлесіп іс-әрекеттегі зерттеу жүргізілді. (Смирнова С.С., Цыпленкова О.А. 2011, б. – 2-16)

Мәселені зерттеудің іс-шаралар жоспарын жасап, деректерді жинау және талдау жүргізілді. Нысанға алынған сыныптан төмендегідей сұрақтар мен жауаптар жинақталды. Оқушылардың жауаптары сараланғанда, гуманитарлық пәндерден қорқыныш және мазасыздық сипаты басым пайызды сипаттады. Соның негізінен, арнайы жаттығулардың жүргізілуі қазақ тілі мен әдебиеті және қоғамдық ғылымдар пәндерінде бақылатыны таңдалды.

Сіз "түсінбеймін", қорқамын" деген сөздерді сабақтарда, сабақтан тыс уақытта айтасыз ба?  
18 ответов



Сіз қай сабақта\пәнде қобалжисыз\ уайымдайсыз\ қиналасыз?  
18 ответов



1-семестрде жаттығуларды сабақ кезеңдеріне сәйкес орындату жүзеге асты: сабақ басында “ми түймелері”, сабақ ортасында “тоғысқан қадамдар”, сабақ соңында “Дениссион ілмегі” жаттығулары, ал 2-семестрде сабақ басында “ойлау қалпағы”, сабақ ортасында “Есінеу энергетикасы”

жаттығуы, сабақ соңында “теңгерім нүктелері” жаттығулары таңдалып жүргізілді.

Сонымен қатар, зерттеуде әрбір оқушының доминантты профильдері анықталып, карта-сызбасы жасалды. Жаңа оқыту ортасына түскенде, оқушы доминантты сезім органдарынан (құлақ немесе көз) оңай түрде ақпарат алып, оны өзінің басымды қолымен (ауызша, ыммен, жазбаша) білдіретін болады. Осылайша, доминантты профиль – оқушының жаңа білімді қалайша оңай қабылдап, оңай игеретіндігі, өңдейтіндігі туралы маңызды ақпарат береді. Мұғалімдер сабақты жоспарлау кезінде әрбір оқушының доминантты профиліне байланысты ұсыныстарды пайдаланып, оның тиімділігін қадағалап, сабақ барысында дифференциалды тәсіл ретінде қолданып (Ханнафорд К. 2008, б. – 10-24), оқушыларға нақты көмек көрсетуді өз жоспарлауындағы тапсырмаларда қарастырып қолданды.


Жинақталған деректерден алынған ақпаратты пайдаланып іс-әрекет стратегиясын құрып, пән мұғалімдерімен Білім беру кинесиология әдістеріне оқыту семинары өткізілді. Қарастырылып отырған мәселе мен Білім беру кинесиологиясы арасындағы өзара байланыс жөнінде түсінікті кеңейтіп, зерттеу сұрағына бағыттау үшін (Смирнова С.С., Цыпленкова О.А. 2017, б. – 4-110), әдебиеттерге шолу жасаудың үлкен көмегі тиді. Осылайша, Кинесиология әдістерін зерделеп, олардың ортақ білімге қосқан үлестерімен пән мұғалімдері танысты.

Мазасыздығы жоғары оқушылармен сұхбат жүргізіп, оқушының доминантты профиліне сәйкес келетін кинесиология жаттығуларын іріктеп, сабақта сергіту жаттығулары ретінде және жиынтық бағалау кезінде пайдаланып, оның тиімділігі қадағаланды.

Осы әдістің тиімділігін талқылау үшін зерттеу тобымен айына бір рет кездесу ұйымдастырылып, ұсынылған әдістердің қолданыс барысындағы ықпалын және нәтижесін бағалау келесі сұрақтар арқылы анықталды: «Нәтиже шын мәнінде болды ма және де алынған деректер мұны растай ма? Талқылау барысында мұғалімдерде екі көзқарас қалыптасты, гумманитарлық пән мұғалімдері, әдістердің дифференциалдық тәсіл және оқушылардың мазасыздығын төмендетіп, білім сапасын арттыруға жағымды ықпалын бағаласа, ал, математика пән мұғалімдері осы әдістердің баланың жай-күйіне әсер ететініне күмәнмен қарайды.

Зерттеудің нәтижелерін бағалау мақсатында, мазасыздық деңгейі мен білім сапасына салыстырмалы талдауы жасалды:





Бірінші семестрдегі қазан-желтоқсан айларындағы жаттығуларды орындату мен оқытуды доминантты профильге сәйкес саралау келесідей оң өзгерістерді анықтады:

- оқуғы қызығушылық арта бастады;
- профильдік доминанттық ерекшелігіне сәйкес сараланып берілген тапсырмаларды орындауда зейін шоғырландыру арта түсті;
- оқушылардың доминантты профильдерді қажеттілігіне орай оқыту мен оқуды ұйымдастыру мүмкіндігі туындады;

Пайда болған қиындықтар:

кейбір оқушылар жаттығуды нұсқаулық бойынша толық орындай алмады; жаттығуларды кей сабақтардың оқу мақсатына қарай жүйелі жүргізу мүмкін болмады;

қоғамдық ғылымдар пәнінде оқушылардың топқа бөлінбеуі (отыз оқушы) профиль бойынша белгіленген орынға отырғызу шектелді;

Екінші семестрдегі қаңтар-сәуір айларындағы жаттығуларды орындату мен оқытуды доминантты профильге сәйкес саралау келесідей оң өзгерістерді анықтады:

- оқушылардың мазасыздық деңгейі төмендеді;
- профильдік доминанттық ерекшелігіне сәйкес сараланып берілген тапсырмаларды орындауда сыни және креативті ойлау; оқушылардың өзара ынтымақтастық қарым-қатынасы мен коммуникативтік дағылары дамыды;
- оқушылардың доминантты профильдерді сәйкес оқыту мен оқуды ұйымдастыру оқушылардың өзін-өзі танытуына мотивация берді;

Нәтижесінде, қыркүйек айында 30 оқушының, 33%-ында жоғары мазасыздық анықталып, олардың 21%-ының білім сапасы жақсы болды (I семестр қорытындысы). Одан әрі қарай, зерттеу тобы оқушылардың доминантты профильдерін дифференциалды тәсіл ретінде қолданып, сабақта кинесиология жаттығуларын жүргізді. Сәуір айындағы

салыстырмалы талдаудың нәтижесінде, оқушылардың мазасыздығы 20%-ға төмендеп, ал, білім деңгейі 10%-ға артқандығы анықталды.

### Қорытынды

Іс-әрекеттегі зерттеудің нәтижелерін қорытындылай келе, Білім беру кинесиологиясы және доминантты профиль әдістерін оқыту үрдісінде қолданудың бірнеше тұжырымдары анықталды. Оқушының доминантты профильдерін сабақ барысында қолдану мұғалімдерге әрбір оқушының оқу мүмкіндіктерін анықтауға көмектесті. Оқушының қабылдау ерекшеліктерін біле отырып, мұғалім оқушылардың танымдық іс-әрекет стиліне алдын-ала баға беріп және осы ерекшеліктерді ескеру арқылы дифференциалдық тәсіл ретінде сабақты тиімді құруға мүмкіндік берді. Сабақта ақпаратты жақсы қабылдауы үшін оқушыны доминантты профиліне орай сыныптың белгілі бір бөлігіне отырғызып, оны ерекше ынталандырып, қажетті дағдыны дамытуға арналған арнайы жаттығуларды іріктеп өткізуге жағдай туғызды. Доминантты профиль әдісі мұғалімдерге оқушының тұлғалық ерекшеліктері (темперамент, қабылдау, ойлау) жайлы білімдерін кеңейтіп, толықтыруға үлкен үлесін қосты. Миды сергітіп, білімді бекіту және мазасыздықты төмендету үшін жиірек қимылдау қажеттілігіне орай «Білім беру кинесиология» жаттығуларын сабақта сергіту сәті ретінде қолдануды дағдыға айналдырды. Білім беру кинесиология жаттығуларын сабақ барысында қолдану- оқушылардың көңіл-күйін жақсартуға, қобалжуды төмендетуге, белсенділікті арттыруға, шаршағанды басуға, зейінді шоғырландыруға, білім деңгейін арттыруға әсерін тигізді.

Иә

Ия ,жақсы әсері болуы мүмкін деп ойлаймын. Себебі жаттығулар жақсы көңіл күй мен сергектік береді.

Маған бұл жаттығуларды жасау ұнайды. Себебі сабақта отырғанда кейде ұйықтағын келеді, шаршайсың немесе бір орында отырып қаласын және жаттығулардан көңіл күйің де көтеріледі

Иә, маған ұнайды. Мені жақсы көңіл-күймен бөлеп қояды 😊

Маған осы жаттығуларды жасау пайдалы әрі қызық деп ойлаймын, менің оқуыма жақсы әсері болуы мүмкін шығар, бірақ өте кішкентай

Жок

Жоқ ұнаймады бұл менің уақытымды алады

Ұнайды,бұл жаттығулар арқылы біздің есте сақтау қабілеті,стресстерден арылтуға көмектеседі.

Сабақ барысында жаттығулар жасау тек қана оқушыларға ғана емес, мұғалімдерді де сергітуге, оқушылармен жағымды ахуалдағы қатынасты құруға ықпал етті.

Зерттеу барысында оқушылардың көзқарасы бойынша, кинесиологиялық жаттығуларды сабақ барысында қолдану арқылы мазасыздық деңгейінің төмендегендігін және білім сапасынның жоғарылағанын атап өтті. Осыған орай, оқушыларда кинесиология жаттығуларын орындауға деген қажеттілік пайда болды, яғни жағымды

нәтижеге алып келетін мидың жаңа нейрондар байланысы құрылды. Өз кезегінде ол, дағдыға айналып, оқушылар жаттығуларды өз беттерімен жасай алады, осы үрдісті тәжірибе барысында бақылады.

Аталған әдістерді психологиялық кеңес беру барысына енгізіп, нақты балалармен түзету-дамыту жұмысын жүргізу. Әсіресе, «қауіпті аймақтағы» балаларды психологиялық сүйемелдеу кезінде нақты нәтижелер береді деген тұжырым жасалады.

Білім беру кинесиология және доминантты профиль бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелерін жалпы білім беретін мектептермен бөлісіп, қолдану ерекшеліктерін педагогикалық тәжірибе алаңында тарату мақсаты мен міндеті көзделеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. DKN World News. (2022, сентябрь, 1). Стресс в предверии учебного года и его последствия. <https://dknews.kz/ru/dk-life/251039-stress-v-preddverii-uchebno-go-goda-i-ego-posledstviya>
2. Турегалиева В.С., Джуманова К.Д., Кубышева Г.Г. (2019). Значение образовательной кинесиологии в работе педагога-психолога с детьми с психоречевым и психомоторным развитием.
3. Савватеева Т.А. (2015, апрель, 6). Образовательная кинезиология: история и проблематика.
4. МОО сертифицированных кинезиологов «Ассоциация кинезиологии». (2022, июнь, 2). Потенциал образовательной кинезиологии в психотерапии: исследование с бимаркерами.
5. Mataki productions. (2016). Карла Ханнафорд.
6. Смирнова С.С., Цыпленкова О.А. (2011, март, 3). Снятие учебного и рабочего стресса. Сборник упражнений образовательной кинесиологии. Стр. – 2-16.
7. Ханнафорд К. (2008). Мудрое движение. Мы учимся не только головой. Стр. – 10-24, 124-140
8. Смирнова С.С., Цыпленкова О.А. (2017). Снятие учебного и рабочего стресса. Интегративная кинесиология. Стр. – 4-110.

Мұса Анизат Сейдазымқызы  
«Әлкей Марғұлан атындағы  
№40 мектеп-лицей» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

## КРЕАТИВТІ ЖАЗЫЛЫМДАҒЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛАЙ ЖАҚСARTУҒА БОЛАДЫ?

Зерттеу сұрағы:

Қазақ тілі және әдебиет сабақтарында оқушылардың креативті ойлауын қандай әдіс-тәсілдер арқылы дамытуға болады?

Кілт сөздер: сауалнама, анализ, редакциялау, диалог құрастыру, монолог, зерттеушілік дағдылар, жазылым жанры, әңгіме жанры, жоғары деңгейде ойлау дағдысы, креативті әдіс-тәсілдер.

Аңдатпа

Берілген мақалада креативті жазылымдағы әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың жазылым дағдыларын дамытудың жолдарын ұсынған. Зерттеу тәсілі ретінде қолданылған креативті жазылымдағы әдіс-тәсілдердің тиімділігінің зерттеу нәтижесі туралы айтылады.

Зерттеуге дейінгі сауалнама нәтижесі.

Берілген сауалдарға жауап табу мақсатында бірнеше дереккөздерді қарастырдым. Әдебиетке шолу не үшін керек? Зерттелетін дүниені қайталамау үшін алдыңғы еңбектерді оқып танысу қажет. Екіншіден, тақырыпты зерттеп, гипотезаларды дұрыс құрылымдау үшін керек. Үшіншіден, ғалымдардың еңбектері зерттеу тәсілдерін дұрыс таңдауға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Зерттеу аймағын анықтап алу және зерттеу нысанын тұжырымдау» тараулары.
2. Сабақты зерттеу А-дан Я-ға дейін. «НЗМ» және ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы. Ж.К.Байгаринова. 2017ж.

Сыни ойлау мен креативті ойлауға қатысты сілтемелер

- <https://www.brainpop.com/trending/>
- <https://www.ixl.com>
- <https://www.freepik.com/>
- [Іс-әрекетті зерттеуге қатысты сілтеме](#)
- [Wilson IntroductionToEducationalResearchMethods301116.pdf](#)  
<https://www.brainpop.com/trending/>  
<https://www.mann-ivanov-ferber.ru/creativity-books/knigi-dlya-razvitiya-kreativnosti-i-tvorcheskogo-mishlenia/>

Кітап бойынша 25 курсты осы сілтеме арқылы көруге мүмкіндік алынды

<https://openu.kz/kz/courses/reflektivt-oytu-negzder>

Осы кітаптар мен сілтемелер бойынша әдебиеттерге шолу жасадым.

Модель бес қадам немесе процестерден тұрады:

- 1.Қарама-қайшылықты табу.
2. Деректерді табу.

3. Проблемаларды іздеу.
4. Идеяларды табу.
5. Шешімдерін табу.

Оқу бағдарламасына негізделген оқу мақсаттарына сәйкес «Креативті жазылымдағы әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың жазылым дағдыларын қалай жақсартуға болады?» зерттеу негізінде креативті жазылым түрі – реставрациялау жазбаларын (перифраз, синоним, өңдеу) қалай жақсартуға болатындығы туралы өз тәжірибемнен. Креативті жазылымды жақсарту үшін креативті жазылым түрлерін зерттедім. Креативті жазылымның бір түрі - реставрациялау. «Реставрациялау жазбалары» деп нені айтамыз? Оқушылар мәтіндерді қайта өңдеп, коррекция жасап, суретті мәтінге айналдырып әңгіме құрап, әңгімені қалпына келтіріп, әңгіменің соңын өз фантазиялары бойынша аяқтайды

Реставрациялау жазбаларының тәсілдері:

1. Әңгімені жалғастырып жаз...
2. Мәтінді өңдеп жаз...
3. Қолданып жүрген заттардың атынан монолог жаз...
4. Суретті мәтінге айналдырып әңгіме құрау
5. Әңгімені қалпына келтіру
6. Коррекциялау...
7. Шығарма мәтінін өзгеше аяқтау.б.
8. Мәтінді көшіріп жаз, берілген синонимдерден перифраза жасап, жаңа өнімді өндірі... Креативті жазылым түрі –реставрациялау жазбалары.

Мұғалімнің зерттеуі қандай негізгі кезеңдерді қамтиды?

- зерттеуді қажет ететін проблеманы негіздеу (жоғарыда тұжырымдалды);
- мақсат-міндеттерін, объектісін анықтау, гипотеза жасау;
- тиімді әдіс-тәсілдерді таңдау;
- жоспар мен мазмұнын құрылымдау;
- зерттеу жүргізу;
- нәтижелерді талдау және келесі қадамдарды болжау;
- бағалау және қорытынды тұжырым жасау.

Зерттеудің мақсаты:

Креативті әдіс-тәсілдерді қолдана отырып сурет немесе оқиға желісі бойынша әңгіменің жанрлық ерекшеліктеріне сай мәтін құрастыру

Зерттеу объектісі: 7 «Ә»-сынып оқушылары, креативті жазылым дағдылары, креативті жазылым тапсырмалары.

Зерттеу гипотезасы: Креативті жазылымды қолдану оқушылардың зерттеушілік дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Зерттеу сұрақтары:

1. «Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну» мақсатын жүзеге асырудағы қиындықтарды қалай шешуге болады?
2. Қазақ тілі және әдебиет сабақтарында оқушылардың креативті ойлауын қандай әдіс-тәсілдер арқылы дамытуға болады?
3. Креативті жазылым оқушы интеллектісіне қалай әсер етеді?

Осы орайда зерттеу тақырыбына қарағанда зерттеу сұрақтарын дұрыс құрылымдау маңызды екенін түсіндім.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері негізінде сандық және сапалық зерттеу тәсілдері қатар қолданылды. Атап айтсақ: сауалнама, интервью (пән мұғалімдері, оқушылар, «сыншы дос»), бақылау (фото және бейнежазба, АВС оқушылары бойынша жазбалар, бақылау парақтары), рефлексия (мұғалімнің өз сабағы бойынша, оқушы рефлексиясы).


Зерттеу аясында жасалған жоспар негізінде іс-әрекеттегі зерттеудің бірнеше сабақтары өткізілді. Сабақ барысында оқушыларға Блум таксономиясы негізінде құрастырылған әртүрлі тапсырмалар (деңгейлік сұрақтар, кесте-схемалар, шағын жоба жұмыстары, т.б.) ұсынылып, жеке-жұптық-топта жүзеге асырылды. Ресурс ретінде тұтас және тұтас емес мәтіндер таңдалды, олар ақпаратты меңгеруге көмектесті. Ақпарат сыни ойлаудың бастапқы нүктесі десек артық болмайды, ал күрделі идеяларды тұжырымдау үшін «шикізат», басқаша айтқанда факті, идея, теориялар қажет

Кейінгі сабақтарды тиімді жоспарлауда және қолданылатын әдіс-тәсілдерді таңдауда, келесі қадамдарды жоспарлауда жоғарыда көрсетілген сандық және сапалық зерттеу тәсілдері септігін тигізді.

1-диаграмма. Зерттеуге дейінгі сауалнама нәтижесі.

№	Сұрақтар	иә	жоқ	білмеді м
1	Қандай тақырыпта әңгіме жазғың келеді? Көрсетіп жаз. (Кино, спорт, адамдар өмірі, табиғат, экология, Ресейдегі соғыс, ауыл)	19	3	2
2	Екі адамның сөйлесуі әңгіме бола ала ма?	12	8	4
3	Әңгіме құрастыру үшін жоспар құрастырудың маңызы бар ма?	15	5	4
4	Әңгіменің кейіпкері қандай болуы керек? Әңгіменің кейіпкері тек жақсы қасиеттерге ие болуы керек пе?	9	12	3
5	Әңгімедегі оқиға орны сипатталуы керек пе?	16	4	4

## Сауалнама нәтижесі



*Саяхат туралы 7%*

2-диаграмма. Нәтижелерді талдау 7ә

№	Сұрақтар	Нәтижелер
1	Қандай тақырыпта әңгіме жазғың келеді? Көрсетіп жазыңыз	<i>Иә. Себебі адам өз ойын әңгіме арқылы ашық жеткізе алады. Спорт туралы.</i>
2	Екі адамның сөйлесуі әңгіме бола ма	<i>Иә. Себебі екі адамның сөйлесуі дәл де диалог болады.</i>
3	Әңгіме құрастыру үшін жоспар құрастырудың маңызы бар ма?	<i>Иә. Себебі әңгіме құрастыру үшін оның жоспарын таңдаудың маңызы бар.</i>
4	Әңгіменің кейіпкері қандай болуы керек? Әңгіменің кейіпкері тек жақсы қасиеттерге ие болуы керек пе?	<i>Иә. Себебі әңгіменің кейіпкері ешкімге қандай болса сондай болуы керек.</i>
5	Әңгімедегі оқиға орны сипатталуы керек пе?	<i>Иә. Себебі әңгіме туралы болу үшін бәрін нақты жазу керек.</i>

### Сауалнаманың анализі

1. Қандай тақырыпта әңгіме жазғың келеді? Көрсетіп жаз.

1) Е есімді оқушы. Жоқ. Себебі жазған ұнамайды.

2) Ә есімді оқушы. Иә. Иә. Фантастика тақырыбына жазғым келеді.

3) А оқушы. Иә. Себебі, адам өз ойын әңгіме арқылы еркін жеткізе алады.

4) Қ есімді оқушы Саяхат туралы жазған ұнайды.

5) Б оқушы. Иә, спорт туралы.

6) Е оқушы. Иә. Ұлы Отан соғыс туралы.

Қызықты оқиғаларға, фантастика мен спорт тақырыбына деген жауаптар басым болды. 7-сынып оқушыларының көпшілігіне шытырман оқиғалы ғажайып әңгімелерге жазған ұнайтыны анықталды. Келесі кезекте, спорт тақырыбында жазғысы келетіндер екен. Бұл тақырыпты қалаған оқушылардың көпшілігі гандбол, футбол сынды спорт үйірмелеріне қатысып жүрген, марапаттар алып жүрген оқушылар. Оқушылардың енді бір тобы – достық пен саяхат тақырыбында жазғанды ұнатқан. Ата-анасымен саяхатқа көбірек шығатын оқушылар бар екен. Достарын бәрінен жақсы

көретін оқушылар достық тақырыбында жазғанды ұнатады екен. Соғыс туралы бір оқушы ғана жазған. Ол оқушының әпкесі тарихтан сабақ береді және сол соғыста ерлік көрсеткісі келетіндігі анықталды. Әңгіме жанрының ерекшелігін меңгерте отырып жазуға бағыттаудың тиімді кезеңі.

2. Екі адамның сөйлесуі әңгіме бола ала ма?

Сауалнамада көрсеткендей бірі әңгіме болады, бірі бола алмайды деген қарсы ой айтқан. Оқушылардың тәсілді жанр ретінде қабылдайтындығы байқалды. Осыдан кейін түсініспеушіліктер 7-сыныптың 3-тоқсанында өзгерді. Жүргізген жұмыс нәтижесінде монолог, диалог кейіпкер табиғатын ашудағы автор қолданған тәсілдердің бірі екендігін пайымдалды. Бұл да кішігірім жетістік.

3. Әңгіме құрастыру үшін жоспар құрастырудың маңызы бар ма?

Сұраққа оқушылардың басым көпшілігі «иә» деп жауап берген. Олар үшін іс-әрекеттің түсінікті және жоспарлы болуы маңызды екені байқалды.

4. Әңгіменің кейіпкері қандай болуы керек, әңгіменің кейіпкері тек Жақсы қасиеттерге ие болуы керек пе?

Сауалнаманың назар аудартар тұсы оқушылардың әңгімені жанр ретінде ерекшелігін білетіндігінде. «Иә» деп 9, «білмеймін» деп 3, «жоқ» деп 12 оқушы жауап берген. Мінездеме туралы оқушылардың білетіндігі көрінді, адам мінезі, әртүрлі мінездегі адамдардың барын, ұнамды кейіпкердің мінездемесі мен ұнамсыз кейіпкердің мінездемесіндегі айырмашылықтарды оқушылардың білетіндігі айқындалды. Әңгімелердегі ұнамды, ұнамсыз кейіпкерлерді, олардың портретін, мінездемесін әлі де тиімді тәсілдермен үйрету қажеттігін түсіндім.

Креативті жазылымда не жазсаңыз да жазылым дағдыңызды шыңдап, жаңа идеялардың туындауына ықпал етеді. Төмендегі кесте арқылы оқушыларды алдын ала даярлап алу үшін әңгіме жазудың қадамдарын үйреттік. «Әңгіме кейіпкерінің сауалнама парағы» оқушыларға әңгіме жазуда тиімді болды. Оқушылар әңгіме жазуда аты, жасы, сырт келбеті, мінезі, кемшіліктері секілді детальдарға мән берді. Бұл – жазылымалды тапсырмасы, оқушының әңгіме жазуға дейінгі ойларын жинақтап, елестету қабілетіне ұшқын түсірді.

«Кейіпкерге сипаттама беру» кестесінен оқушылар әңгіме жазу кезінде пайдалануға болатын қажетті сөздерді ала білді. Оқушылар әңгімені жалаң жазбай, сипаттау сөздерді қосып үйренді, бұл сипаттау сөздер оқушының тіл байлығын, сөздік қорын байытуға әсер етті. Жазылымды жақсартуда пайдалы әдістердің бірі – «рестоврациялау» әдісі, яғни суретті мәтінге айналдырып әңгіме құрастыру, әңгімені қалпына келтіру. 7-сыныпқа суретпен қоса тірек сөздерді (құлан-жабайы жылқы, браконьер, инспектор, ақсақал, Қызыл кітап, «Алтын емел») қолданып сурет бойынша мәтін құрауға тапсырма берілді. Оқушыларға мәтін мазмұнынан ауытқымай, тақырыпты ашу үшін тірек сөздерді беру маңызды. Бұл әдіс оқушыларға оң өзгеріс әкелді. Мәтінмен қоса сурет салған. Сурет салу тапсырмада берілмесе де, оқушылар қосымша сурет салып, ол арқылы өз



эмоциясын көрсете білген. Оқушылардың алды 175-190 сөзден тұратын мәтін құраған. Барлық оқушылар бұрынғы құрастырып жүрген мәтіндерге қарағанда сөздік қорын 20-25 сөзге артық жазған. Осы әңгімені жазу барысында оқушылардың креативті ойлау қабілеттерін дамытуға суретпен жұмыс жасаудың тиімділігін байқадық. Оқытудың осы әдісі оқушыларды жазылымға жетелейтін тиімді тәсілдердің бірі деп айтуға болады. Оған себеп мұғалімнің әдістерді тиімді таңдауы. Оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты әдісті таңдай білуі де маңызды, бұл жастағы балалар комикс сияқты қысқа жанрдағы әңгімелерге қызығатыны белгілі болды.

Қорытындылай келсем, «Креативті жазылымдағы әдіс-тәсілдер» арқылы проблеманы анықтау мен зерттеу, әңгіме құрастыру жазу дағдыларын дамытуда ұтымдылығы анықталды. Зерттеу нәтижелерін талдай келе (диаграммада көрсеткендей) «Креативті жазылымдағы әдіс-тәсілдерді» қолдану оқушылардың жазылым дағдыларын дамытуға көмектесе алатынына көз жеткіздік. Оқушылар әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды қызыға орындады. М оқушысының айтуынша «осындай суретті мәтінге айналдыру, мәтінді аяқтау сынды тапсырмаларды орындау қызықты, жалықтырмайды, өз ойымыздан еркін жаза аламын, осындай тапсырамалар көп орындайықшы» дейді. Оқушылардың 70 пайызы жақсы жазған. Жазылымды жақсартуда пайдалы әдістердің бірі – «трансформациялау» әдісі, яғни суретті мәтінге айналдырып әңгіме құрастыру. Суретпен қоса тірек сөздерді беру мәтіннің тақырыбын ашу үшін маңызды. Бұл әдіс оқушыларға оң өзгеріс әкелді.

Оқушылардың жазба дағдыларын жетілдіру, дамыту үшін осындай әдіс тәсілдерді түрлендіріп қолдану тиімділігін көрсетті.

Білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнін оқыту тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытуға негізделген. Осы дағдылардың ішіндегі ең күрделісі - жазылым дағдысы, себебі білім алушы тыңдалым, айтылым, оқылым дағдыларын меңгергенін жазылым арқылы бекітіп отырады. Оқушылар жазба жұмысы арқылы барлық дағдыларда меңгерген білімдерін көрсетеді. Айтылым еркін қолайлы табиғи орта мен баланың қажеттілігіне сәйкес болғандықтан оңай меңгеріледі, ал жазба барысында ондай ішкі қажеттілік туындамайды, кейде неліктен жазу керек деген де ой да келеді. Ол жазылымның ерекшеліктеріне, өзіндік шартты заңдылықтарына байланысты.


Оқушылардың жазылым тапсырмаларын орындау кезінде шорқақтық танытатынын өз тәжірибемізден де көріп жүрміз. Жазуда сөйлемдерді байланыстыра алмау, ойды шашыраңқы, жүйелі жеткізе алмау, сөздердің қайталанулары сияқты олқылықтар кездеседі. Осы олқылықтарды болдырмау ғана емес, креативті ойлау арқылы шығармашылық өнім беру үшін мұғалімге әдіс-тәсілдерді жетілдіру маңызды.

Жазылымды меңгертудің түрлі әдіс-тәсілдерін жетілдіріп, зерттей отырып сабақтарымызда қолдандық. «Шығармашылық жазылымды қалай

дамытуға болады?» - деп ойлана келе, зерттеу тақырыбын «Әңгіме жанрының құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшелігін ажырату: шығармашылық жазылым. Әңгіме жазу» тақырыбында алдық. Жазылымның көркем және деректі шығарма, өлең сияқты түрлері өте көп. Креативті жазылымда не жазсаңыз да жазылым дағдыңызды шыңдап, жаңа идеялардың туындауына ықпал етеді. Зерттеуді оқушыларымыздың жазылым тапсырмаларын орындау барысында кеткен қиындықтарының себебін анықтаудан бастадық, ең алдымен сауалнама жүргіздік. Төмендегі кесте арқылы оқушыларды алдын ала даярлап алу үшін әңгіме жазудың қадамдарын үйреттік. Оқушылар кестені толтырады, әңгіме жазу барысында кестедегі мәліметтерді пайдалану ұсынылады. «Әңгіме кейіпкерінің сауалнама парағы» әдісі оқушыларға әңгіме жазуда тиімді болды. Оқушылар әңгіме жазуда аты, жасы, сырт келбеті, мінезі, кемшіліктері секілді детальдарға мән береді. Бұл – жазылымалды тапсырмасы, оқушының әңгіме жазуға дейінгі ойларын жинақтап, елестету қабілетіне ұшқын



түсіреді.



«Кейіпкерге сипаттама беру» кестесінен оқушылар әңгіме жазу кезінде пайдалануға болатын қажетті сөздерді алады. Оқушылар әңгімені жалаң жазбай, сипаттау сөздерді қосып үйренеді, бұл сипаттау сөздер оқушының тіл байлығын, сөздік қорын байытуға үлкен әсер етеді. Сонымен бірге кейіпкерге сипаттама беру кестесін толтырып отырып, өзгеше идея туындап, детальдарды алға шығару, оқырман назарын детальға аударту.

Жазған 24 оқушының он бірі мәтінмен қоса сурет салған. Сурет салу тапсырмада берілмесе де, оқушылар қосымша сурет салып, ол арқылы өз эмоциясын көрсете білген. Оқушылардың алды 175-190 сөзден тұратын мәтін құраған. Барлық оқушылар бұрынғы құрастырып жүрген мәтіндерге қарағанда сөздік қоры 20-25 сөзге артқан. Осы әңгімені жазу барысында оқушылардың креативті ойлау қабілеттерін дамытуға суретпен жұмыс жасаудың тиімділігін байқадым. Оқытудың осы әдісі оқушыларды жазылымға жетелейтін тиімді тәсілдердің бірі деп айтуға болады. Оған себеп әдістерді тиімді таңдау болды. Оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты әдісті таңдай білуі де маңызды, бұл жастағы балалар комикс сияқты қысқа жанрдағы әңгімелерге қызығатыны белгілі болды.



Оқушылардың жазба дағдыларын жетілдіру, дамыту үшін осындай әдіс тәсілдерді түрлендіріп қолдану тиімділігін көрсетті.


Кітаптың мұқабасын мұқият зерттеп, мазмұнын болжап көр.

Сюжетті суреттер беру арқылы оқушыларға әңгіме тақырыбын қоюға үйрету. Кітапқа бір-біріне қарама-қарсы екі сөзбен сипаттама беру. «Берілген суреттегі кітапқа бір-біріне қарама қарсы екі сөзбен сипаттама бер» тапсырмасы арқылы оқушылар сипаттау сөздерді өздігінен ізденіп үйренді. Оқиганы жалғастырып жаза алды. «Есікті ашып қалсам...» Бұл әдіс арқылы оқушының ой - қиялы ұшқырланып, көз алдына оқиганы елестете отырып әңгімені жалғастыра алды.

«Жазбай қалған қаламның кейпіне еніп сөйлеу», «Жыртылған доптың атынан сөйлеу», «Жартылай тістелген алманың атынан сөйлеу» сынды тапсырмалар беру арқылы креативті жазылымға бағыттауға болады. Оқушылар рөлге еніп, ішкі сезімін, эмоциясын монолог түрінде жеткізуге үйренді. Скайнерленген оқушы жұмыстарына назар салсаңыздар, оқушының жазба жұмысына деген қызығушылығын көруге болады.



#### Жазбай қалған қаламның кейпіне еніп сөйлеу



Осындай түрлі әдістерді қолдану арқылы оқушылардың жазылым дағдыларын шыңдауға болатынына көз жеткіздім, күнделікті бір нәрсені жазудан жалыққан оқушылар жаңаша серпін алып, шабыттана бастады. Шығармашылық жазба жұмысы оқушылардың тілдік дағдыларын дамытады. Бұл жұмыс түрі мұғалімнен әр оқушының жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерінің, танымдық іс-әрекеттері мен дағдыларының деңгейіне сәйкес дамытатындай әдістемелік қолдауды қажет етеді. Шығармашылық өнімді еңбекке алып келетін, шабыт беретін ерекше шығармашылық орта қалыптастыруды, өзінің қиял ойларын көрсете алатын жазба жасауға мүмкіндік беретін арнайы әдіс- тәсілдерді саралау маңызды екеніне көзім жетті. Демек, бала қиялын дамыту үшін оның тәжірибесін байыту керек. Жазба жұмысының түрлері мен тақырыптарын балалардың жеке тәжірибесімен және өмірлік жағдаяттарымен байланыстыра, жас ерекшелігін ескере отырып жаздыру тиімді. Біз балалардың әдеби шығармашылығын дұрыс бағыттауымыз қажет екендігін осы зерттеу барысында ұғындым. Оқушыларға оны толғандыратын, қиялын өрбітетін, өзіндік ой-толғанысын жазуға

итермелейтін, оған іштей таныс және түсінікті тақырыптарды ұсыну бала шығармашылығының табысты болуына жақсы әсер етеді.

Диалог жазу арқылы оқушылар өз көңіл күйлерін жеткізе алады, кейіпкердің мінез-құлқын аша алады, ақпаратты жеткізеді, сюжетті дамытады. Монолог жазу арқылы белгілі бір оқиғаны, іс-әрекетті бір-бірімен байланыстыра өрбітіп, айтылар ойды дамыта алады. Көңіл-күй мен ішкі жан дүниесінің толғанысын, тебіренісін баяндай алады. Келесі бір адам немесе заттар туралы хабарлайды, сипаттайды. Оқушының жазу дағдысы күннен-күнге жақсарып, жетіліп келе жатқанына өздерінің жазба жұмыстары дәлел.

Жыл соңында алған сауалнама (қысқартылып алынды)

Сұрақ №1. Қандай жазылым жұмыстарының түрлерімен таныссың?

«Әңгіме кейіпкерінің сауалнама парағы» әдісін әдебиет сабағында орындаймыз. Батыр Баянның мінезінің зұлым екендігін, Бекежанның арамдығын, Ноянның аңғалдығын, сенгіштігін жаздық. Қалмақ қызының қу, сұмдығын, әдемілігін жаздық. Шығармадағы кейіпкердің атын, жасын, сырт келбеті, мінезін, кемшіліктерін ойдан жазамын. Оқушылардың соңғы сауалнамасынан олардың алғашқы сауалнамаға қарағанда көп ілгерлеу бар екендігін аңғаруға болады.

Қорыта келе, креативті жазылымды жақсарту үшін креативті жазылым түрлерін зерттедік. бұл зерттеу жұмысында креативті жазылымдағы әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың жазылым дағдыларын дамытудың жолдарын ұсындық. Зерттеу тәсілі ретінде қолданылған креативті жазылымдағы әдіс-тәсілдердің тиімділігін зерттеу нәтижесі көрсетті. Мұндай кең ауқымды жұмыстар оқушылардың жазылым дағдыларын дамытуға негіз болады. Нәтижесінде жыл бойғы жасалған жұмыстардың өнімі баспа беттеріне мақалалар жарияланды. Креативті жазылымдағы әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың жазылым дағдыларын жақсартуға болатындығына креативті жазылым түрі – рестоврациялау жазбаларының (перифраз, синоним, өңдеу) ықпалы зор екендігіне зерттеу барысында көзім жетті.

Ондыбаева Айжаркын Кузенбаевна  
Астана қ., №64 мектеп-лицейінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

## **КРЕАТИВТІЛІК – БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМУДАҒЫ БАСТЫ КІЛТІ**

Андатпа

Берілген есепте қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың, қатысушы мұғалімнің зерттеушілік дағдыларын, шығармашылық жазылым дағдыларын дамыту жолдары қарастырылады.

Кілт сөздер: зерттеушілік дағдылар, зерттеу, креативтік жазылым, жоғары деңгейде ойлау дағдысы.

2022 жылдың қыркүйек айынан бастап «Өзгерістерден ізденістерге дейін» НЗМ мектептерімен бірлескен жоба қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің арасында басталды. Бұнда фундаменталды зерттеу, қолданбалы зерттеу, іс-әрекетті зерттеу, оқу бағдарламасын бағалау, мониторинг кезеңдерін қамтыды. Пит Дадли: «... Сабақты зерттеудің қандай да бір қатып қалған ережесі жоқ. Әр елдің мұғалімдері бұл әдісті әртүрлі түсінеді және қолданады. Бұл қалыпты жағдай...» деген болатын. Салтанат Аблахатқызы зерттеуді бастаған күннен бастап, зерттеу тәсілдерін, күрделі оқу мақсаттарын жеңіл игертудің жолдарын, жазылым дағдыларын оңтайландыру жолдарынан бағыт -бағдар берді, біз еркін де ерікті түрде зерттеу жұмыстарын жүргізе білдік. Тиімділігі бір күн НЗМ мектептерінде шынайы сабақ көрсек, келесі кездесуде сол жұмысты талқылап, нәтижеге жетер жолды айқын анықтадық.

Зерттеуде әр мұғалім бір сынып, оқу бағдарламасына негізделген оқу мақсаттарын ақылдасып, шығармашылық жазылымды жетілдіру жолын зерттеу тақырыбына ыңғайладық.

Зерттеу сұрағымды анықтауға себеп болған – 7-сынып оқушылары. Балалардың көпшілігінің қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жазылым тапсырмаларында жанр түрлерін ажырата білуі, креативті ойлай алады, бірақ оны креативті жаза білуде қиындық тудыруы, қорытынды жасай білуі сынды зерттеушілік дағдыларының әлі де болса кемшін екенін байқадым.

«Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну» мақсатын жүзеге асырудағы қиындықтарды қалай шешуге болады?», деген зерттеу сұрағы негізінде төменде жұмыстар жүргізілді:

Зерттеуге дейінгі әрекет

Аталмыш сауалнаманы топпен бірге, жетекшіміз С. Аблахатқызымен бірге құрдық. Ең бірінші осы зерттеу жұмыстарын бастамас бұрын жетекші ұсынған біршене әдебиеттерге шолу жасалды. Топпен талқыланды, постерлер қорғалды, нәтижесінде жұмысты қадам қадаммен реттеп алдым


1. Сауалнама құру, таңдалған сыныптың ата-ана рұқсатымен сауалнама алу;

2. Нәтижесінде топта талқылап, келесі жұмысты жоспарлау;

3. НЗМ сабақтарына қатысып, сол сабақтың түрін өз сыныбымда өткізіп бақылау;
4. Сабақтан кейінгі жазба жұмыстарын топта талқылау;
5. Өз кемшілігім, оқушының кемшін тұсын, не жетістігін ортада талқылау;
6. Жазылым дағдысын жақсартудың әдіс-тәсілдерін талқылау;
7. Жазылым тапсырмаларын құру;
8. Шынайы нәтижені айқындау;

Зерттеуге дейінгі сауалнама нәтижесі.

1 кесте



Жоғарыдағы 4 сұрақты қосқанда алғашқы сұраққа (Қандай тақырыпта әңгіме жазғың келеді? Көрсетіп жазыңыз) кино, спорт, адамдар өмірі, табиғат, экология, Ресейдегі соғыс, ауыл өмірі туралы жазғым келеді деген жауаптар алдым.

Сауалнама нәтижесінде оқушылардың фантастика жанрын көп таңдауы, қызықты оқиғаларға жазғым келеді деген жауап біздің осы жанрды жетілдіру керек екен деген ойға қалдырды. Әңгіме мен басқа проза жанрын ажыратуда сыныптың жарты бөлігі дұрыс ажыратса, жартысы дүдәміл ойда. Сондықтан бұл сұрақ көп жұмыс жасауды қажет етеді. Сонымен қатар оқушылар шығармашылықта жоспармен жұмыс жасауды қалайды, бұл шығармашылықтың төмен деңгейін көрсетеді, қиялға жол бермейді, бұл да жұмыс барысында ескерілуі керек.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда ең басты мақсат – оқушылардың сөз қолданысын, сөйлеу тілі мен сөйлеу мәдениетін дамыту, өз ойын еркін айта білуге баулу. Сөйлеу әрекетінің жоғары деңгейі және өнімді түрі жазылым жұмысы болып табылады. “Жазылым 4 дағдының ішінде оқушының нәтиже көрсететін, мұғалімнің өнім алатын дағдысы болып табылады. “Жазылым» термині «жазу» деген мағынаны емес, «жаза

білу», «ойынды басқа біреуге түсінікті болу үшін қағаз бетінде сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді. Ал, креативті жазылым жұмысы оқушының ерекше ой мен идеяларынан көрініс табады.

Оқу бағдарламасына негізделген (7.2.3.1. оқу мақсаты хроника, хабар, очерк, әңгіме құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату) оқу мақсаты бойынша «Қайырымдылық» тақырыбында 7 «Ғ» сыныбында сабақ өткіздім. Оқушыларды топқа бөлгеннен соң, «Қайырымдылық» сөзіне топтастыру жасалды. Мәтіналды тапсырмаға «Қайырымдылық дегенді қалай түсінесіңдер? Қандай қайырымдылық іс жасап көрдіңіздер?» деген сұрақтар төңірегінде ойталқылар жасалды. Тақырыпқа өтпес бұрын тақтаға әңгіме жанрының ерекшелігі мен мақаланың ерекшелігі екі бөлініп, бір әңгіме мен бір мақала үлгісі беріліп талқыланды. «Қайырымдылық» тақырыбында мәтін топқа беріліп, топқа талқылау сұрақтары ұсынылды. Мәтіннің тақырыбы, автордың идеясы, кейіпкердің орнында болсаң не істер едің, хабарландыруды кім жазуы мүмкін деген сұрақтар топқа ұсынылып, сол бойынша тақырып ашылды. Өртүрлі ойлар айтылып, тақырып оқушыны жаңа жақсылық жасауға шабыттандырды, адамдардың мейірімділігі үлгі болды.

Әңгіменің құрлымын қай деңгейде игерді деген сұраққа жауап алу үшін төмендегідей кесте берілді.


Белгілері	Әңгіме	Мақала
Мәселе көтеру		+
Авторлық идеяның болуы	+	
Бірінші жақтан баяндалу	+	
Үшінші жақтан баяндалу		+
Мәселенің шешімін оқырманға қалдыру		+
Кейіпкерлердің болуы	+	
Оқиғаның болуы	+	

Осы кесте бойынша оқушылар «Мәселенің шешімін оқырманға қалдыру» бойынша әңгіме жанрына тән деп көпшілігі белгілеген. Сондықтан келесі сабақта әңгіме мен мақаланың қорытынды бөлімін, яғни шешімін әлі де жіті талдауым керек деп белгілеп қойдым. Келесі тапсырма әдебиет сабағына пәнаралық байланыспен сюжеттік-композициялық талдау жасалды. Компоненттерді сәйкестендіру кестесі ұсынылды.

- |                            |                           |
|----------------------------|---------------------------|
| А – оқиғаның дамуы         | 1. Таңғы серуен           |
| В – оқиғаның басталуы      | 2. Әженің дүкенге кіруі   |
| С – оқиғаның шешімі        | 3. Дүкеннен тез шығуы     |
| Д – оқиғаның шарықтау шегі | 4. Хабарландырудың ілінуі |
| Е – оқиғаның шиелінісуі    | 5. Көмек – шешім          |

Осы тапсырма бойынша барлық балалар дұрыс жауап берді. Қабілеті жоғары оқушыға «Әңгіменің қай бөлігі ерекше, несімен ерекше, дәлелде»,

қолдауды қажет ететін оқушыға «Әңгімедегі сен үшін тосын жағдай?» тапсырмалары ашық микрофон тәсілінде өткізіліп, әңгіме бөлігін іріктеп, түйінді ой айтуға септігін тигізді. Қабілетті оқушыларға хабарландырудың ілініуі мен көмек қолын созған адамдардың адамгершілігі ұнаса, тосын жағдай берілген оқушыға да осы жағдайлар таңқалдырған екен. Осы әдіс сабақты қорытындылауға да жалғасын тауып, оқушылардың сабақта алған білімдерін қайталауға және толықтыруға мүмкіндік берді. Оқушының оқу мақсаттарына жеткенін білу үшін бағалау өте маңызды аспект болып табылады.



Әңгіме құрастыруда тапсырма маңыздылығы жоғары рөл атқарады. Жаңа ойға жетелеуші, ой тастар сөздер топтамасы оқушыларға ұсынылды.

1. Көл жағасында құмда ойнап отыр едің, толқынмен бірге жағаға құмыра шығып қалды. Ішіндегі қағазға былай деп жазылыпты...
2. Көшеде бір таяққа, бірі қасындағыға сүйенген екі адам келді. Сен оларға бір тапсырманы орындау үшін керексің...

	<p>Бала қиялы, шынайы өмірден алшақтамау, оқитын кітаптарының әсері, хат мазмұнының ертегілерде келетін нұсқасы. Шешім: Әлі де даралық жетіспейді, көп кездесетін жағдаяттар</p>





жазылымға алып барады. Оқушылар әңгіме жазуға, әңгіменің құрылымын сақтауға үйренді.

Қадам қадаммен жүргізілетін жұмыстың тиімділігі, сол күні мақсатқа жетпесең қорқыныш сезімін басып, келесі күні қайта серпіліп, сол мақсатқа жету үшін құмырсқадай бейнетқор болу керектігін түсіндім. Зерттеу тәжірибеме оң бағамен қатар тиімді кері байланыстар да ала алдым.

Зерттеу барысында анықталған қиындықтар мен кемшіліктерді саралай келсек, болашақта нені ескеру қажет?

- креативті тапсырмаларды баланың ойлау деңгейіне сай алу;
- қажет әдебиеттерді таңдай білу;
- оқушыларға проблемалық сұрақтарды қамтитын тапсырма ұсыну;
- креативті тапсырмалар жинағын құрастыру, жетілдіру;
- зерттеудің келесі кезеңінде өз пікірлерін дәлелдей білуге бағыттайтын тәсілдерді таңдау;
- синтез деңгейін жетілдіру жолдарын қарастыру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Program. «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т1) пәні бойынша оқу бағдарламасы. Астана, 2018
2. К. Молдашев. От идеи к публикации. Алматы, 2017.
3. Алимов А.К., Рыскулбекова А.Д., Саипова А.А. Мұғалімнің зерттеушілік мәдениетін дамытуға арналған әдістемелік ұсыным. Астана, 2016.
4. Көпжасарова Т.М., Утешева Г.К. Мәтінмен жұмыстың тиімді тәсілдері. Астана, 2016
5. Мурзагалиева А.Е., Утегенова Б.М. Сборник заданий и упражнений. Учебные цели согласно таксономии Блума. Астана, 2015.
6. Савенков А.И. Психологические основы исследовательского подхода к обучению. Москва, 2006.
7. <http://www.science-education.ru/pdf/2018/3/27605.pdf>
8. <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitiye-kriticheskogo-myshleniya>

Сахмурзаева Гулжамила Тохтаровна  
Астана қ., № 59 мектеп-лицейінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

## **КРЕАТИВТІ ЖАЗЫЛЫМНЫҢ ОҚУШЫНЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКСІНЕ ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?**

Аңдатпа

Берілген мақалада креативті жазылымның оқушының эмоционалды интеллектіге әсері қарастырылады. Мектеп оқушыларының креативті жазу дағдыларын қалыптастыруда тиімді әдіс – тәсілдер мен тапсырмалар зерттеу тәсілі ретінде қолданылды. Креативті жазылым бойынша арнайы әдебиеттердің, мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдардың жоқтығы жасырын емес. Зерттеудің мақсаты – осы бағытта ізденіп жүрген мұғалімдерге қажетті материалдарды табуға көмектесу, бағыт беру.

Кілт сөздер: креативті жазылым, эмоционалды интеллект, жазылым дағдысы.

Сабақтарда оқушылардың өз ойын толық жеткізе алмауы, оқыған мәтіндегі оқиғаларды сезінбеуі, реакция білдірмеуі, топтық жұмыс барысында оқушылардың бірін – бірі түсінуге тырыспауы, жағдаяттық сұрақтардың шешімін таба алмауы, жазу дағдысының жеткіліксіздігі зерттеу сұрағына негіз болды.

Зерттеу сұрағы: креативті жазылымның оқушының эмоционалды интеллектісіне әсері бар ма?

Зерттеуге дейінгі сауалнама нәтижесі

Зерттеу барысында 9 мектептен 250 оқушы төмендегі сауалнама сұрақтарына жауап берді:

1. Өзің жақсы көріп оқыған кітабың бар ма?
2. Оқыған кітабыңнан мотивация алдың ба?
3. Оқыған кітабыңнан өзіңе қажетті нәрсе үйрендің бе?
4. Сүйікті кейіпкерлерің бар ма? Қандай қасиеттері ұнайды? Кейіпкерге ұқсағың келе ме?
5. Тағдырына жанашырлық танытқан кейіпкерің бар ма?

«Өзің жақсы көріп оқыған кітабың бар ма?», «Оқыған кітабыңнан мотивация алдың ба?», «Оқыған кітабыңнан мотивация алдың ба?» деген сұрақтарға оқушылардың басым көпшілігі «иә» деп жауап беру арқылы оқушыларда эмоционалды қажеттілік туындап тұрғандығы анықталды және сабақ барысында эмоцияналдық қажеттілікті өтейтіндей тапсырмалар беру маңызды екенін байқатады.

Зерттеудің мақсаты: оқушылардың жазу дағдысын дамыту үшін креативті жазылымның түрлері мен тиімді әдіс – тәсілдерін анықтау.

Зерттеудің объектісі: зерттеу нысаны ретінде 9 мектептен 250 оқушы іріктеліп алынды.

Зерттеу гипотезасы: креативті жазылымның түрлері мен тиімді әдіс – тәсілдері оқушылардың жазу дағдысын дамытуға көмектеседі.

Зерттеу сұрақтары:

Креативті жазылым түрлері қандай?

Креативті жазу – жазу дағдыларын жетілдірудің тәсілі бола ала ма?

Оқушының өзгеше ойлауы, жағдайға бейімделе жинақталуын қалай қалыптастыруға болады?

Мұғалімнің зерттеуі қандай негізгі кезеңдерді қамтиды?

-зерттеуді қажет ететін проблеманы негіздеу(жоғарыда тұжырымдалды);

- мақсат – міндеттерін, объектісін анықтау, гипотеза жасау;

- тиімді әдіс – тәсілдерді таңдау;

- жоспар мен мазмұнын құрылымдау;

- зерттеу жүргізу;

- нәтижелерді талдау және келесі қадамдарды болжау;

- бағалау және қорытынды тұжырым жасау.

### Кіріспе

Қазіргі әлемде ең басты жетістіктердің бірі білім деп саналады. Ата-аналар баласына сапалы білім беруді қалайды және баласының өмірде табысқа жетуіне мүмкіндік беретін білім мен дағдыларды игеруі үшін бар күш-жігерін салады. Жоғары IQ және академиялық біліммен ғана шектелу бүгінгі заман талабына жеткіліксіз.

Не маңыздырақ? Ақыл немесе сезім бе?

Соңғы зерттеулерде қазіргі ұрпақтың IQ деңгейі өсіп, эмоционалды деңгейінің төмендігі жайлы айтылады.

Бұл туралы белгілі невропатолог және физиолог А.Дамасио «эмоция – бұл өмірлік дағдылардың тірегі, онсыз ақыл-ой механизмі дұрыс жұмыс істей алмайды», - деп тұжырымдайды.

Мектепте өзіміз үлкен үміт күтіп, кейін 2-3 диплом алып, бірақ лайықты жалақы мен жақсы жұмыс таба алмаған үздік оқушыларымыз бен мектепті әрең бітіріп, кейін табысты кәсіпкер немесе көшбасшы болған оқушыларымыз бар.

Көптеген зерттеулерге сәйкес, өмірде табысты болу шамамен 80% эмоционалды интеллектке және 20% IQ байланысты.

Ересек шақта білім мен ақылға қоса ортамен қарым-қатынас жасай білу және мақсатқа жету, адамдармен байланыс орнату, икемді болу, басқа адамдарды дұрыс бағалай білу дағдылары маңызды. Эмоционалдық интеллектісі дамыған адамдардың әріптестермен тез тіл табысып, өмірлік жұбайын тауып, берік отбасын құруы оңайырақ болады екен.

Өзінің және басқалардың сезімін түсіну, сезімталдық таныту, адамдармен сүйіспеншілік қарым – қатынаста болу эмоционалды интеллектісінің дамығанының белгісі.

Қандай қасиеттерді дамыту керек?

Біз балаларымызда эмоционалдық интеллектті өмірдің алғашқы күндерінен бастап саналы немесе бейсаналық түрде дамытады екенбіз. Мектепте ол сыныптастарымен және мұғалімдерімен қарым-қатынастың

қалай дамып жатқанын, құрдастарының ортасында беделі, достасуы, мәселелерді шеше алатынын және өзін қорғай алуы маңызды.

Эмоционалды интеллекттің дамуы 5 компонентті қамтиды:

Өзін-өзі тану - адамның өз эмоциялары мен мотивациясын дұрыс түсіну, оның әлсіз және күшті жақтарын бағалау, мақсаттар мен өмірлік құндылықтарды анықтау қабілеті.

Өзін-өзі реттеу - бұл өз эмоцияларын бақылау және импульстарды тежеу.

Мотивация - бұл мақсатқа жету фактісі үшін ұмтылу қабілеті.

Эмпатия – бұл басқалар бастан кешіретін эмоцияларды түсіну, шешім қабылдағанда басқалардың сезімін ескеру және басқа адамдарға эмпатия жасау қабілеті.

Әлеуметтік дағдылар – адамдармен қарым-қатынас орнату және олардың мінез-құлқын қажетті бағытқа бағыттай білу.

Оқушылардың оқу үлгерімін жақсартудың және табандылықты дамытудың бір жолы – икемді ойлау қабілетін жетілдіру.

Нобель сыйлығының иегері Даниэль Канеман «Біздің іс – әрекетіміз бен істеріміз біздің ойымызбен анықталады, бірақ біз өз ойымызды басқарамыз ба?» Кейде қисынсыз нәрселерді жасайтынымызды және қалай дұрыс шешім қабылдайтынымызды өз ойымызды басқара білумен байланыстырады.

Стэнфорд университетінің психология профессоры және «Мышление» кітабының авторы Кэрол Дуэктің айтуынша, жағдаятқа бейімделу, тығырықтан жол тауып шығу - ойлаудың тағы бір түрі - икемді ойлауды дамытады. Ал икемді ойлау "ерекше ойлау ма, саналы ойлау ма, сыни ойлау ма" деген сұрақтар туындағанда ерекше ойлау, яғни, креативті ойлаумен байланыстырады. Креативті ойлау - креатив идея айту, креативті ойлардан туындаған ерекше өнім ретінде қарасақ, оқушының осы дағдысының өмірлік қажеттілік екенін қалай түсіндік?

Креативті болу – ХХІ ғасырдағы сұранысқа ие дағдылардың бірі. Әсіресе, 2019 жылы басталған жаһандық пандемиядан кейін шығармашыл, креативті болу табысты болуымызға, өмір сапасының артуына, қиындықтарда ерекше жол тауып шығуымызға көмектесетін негізгі дағды екендігіне көз жеткіздік. Енді жазылымды айтатын болсақ, креативті жазылым педагогикалық трендтегі тақырыптардың бірі.

Креативті жазу үшін креативті ойлануымыз керек.

Сыни ойлау мен креативті ойлаудың қандай ерекшеліктері бар деп ойлайсыздар?

Сыни ойлау  
Креативті ойлау  
Ғылыми ойлау

} ғалымдар үшке бөледі

Сыни ойлауда – баға береді екенбіз.

Креативті ойлауда – баға беруге акцент қойылмайды.

Ғылыми ойлауда – нақты дәлелденген тұжырымдарға сүйенеді.

Оқушыны сыни, креативті ойлау дағдысын дамытудың маңыздылығы қандай? Оқушының бойына қалыптасады.

Сыни ойлауда – өзін реттеу, өзіне есеп беру, шешім қабылдау.

Креативті ойлауда – жағдаятқа қарай жинақталу, бейімделу (гибкий), проблеманы сезіне алуы.

Әлемдік практикада креативті ойлауды дамытудың үш түрлі жолдары бар.

Синектика әдісі – балама ұсыну, бар идеяны түрлендіру.

Б. Лукас моделі – білімге құмарту, идея дамыту, идея құру.

Триз педагогика – өнертапқыштыққа, тұтынушы емес өндіруші болуға бағыттау.

Креативті ойлауды және эмоционалдық қабілеттерді жазылым арқылы дамытуға болады. Креативті ойлайтын адамдар жаңалықты жақсы көреді және басқаларды жақсы түсінеді, кез келген жағдайға бейімделгіш келеді.

Ажибаева Улжан Батырханқызы  
Астана қаласы  
№55 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

### **КРЕАТИВТІ ЖАЗУ – ОЙДЫ ДАМУДЫҢ ШЫҢЫ**


НЗМ мектебінің мұғалімі Салтанат Әбілахатқызы мен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің арасында 2022 жылдың қыркүйек айында «Өзгерістерден ізденістерге дейін» атты жоба құрылды. Мұнда фундаменталды зерттеу, қолданбалы зерттеу, іс-әрекетті зерттеу, оқу бағдарламасын бағалау, мониторинг кезеңдерін қамтыды. Зерттеудің алғашқы күнінен бастап Салтанат Аблахатқызы зерттеу тәсілдерін, күрделі оқу мақсаттарын жеңіл игертудің жолдарын, жазылым дағдыларын оңтайландыру жолдарынан бағыт-бағдар берді, біз еркін де ерікті түрде зерттеу жұмыстарын жүргізе білдік. Аптаның бейсенбі күнінде НЗМ мектептерінде Салтанат Аблахатқызының сабағын көрсек, келесі кездесуде сол сабақты талқылап, сабақта қолданылған әдістері мен оқу мақсатына қалай жету керектігін талқылап, тәжірибе алмасып жүрдік. Сабақта көрген әдістерді, соның ішінде креативті жазылымға бағытталған тапсырмаларды өзіміз зерттеуге алған сыныппен жүргізіп жүрдік.

Кез келген тілде тілдік қатынас жасау деңгейін жетілдіруде, әсіресе жазылым әрекетін дамытуда арнайы қарастыруды қажет ететін мәселелер бар. Жазылым сөйлеу әрекетінің өнімді түрі болып есептеледі. Ал креативті жазылым бұл аудиторияның ерекше бір көңіл-күйде, шығармашылық еркіндікте болғанда ғана іске асуы мүмкін. Креативті жазылымның негізгі мақсаты жазылым әрекеті кезінде оқушының осы жазылым әрекетінен қуаныш пен көтеріңкі көңіл-күйде болуы болып табылады.

Зерттеуге дейінгі сауалнама нәтижесі.

Ең алдымен оқушы неге қызығатынын анықтап алу мақсатында оқушылардан сауалнама алдым. Оқушыларды қандай тақырыптар қызықтыратынын сауалнама арқылы анықтадым.

Зерттеуге 5 "К" сыныбын алдым. Алғашық алынған сауалнамаға 24 оқушы қатысты. Сауалнама оқушылардың әңгіме жазудағы қызығушылығына қарай бағытталды. Сауалнама нәтижесі төмендегідей:



Зерттеуі мынадай негізгі кезеңдерді қамтиды

- зерттеуді қажет ететін проблеманы негіздеу (жоғарыда тұжырымдалды);
- мақсат-міндеттерін, объектісін анықтау, гипотеза жасау;
- тиімді әдіс-тәсілдерді таңдау;
- жоспар мен мазмұнын құрылымдау;
- зерттеу жүргізу;
- нәтижелерді талдау және келесі қадамдарды болжау;
- бағалау және қорытынды тұжырым жасау [2].

Зерттеудің мақсаты: кретивті жазылым дағдысын арттыруға бағытталған әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың жазылым дағдысын қалыптастыру.

Зерттеудің объектісі: 5 «К»- сынып оқушылары

Зерттеу гипотезасы: оқушылардың кретивті жазылым дағдысын қалыптастыруда түрлі әдістер қолдану

Зерттеу сұрақтары:

- жазылым дағдысын қалыптастырудың қадамдарын қалай үйретемін?
- қандай әдістер арқылы оқушылардың жазылым дағдысын қалыптастыра аламын?
- оқушылардың кретивті жазуын қалай дамытуға болады?

Сыныпта белгілі бір жазылым тапсырмасын толық орындау үшін оқушыларға мынадай қадамдар ұсындым:

- жазғыңыз келетін нәрсенің мақсатын анықтап алыңыз;
- ойыңызды дұрыс жеткізуді жоспарлаңыз;



- шимай нұсқасын жазып көріңіз;
- түзетіп, мазмұнын толықтырыңыз;
- сауаттылыққа тексеріп шығыңыз;
- дұрыс нұсқанызды жазыңыз.

Оқушылардың әңгіме жазудағы кедергілерін анықтап алғаннан кейін жазылым дағдысын жетілдіруге байланысты әдістерді қолдана бастадым. Бастапқыда оқушыларды жазылымға мына жаттығулар арқылы тарттым:

- 1) «Аққу» күйін тыңдай отырып, көз алдыңызға не елестетесіз? қағаз бетіне түсіріңіз;
- 2) "Көк тудың желбірегені" әнін тыңдай отырып, суреттейтін мәтін жазыңыз;
- 3) суретке қарап 4-5 буынды өлең шығарыңыз;
- 4) топтарға бөлініп, шытырман оқиғаға толы қызықты әңгімелер жазыңыз;
- 5) керемет бір қызықты жерінде үзілген әңгімені аяқтап, түпнұсқамен салыстырыңыз;
- 6) бір рөлге кіріп, рөл иесін сипаттаңыз;
- 7) ойдан шығарылған кейіпкерлерге хат жазыңыз.

Осы тапсырмаларды орындауда оқушылар арасында біршама кедергілер болды. 1-тапсырма бойынша күйді тыңдап, суреттеп жазуда оқушылардың 45 %-ы ғана орындай алды. Үздік жазған оқушылардың жұмыстарын үлгіге ала отырып, қайта осы үлгідегі тапсырманы орындағанда, аздап өзгеріс байқалды.

"Киім. Сән. Талғам" бөлімі бойынша өтілген сабақта Қазақстанға белгілі дизайнермен берілген сұхбаттың бастапқы бөлігін тыңдатып, ары қарай өз ойыңызбен жалғастырып жаздырып, жазған жазбаларын түпнұсқамен салымтыруда оқушылардың жұмыстары біршама жақсарғанын байқадым. Жазылым тапсырмаларын орындауда оқушылардың басым бөлігі орындай алған кейіпкерге хат жазу жаттығуы болды. кейіпкерге хат жазуда құрылымын сақтап жазуды басты назарға алды.

Салтанат Әбілахатқызының тәжірибесінен көрген жазылымға бағытталған әдістің бірі - монолог жазу. Яғни, табиғаттың немесе заттардың, адамдардың атынан монолог жазу. Бұл әдісті "Адамның сырт келбеті" тақырыбында өткен сабағыма қолдануды жоспарладым. Әр оқушы өздерінің қалауымен адамның бет әлпетінің атынан монолог жаза бастады. Бірі қазіргі таңда табиғи бет әлпетін өзгертіп, жасанды қас пен кірпіктің атынан оң әсерін жазса, бірі теріс жағынан монолог жазды. Бұл әдістің оқушыларға ұнағанын байқадым.

"Теріс әрекеттен оң әрекетке немесе оңнан теріске ауыстыру" әдісін "Қиял әлемі" бөліміндегі "Компьютер адам сияқты ойлана ала ма?" тақырыбында өткен сабаққа қолданып көрдім. "Жұптық жұмыс" ретінде оқушыларға компьютердің пайдалы жағын ұсындым. Олар оның теріс

жақтарын дәлелмен тауып жаза бастады. Жұптар арасында талқылап, өз жазбаларын ұсынды.

Оқушылардың қызығушылығымен күнделік жазуға да тоқталып өттік. Француз жазушысы Жюль Ренар: «Күнделік – адам жанының айнасы» Расында, күнделік бұл кім/қайда/қашан? деген сұрақтарға жауап табу ғана емес, ішкі және сыртқы әсері, адамның көңіл-күйі сырлы сезімі, адам жаны көрініс табатын жанр.

Күнделік жанрын жаздыруда ұсынылатын жазылымалды ұйымдастырушы



#### Күнделік жазудың алгоритмі:

- 1.«Қашан?» ұяшығына мерзімін көрсетіңіз.
- 2.«Қайда?» ұяшығына мекенін көрсетіңіз.
3. «Сыртқы әсер» мен «Ішкі әсер» ұяшығын қатар толтырыңыз.
4. Ішкі және сыртқы әсеріңізбен бөліскенде, көркемдегіш құралдарды тиімді қолданыңыз.
5. Зерттеуші ғалымның ішкі жан сыры мен көңіл-күйін толық ашуға тырысыңыз.


Ашық хат - қоғамдық ой-пікірді білдіру мақсатында жазылатын, өзекті мәселелерді көтеретін жанр.

#### Ашық хат жазудың алгоритмі:

1. ашық хат жазудың мақсаты мен міндетін, саласын және өзектілігін атап өтіңіз;
2. сіз көтеріп отырған тақырып аясында туындаған мәселелерді баяндаңыз;
3. мәселелердің себептерін анықтап беріңіз;
4. себептерден туындайтын салдарларды атап өтіңіз;

5. сөзіңізді аргументтермен нақтылай түсіңіз;
6. мәселенің шешу жолдарын ұсыныңыз.

Мәселелерді зерттеу диаграммасы



Хабарландыру – бір нәрсе туралы хабарлау мақсатында газетке, журналға, басылған немесе бір жерге ілініп қойылған мәтін.

Хабарландыру жазудың алгоритмі:

хабарлайтын тақырыбыңызды анықтаңыз;

хабарлаудағы мақсатыңызды анықтаңыз;

хабарлайтын аудиторияңызды анықтаңыз;

сіздің хабарлайтын тақырыбыңыз туралы аудиторияңыз не білетінін қарастырыңыз;

аудиторияңыздың не білгенін қалайсыз?

тақырып ұяшығындағы бос орынға хабарландыру мәтіндегі деректерді жазыңыз.

Хабарландыру жаздыруда ұсынылатын жазылымды жобалау картасы

Тапсырма. Берілген сызбаны қолданып,өзіңіздің өмірбаяныңызды жазыңыз.

**Өмірбаян**

Мен, \_\_\_\_\_ , \_\_\_\_\_ жылы \_\_\_\_\_  
облысының \_\_\_\_\_ ауданында тұдым.  
\_\_\_\_\_ қыркүйекте \_\_\_\_\_ сыныпқа қабылдандым.  
\_\_\_\_\_ сыныптан \_\_\_\_\_ сыныпты бітіргенше,  
\_\_\_\_\_ пәннен \_\_\_\_\_ бағамен оқыдым.  
\_\_\_\_\_ бастап балабақшада тәрбиелендім.  
\_\_\_\_\_ сыныпты бітірген жылы \_\_\_\_\_ демалыс  
лагерінде демалдым. \_\_\_\_\_ сыныпты бітірген жылы жазды  
Нұр-Сұлтанда өткіздім. \_\_\_\_\_ сыныпты бітіргеннен бастап  
\_\_\_\_\_ демалыста \_\_\_\_\_ тәжірибе алаңында жұмыс  
істедім. \_\_\_\_\_ сыныпты бітіргеннен кейін \_\_\_\_\_  
мамандығы \_\_\_\_\_ бойынша оқуға тапсырмақпын.  
Қазыкенұлы Нүрәділ  
\_\_\_\_\_ шілде, \_\_\_\_\_ жыл.

Қорытындылай келе, оқушының қиялын дамыту үшін тәжірибесін дамыту керектігі анық. Айтылымға қарағанда, оқушылар жазылым дағдысын жүзеге асыруда қиналады. Оның себебі, айтылым еркін, қолайлы табиғи орта мен баланың қажеттілігіне сай болуына байланысты болуы мүмкін, ал жазылымда осындай ішкі қажеттілік туындамайды, кейде осы жазу неге керек деген ой да келеді. Ол жазылымның ерекшеліктеріне, өзіндік шартты заңдылықтарына байланысты да. Выготский «Воображение и творчество в детском возрасте» атты шығармасында мектеп тәжірибесіндегі жазба жұмыстарының тақырыптарына тоқталып, олардың оқушылардың қиялы мен ішкі сезіміне қатысты еместігін сөз етеді. «Ондай педагогтар балалардың әдеби шығармашылығын дұрыс бағыттамайды, шынайы әдемілігін, өзіндік ерекшелігін, бала тілінің жарқындығын өлтіреді» деген. Сондықтан да оқушыларға оны толғандыратын, қиялын өрбітетін, өзіндік ой-толғанысын жазуға итермелейтін, оған іштей таныс және түсінікті тақырыптарды ұсыну бала шығармашылығының табысты болуының кепілі. Көбінесе оқушылар да не жазарын білмегендіктен де тапсырманы орындай алмайтындығы белгілі. Бала өзіне таныс, жақын және түсінікті нәрсе туралы жақсы жазады. Керісінше болған жағдайда «мұғалімдер олардың бойындағы жазушы болу қабілетін өлтіреді», - дейді Л.С. Выготский.

Зерттеу барысында анықталған қиындықтар мен кемшіліктерді саралай келсек, болашақта оқушылардың қажеттілігі мен олардың деңгейін

ескеру керек деп ойлаймын. Зерттеу барысында оқушылар арасында мынадай қиындықтар туындады:

- креативті жазу үшін креативті ойлау қажет екендігін ескерсек, кейбір оқушылардың ойлау қабілетінің төмендігі;
- сөздік қордың аздығы;

Алдағы уақытта осы қиындықтар мен кемшіліктерді жою үшін тапсырма орындаудың қадамдарын нақтылы түрде түсіндіріп, деңгейлері бойынша тапсырма құраған дұрыс болатын шығар деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. [http://kazatu.kz/assets/i/science/sf9\\_mod\\_233.pdf](http://kazatu.kz/assets/i/science/sf9_mod_233.pdf)
2. [https://ziatker.kz/docx/kreativti\\_oqysy\\_daiyндау\\_yaqyt\\_talaby\\_23242.html](https://ziatker.kz/docx/kreativti_oqysy_daiyндау_yaqyt_talaby_23242.html)
3. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы –NIS-Programme, 2018 жыл

## **КРЕАТИВ ИДЕЯЛАРДЫ ЖИНАҚТАУ – ӘНГІМЕ ЖАЗУҒА БАҒЫТТАУ**

### Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ тілі сабақтарында 7,8 – сынып оқушыларын креативті идеяларды жинақтау арқылы әңгіме жазуға қалай бағыттауға болатындығы қарастырылады. Оқушылардың әңгіме жазу дағдыларын қалыптастыруда тиімді әдіс – тәсілдер мен тапсырмалар зерттеу құралы ретінде қолданылды.

Зерттеудің мақсаты – әңгіме жазуда тиімді әдіс – тәсілдер мен тапсырма түрлерін анықтау.

Кілт сөздер: әңгіме жазу, креативті жазу, жазу дағдысы.

Оқушылардың әңгімені жазылымның басқа түрлерінен ажырата алмауы, диалогтарды әңгімемен шатастыруы зерттеу сұрағына негіз болды.

Зерттеу сұрағы: қазақ тілі сабақтарында 7,8 – сынып оқушыларын креативті идеяларды жинақтау арқылы қалай әңгіме жазуға болады?

Зерттеуге дейінгі сауалнама нәтижесі

Зерттеу барысында 38 оқушы сауалнаманы толтырды. Зерттеуге қатысушылардың әңгіме жазу дағдысының деңгейін анықтайтын сауалнама қолданылды. Сауалнама 5 сұрақтан тұрады.

Сауалнама :

1. Қандай тақырыпта әңгіме жазғың келеді?

Көрсетіп жазыңыз

2. Екі адамның сөйлесуі әңгіме бола ма?

3. Әңгіме құрастыру үшін жоспар құрастырудың маңызы бар ма?

4. Әңгіменің кейіпкері қандай болу керек? Әңгіменің кейіпкері тек жақсы қасиеттерге ие болуы керек пе?

5. Әңгімедегі оқиға орны сипатталуы керек пе?

Зерттеудің мақсаты: оқушылардың әңгіме жазу дағдыларын қалыптастыру үшін тапсырмалар түрлері мен тиімді әдіс - тәсілдерін анықтау.

Зерттеудің объектісі: зерттеу нысаны ретінде 7,8 – сынып оқушылары іріктеліп алынды.

Зерттеу гипотезасы: әңгіме жазудың әдіс – тәсілдерін сабақта тиімді қолдану оқушылардың жазу дағдысын дамытуға көмектеседі

Зерттеу сұрақтары:

Әңгіменің басқа жазылым түрлерінен қандай ерекшелігі бар?

Әңгіме жазуға бағыттауға қандай тапсырма түрлері мен әдіс – тәсілдерді қолдануға болады?

Мұғалімнің зерттеуі қандай негізгі кезеңдерді қамтиды?

- зерттеуді қажет ететін проблеманы негіздеу (жоғарыда тұжырымдалды);
- мақсат – міндеттерін, объектісін анықтау, гипотеза жасау;
- тиімді әдіс – тәсілдерді таңдау;
- жоспар мен мазмұнын құрылымдау;
- зерттеу жүргізу;
- нәтижелерді талдау және келесі қадамдарды болжау;
- бағалау және қорытынды тұжырым жасау.

Зерттеудің алғашқы кезеңінде оқушылардан алынған сауалнаманың нәтижесі:

1. Қызықты оқиғаларға жазғым келеді деген жауаптың басым болуы оқушының жас ерекшелігіне сай (орта буын) қызығушылығы шытырман оқиғалы ғажайып әңгімелерге деген қажеттіліктен туындаған. Бұл жастағы оқушыны көркем әдебиеттің де проза жанрын ерекше ұнатып, әлемді танитын кезі және осы кезде әңгіме жанрының ерекшелігін меңгерте отырып жазуға бағыттау тиімді кезең.

2. Екі адамның сөйлесуі әңгіме бола ма? деген сұраққа оқушылардың жауабы әртүрлі. Бірі әңгіме бола алмайды десе, біреуі болады деді. Бұдан байқайтынымыз оқушылардың тәсілді жанр ретінде қабылдайтындығы. Теориялық білімді әлі де шыңдау керек.

3. Әңгіме құрастырудағы жоспардың маңызы туралы сұраққа оқушылардың басым көпшілігі «иә» деп жауап беру арқылы оқушы үшін іс-әрекеттің нақтылығы, түсініктілігі жоспарлы болуы маңызды екенін байқатады, екінші жағынан бұл оқушы қиялын тұсайтын шектеу.

4. Әңгіменің кейіпкері қандай болу керек? деген сұраққа оқушылар кейіпкерлердің түрлі қасиеттері жағымды да, жағымсыз да бейнелері болу керек деген.

5. Әңгімедегі оқиға орны сипатталуы керек пе? деген сауалға оқушылар әртүрлі жауап берген бірі керек десе, кейбірі маңызды емес деп жауап берген.

Әңгіме дегеніміз – оқиғаны қара сөзбен баяндайтын шағын көркем шығарма. Әңгімеде оқиға қысқа баяндалады, кейіпкерлер саны аз болады. Оқиғаның басталуы, дамуы, аяқталуы беріледі. Адам өз басына өткен оқиғаны үнемі әңгімелеп отыруды ұнатады. Әңгімелеу кезінде адам өз сезімін, әсерін басқаларға жеткізуге тырысады. Оқиға көбіне бірінші жақта баяндалып, әңгімешінің оқиғаға тікелей қатыстылығы көрінеді.

Әңгіменің жанрлық ерекшелігі оқиғаны баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы, көркемдік жүйесі арқылы айқындалады. Әңгіме жанры аз сурет арқылы көп жаңды аңғарта білетін айрықша көркемдік шеберлікті талап етеді.

Сауалнаманың назар аудартар тұсы оқушылардың әңгімені жанр ретінде ерекшелігін теориялық тұрғыда білгенмен, әңгіме жазуда түрлі кедергілерге тап болуы.

Әңгіме жазу барысында кездескен қиындықтарды жою үшін қызықты тапсырмалар беріліп, түрлі әдіс-тәсілдер қолданылды. «Әңгіме кейіпкерінің сауалнама парағы» әдісі арқылы оқушыларды әңгіме жазудың қадамдарын үйртуге болады. Кестені толтырады, әңгіме жазу барысында кестедегі мәліметтерді пайдалану ұсынылады. Оқушылар әңгіме жазуда аты, жасы, сырт келбеті, мінезі, кемшіліктері секілді детальдарға мән береді.

Әңгіме кейіпкерінің сауалнама парағы	
Аты:	
Жасы:	
Сырт келбеті:	
Мінезі:	
Адамгершілік қасиеттері:	Кемшіліктері:
Кейіпкерге қатысты басты мәселе:	
Достары:	Дұшпандары:

#### «Кейіпкерге сипаттама беру»

Кейіпкердің есімі;  
 Кейіпкердің лақап аты;  
 Кейіпкердің туыстары мен жақындарының атауы;  
 Басқа кейіпкерлермен туыстық қатынасы;  
 Жасы. Мамандығы, оның кейіпкердің ішкі және сыртқы бейнесіне әсер етуі;  
 Сөйлеу ерекшеліктері (тіл кемістіктері, акценті бар ма?);  
 Үнемі қолданатын сөздері, сөз тіркестері;  
 Мінез түрі (шорт, өр, қатаң, ауыр, т.б)  
 Бойы, дене бітімінің ерекшелігі;  
 Шашы «ұзындығы, түсі, шаш үлгісі»;  
 Көзі: түсі, көлемі, ерекше белгілері (бота көз, көккөз, сығыр көз, жалғыз көзді, соқыр, қыли т.б.);  
 Мұрны, аузы, тістері;  
 Сақал-мұрты, құлағы, қалы;  
 Қол-аяғының ерекшелігі;  
 Әдеттері (дене қимылына қатысты);  
 Киім кию үлгісі;  
 Үнемі ұстап жүретін заттары.

«Кейіпкерге сипаттама беру» кестесінен оқушылар әңгіме жазу кезінде пайдалануға болатын қажетті сөздерді алады. Оқушылар әңгімені жалаң жазбай, сипаттау сөздерді қосып үйренеді, бұл сипаттау сөздер



оқушының тіл байлығын, сөздік қорын байытуға үлкен әсер етеді. Сонымен бірге кейіпкерге сипаттама беру кестесін толтырып отырып, өзгеше идея туындап, детальдарды алға шығару, оқырман назарын детальға аудартуға мүмкіндік береді. Жазылымды жақсартуда пайдалы әдістердің бірі – «трансформациялау» әдісі, яғни суретті мәтінге айналдырып әңгіме құрастыру. Оқушыларға мәтін мазмұнынан ауытқымай, тақырыпты ашу үшін тірек сөздер мен сюжетті суреттер берудің маңызы зор. Бұл әдіс оқушыларға әңгіме жазуға деген қызығушылықтарын арттырады. Оқушылардың креативті ойлау қабілеттерін дамытуға суретпен жұмыс жасаудың тиімді екенін айтуға болады

Сюжетті суреттер беру арқылы оқушыларға әңгіме тақырыбын қоюға үйрету. «Берілген суреттегі заттарға бір-біріне қарама қарсы екі сөзбен сипаттама бер» тапсырмасы арқылы оқушылар сипаттау сөздерді өздігінен ізденіп үйренеді.

Оқиғаны жалғастырып жазу. «Есікті ашып қалсам...» Бұл әдіс арқылы оқушының ой - қиялы ұшқырланып, көз алдына оқиғаны елестете отырып әңгімені жалғастырады.

«Жазбай қалған қаламның кейпіне еніп сөйлеу»,

«Жыртылған

доптың атынан сөйлеу», «Жартылай тістелген алманың атынан

сөйлеу» сынды тапсырмалар беру арқылы креативті жазылымға

бағыттауға болады.



Шығармашылық

жазба–оқушылардың тілдік

дағдыларын дамытуға

бағытталған тіл

дамыту жұмыстарының бір түрі. Білім алушылардың тілді ерекше формада қолдануы,

лексикалық және грамматикалық дағдыларды пайдалан

ып, өзіндік ойы мен қиялын көрсететінін жазбажұмысы. Шығарма-шылық

жазба жұмысы оқушы тарапынан ізденімпаздықты, логикалық ойлау

қабілетін, ынта мен жігерді талап етеді. Бұл жұмыс түрі мұғалімнен әр

оқушының жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерінің, танымдық іс-әрекеттері

мен дағдыларының деңгейіне сәйкес дамытатындай әдістемелік қолдауды

қажет етеді. Шығармашылық өнімді еңбекке алып келетін, шабыт беретін

ерекше шығармашылық орта қалыптастыруды, өзінің қиял ойларын көрсете

алатын жазба жасауға мүмкіндік беретін арнайы әдіс- тәсілдерді саралау

маңызды.

1- тапсырма. Суретке тақырып қой, бастапқы

кезеңде олардың шығармашылығын

дамытуда тірек қолдау түрлері қажет. Л.С. Выготский өзінің

«Бала жасындағы қиял

және шығармашылық» атты еңбегінде

«шығармашылық әрекет деп адамның жаңа

туынды жасау әрекеті» дейді. Автор «шығармашылық қиял әрекеті адамның алдыңғы тәжірибесінің байлығы мен алуандығына тікелей байланысты», ол фантазияны тудыратын материал, тәжірибе қаншалықты бай болса, соншалықты қиялы да ұшқыр болады деген ой қорытады.

## КРЕАТИВТІ ЖАЗЫЛЫМҒА БАҒЫТТАЙТЫН ӘДІС -ТӘСІЛДЕР

### Аңдатпа

Қазіргі заман талабына сай білімді, жан жақты дамыған, рухани бай тұлғаның қалыптасуында жазылым жұмыстарының маңызы ерекше. Осы ретте, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту барысындағы негізгі міндеттердің бірі – оқушыларды көркем де сауатты жазуға дағдыландыру, еркін ойлауға, қиялдай білуге, алған мол теориялық білімдерін практикада қолдана білуге дағдыландыру [1].

Бұл мақалада оқушылардың жазылым дағдыларын дамыту жолдары қарастырылады. Қандай әдіс-тәсілдердің креативті жазылымды дамытуға көмектесетіндігі айтылады.

Зерттеу сұрағыма негіз болған – 5-сынып оқушылары. Оқушылардың басым көпшілігінің өз ана тілінде оқығанын, көргенін суреттеп, ішкі ой-сезімін еркін жазбаша жеткізуде қиналатындығы.

Кілт сөздер: зерттеу, креативті жазылым, әдіс-тәсілдер, жазылым дағдысы

Диаграмма. Зерттеуге дейінгі сауалнама нәтижесі.

- Қандай тақырыпта әңгіме жазғың келеді?
- Екі адамның сөйлесуі әңгіме бола ала ма?
- Әңгіме жазу үшін жоспар құрастырудың маңызы бар ма?
- Әңгіменің кейіпкері қандай болуы керек? Әңгіменің кейіпкері тек жақсы қасиеттерге ие болуы керек пе?
- Әңгімеде оқиға орны сипатталуы керек пе?
- Әңгіме қызықты болу үшін тағы (тақырып, идея, жоспар, кейіпкерден басқа) не керек?



Зерттеу жұмысымды оқушылардан сауалнама алудан бастадым. Жинақталған деректер оқушылардың әңгіме жазуда түрлі кедергілерге тап болатындығын көрсетті. Атап айтқанда, кейбір оқушылар қандай тақырыпта әңгіме жазғысы келетінін, әңгіме жазу кезінде жоспардың қаншалықты маңызды екенін, оқиға орны туралы, әңгіме құрылымын білмейтіндігін көрсетті. Осы олқылықтардың шешу жолы ретінде қандай әдіс-тәсілдерді қолданған тиімді? Зерттеу сұрағымды осы тақырыпта алғанды жөн көрдім.

Зерттеу сұрағыма бағыт-бағдар берген 2022 жылдың қыркүйек айында «Өзгерістерден ізденістерге дейін» тақырыбында өткізілген НЗМ мектептерімен бірлескен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің тәжірибе алмасу алаңы болды. Бұл жоба басталған күннен бастап Салтанат Аблахатқызы өз тәжірибесімен, жазылым дағдыларын оңтайландыратын тиімді әдіс-тәсілдермен бөлісті. Алынған тәжірибе мен материалдарды өз зерттеуімде пайдалануға тырыстым.

Мұғалімнің зерттеуі қандай негізгі кезеңдерді қамтиды?

- зерттеуді қажет ететін проблеманы негіздеу (жоғарыда тұжырымдалды);
- мақсат-міндеттерін, объектісін анықтау, гипотеза жасау;
- тиімді әдіс-тәсілдерді таңдау;
- жоспар мен мазмұнын құрылымдау;
- зерттеу жүргізу;
- нәтижелерді талдау және келесі қадамдарды болжау;
- бағалау және қорытынды тұжырым жасау [2].

Зерттеудің мақсаты: оқушылардың креативті жазылым дағдыларын жетілдіруде тиімді әдіс-тәсілдерді анықтау.

Зерттеудің объектісі: 5-сынып оқушылары.

Зерттеу гипотезасы: креативті жазылым дағдыларын жетілдіруде әдіс-тәсілдердің көмегі мол.

Зерттеу сұрақтары:

- Оқушыларға жазылым дағдысын қалай игертуге болады?
- Креативті жазылым дағдысын дамыту үшін қандай әдіс-тәсілдерді қолданған тиімді?

Кедергілерді жою үшін сабақтарымда төмендегідей тапсырмалар беріп, әдісімді өзгертіп көрдім. Оқушыларды алдын ала даярлап алу үшін әңгіме жазудың қадамдарынан бастадық. Көркем шығармада суреттелетін оқиғаға қатысушы адам, әдеби образ – кейіпкер [3]. Сондықтан кейіпкердің типтік сипаттары мен өзінің басына ғана тән ерекшеліктерді анықтау үшін «Әңгіме кейіпкерінің сауалнама парағы» әдісі қолданылды.

Әңгіме кейіпкерінің сауалнама парағы	
Аты:	
Жасы:	
Сырт келбеті:	
Мінезі:	
Адамгершілік қасиеттері:	Кемшіліктері:
Кейіпкерге қатысты басты мәселе:	
Достары:	Дұшпандары:

Бұл әдіс оқушыларға өз ойындағы кейіпкердің жинақы образын жасауға, оны жан жақты ашуға, детальдарға мән беруге дағдыландырады. Оқушылар әңгімені жалаң жазбай, сипаттау сөздерді қосып үйренеді, бұл сипаттау сөздері оқушының тіл байлығын, сөздік қорын байытуға үлкен әсер етеді, елестету қабілетін дамытады.

5-сынып оқушылары бастауыштан жоғары сыныпқа өтіп отырғандықтан, олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жазылым тапсырмасының үлгісін ұсынған тиімді болады. Бұл оқушыға қалай жазу керектігі туралы идеяны береді. Осы тұста, әңгіме жазуға бағыттаудың келесі кезеңі ретінде төмендегі әдіс қолданылды.



Қадам-қадаммен жүргізілетін жұмыстың тиімділігі идеяны тұжырымдауға қолдау көрсетеді. Бұл жазылым алды әдістері оқушылардың әңгіме жазуға дейінгі ойларын жинақтап жеткізуге көмектеседі. Яғни оқушы алдында тұрған үлгіні, дайын сұрақтарды қолдана отырып, әңгіменің әр бөлімін жеке-жеке жазып шығады. Осыған дағдыланған оқушыға «жеңілден күрделіге қарай» әдісі арқылы әңгімені жинақтап жазу оңай болады.

Креативті ойлаудың ойға ерік беретін келесі түрі – монолог жазу. Сабақ барысында белгілі бір зат немесе құбылыс кейпіне еніп монолог жазу оқушы қиялын, ішкі сезімін, эмоциясын жеткізуге үйретеді. Бұл тұста қазақ әдебиеті пәнінен «Менің атым Қожа» шығармасын өткен кезде «Бақаның атынан Қожаға хат жазу» тапсырмасы оқушылар үшін өте қызықты болды. Олар адамдардың бақаларды, жәндіктерді, жануарларды бағаламайтынын, өзінің ешқандай кінәсі жоқтығын мұң ретінде шағып, ішкі көңіл күйін жеткізе білді. Мұндай әдістер беру арқылы креативті ойлауға бағыттауға болады.

Сонымен қатар кейіпкерлердің көңіл күйін білдіретін диалог жазу да оқушылардың қиялын дамытады. Бұл диалогтерді жазу барысында әдеттегі диалог формасынан шығып, кейіпкерлер арасында дау тудыру, оларды шешу бағытындағы сұрақтар мен жауаптарды, сөйлемдерді ойлап табу арқылы, сондай-ақ болашақта болатын оқиғадан хабардар ету сынды жаңа оқиғаларды ойлап табу оқушылардың ойлау деңгейлерін дамыта алады.

Қорытындылай келе, аталған әдіс-тәсілдер қазақ тілі және әдебиет сабақтарында оқушылардың жазылым дағдысын қалыптастыруға анағұрлым тиімді екенін байқадық. Зерттеуге дейін диалогты әңгіме деп түсініп, жалаң сөйлемдер жазып жүрген оқушылар келе-келе жинақы, сипаттау сөздері бар, сөз көлемі артқан мәтіндер жазып шықты. Шығармашыл креативті оқушы қалыптасу үшін, креативті ойлауға бағыттау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Есенаманова Г.Г., Оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастырудың тиімді жолдары. Алматы, 2017.
2. Алимов А.К., Рыскулбекова А.Д., Саипова А.А. Мұғалімнің зерттеушілік мәдениетін дамытуға арналған әдістемелік ұсыным. Астана, 2016.

[https://studopedia.su/14\\_43136\\_personosfera-turali-tusinik.html](https://studopedia.su/14_43136_personosfera-turali-tusinik.html)

Карамурзина Маржан Жолаубаевна  
Астана қ., Дарынды қыз балаларға арналған  
«Білім-инновация лицей-интернаты» КММ-сі  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

## **КРЕАТИВТІ ОЙЛАУДАН КРЕАТИВТІ ЖАЗЫЛЫМҒА ДЕЙІН...**

### **Аңдатпа**

Берілген есепте қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың, қатысушы мұғалімнің зерттеушілік дағдыларын, шығармашылық жазылым дағдыларын дамыту жолдары қарастырылады.

2022 жылдың қыркүйек айынан бастап «Өзгерістерден ізденістерге дейін» НЗМ мектептерімен бірлескен жоба қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің арасында басталды.

Кілт сөздер: зерттеушілік дағдылар, зерттеу, креативтік жазылым, жоғары деңгейде ойлау дағдысы

Алғашқы қадамымыз Салтанат Аблахатқызымен бірге іс-әрекетті зерттеу жұмысымыздың мақсат-міндетін, тәсілдерін анықтап алдық. Зерттеу нысанын анықтау үшін бастапқы сауалнама алынды. Аталмыш сауалнаманы топпен бірге, жетекшіміз С. Аблахатқызымен бірге құрдық. Әр зерттеуші өз әдістемелік бірлестіктеріндегі мұғалімдерінен сұхбат алып, мектептеріндегі ортақ мәселені анықтады. Зерттеуге қатысушы мұғалімдердің жинақтаған деректерін сарапқа сала келе, ортақ мәселе анықталды. Мәселе оқушылардың жазылым жұмысын жетілдіру қажеттілігі болды.

Екінші қадамымыз қосымша әдебиеттерді зерделеу болды. Себебі тақырыпқа қатысты теориялық әдебиетті зерделеу зерттеу үдерісінің маңызды бөліктерінің бірі болып табылады. Әдістемелік әдебиетке шолу жасаудың пайдалылығын растайтын үш себеп бар:

1. Сіз таңдаған педагогикалық мәселеге қатысты басты идеяларды анықтауға көмектеседі.
2. Қаралып отырған мәселе мен басқа пәндік салалар арасындағы байланыс туралы ақпарат аласыз.
3. Осы тақырыпты зерттеумен айналысып жүрген басқа адамдардың зерттеу нәтижелерімен танысасыз.

Негізі апта сайын кездесуде мәселені Салтанат Аблахатқызымен бірге талқылап отырдық. Салтанат Аблахатқызы зерттеуді бастаған күннен бастап, бағыт-бағдар берумен қатар теориялық, практикалық түрде іс-тәжірибесімен бөлісіп отырды. Бір аптасында практикалық түрде сабағына қатысып отырсақ, келесі кездесуде теориялық сабақ жүргізіп отырды.

Іс-әрекеттегі зерттеу көптеген Батыс елдерінде бұл тәсіл әртүрлі білім беру ұйымдарындағы педагогикалық үдерістің ажырамас бөлігі болып табылады, өйткені ол мәні және мазмұны бойынша тәжірибеге бағытталған.

Ал біздің білім беру жүйемізде іс-әрекеттегі зерттеу мұғалімдер үшін бірнеше жылдар қолданылып келе жатса да, жаңа бір ұғымдай болып келеді. Білім беру саласындағы дәстүрлі зерттеуде оқу үдерісін әдетте ғалымдар зерттейді. Ал деңгейлік бағдарламада қарастырылған іс-әрекеттегі зерттеуді сабақ беріп жүрген мұғалімдер өз күшімен жүзеге асырады, өйткені аталған тәсіл идеясы оқу үдерісіне тікелей қатысты адамдарға негізделген. Зерттеуді сыныпта анықталған маңызды, көкейтесті мәселесі бойынша бір мұғалім, жалпы проблема бойынша жұмыс істейтін мұғалімдер тобы жүргізе алады.

Іс-әрекеттегі зерттеудің мәніне тоқталсақ, ол келесі қадамдардан тұрады: проблеманы айқындау, деректер жинау, жинақталған мәліметтердің талдауы және интерпретациясы, деректер негізінде әрекет ету; нәтижелерді бағалау, болашақтағы әрекеттерді жоспарлау [1, 86-б.].

Зерттеуге дейін талқылаулар нәтижесінде жұмысты жүргізу жоспарланды:

9. Сауалнама құру, таңдалған сыныптың ата-ана рұқсатымен сауалнама алу;
10. Нәтижесінде топта талқылап, келесі жұмысты жоспарлау;
11. НЗМ сабақтарына қатысып, сол сабақтың түрін өз сыныбында өткізіп бақылау;
12. Сабақтан кейінгі жазба жұмыстарын топта талқылау;
13. Оқушылардан алынған кері байланыс пен мұғалімнің жүргізген рефлексиясын ортада талқылау;
14. Жазылым дағдысын жақсартудың әдіс-тәсілдерін талқылау;
15. Жазылым тапсырмаларын құру;
16. Шынайы нәтижені айқындау;

Үшінші қадам іс-әрекеттегі зерттеу жұмысын жүргізу үшін 7-сыныпты таңдап, бақылау жұмысын жүргізе бастадым. Сөйтіп «рефлексиялаушы агентке» айналдым. Алғашқы бақылау сабағы ретінде Оқу бағдарламасына негізделген (7.2.3.1. оқу мақсаты хроника, хабар, очерк, әңгіме құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату) оқу мақсаты бойынша «Қайырымдылық» тақырыбында 7 «С» сыныбында сабақ өткіздім. Сабақты түс бойынша топқа бөлумен бастадым. Лицейімізге оқушылар 7-сыныптан қабылданғандықтан, бұл сыныпқа биылғы оқу жылынан бастап сабақ жүргізіп келемін. Сыныпта әлі топқа бөліну де дағдысы қалыптасып үлгермеген, топқа бөлініп, орналасуға да уақыт кетіп қалды. Тақырып қайырымдылық туралы болғандықтан, алдымен мәтінді тапсырманы орындау үшін «Қайырымдылық дегенді қалай түсінесіңдер? Қандай қайырымдылық іс жасап көрдіңіздер?» деген сұрақтар талқыланды. Оқушылар үлкендерге көмектескендерін, қайырымдылық жәрмеңкесіне қатысқандарын айтып өтті. Топтарға «Қайырымдылық» тақырыбында қысқа әңгіме беріліп, мәтінді түсініп оқып, топта талқылап, «3-3-1» әдісі бойынша тірек болатын үш сөз, үш сөз тіркесі, бір сөйлем жазу тапсырылды. Бұл тапсырманы орындауға 5 минут уақыт берілді. Алайда уақыт сақталмай қалды, 7-8 минутқа созылды. Жазу



тапсырмасын тексермес бұрын талқылау сұрақтары арқылы мәтінді түсінген-түсінбегендері анықталды: Мәтіннің көтерген тақырыбы қандай? Автордың идеясы? Кейіпкердің орнында болсаң, не істер едің? Хабарландыруды кім жазуы мүмкін? Әртүрлі ойлар айтылды. Әңгіме мазмұны айтылып, талқыланғаннан соң, жазу тапсырмасы оқылды. Оқушылар тірек сөзді анықтай алған, топтардың таңдап алынған сөйлемдері әртүрлі болды. Келесі тапсырма әдебиет сабағымен байланысты әңгіме сюжет құрылымына талдау жасау үшін компоненттерді сәйкестендіру кестесі ұсынылды.

- |                            |                           |
|----------------------------|---------------------------|
| А – оқиғаның дамуы         | 1. Таңғы серуен           |
| В – оқиғаның басталуы      | 2. Әженің дүкенге кіруі   |
| С – оқиғаның шешімі        | 3. Дүкеннен тез шығуы     |
| Д – оқиғаның шарықтау шегі | 4. Хабарландырудың ілінуі |
| Е – оқиғаның шиелінісуі    | 5. Көмек – шешім          |

Тапсырмаға 2 минут уақыт берілді, бұл тапсырманы оқушылар тез уақытында және дұрыс орындады. Кестенің дұрыс жауабын топтар жұмыстарын ауыстырып, өзара 5 ұпаймен бағалады. Тапсырманы орындап болған соң, әңгіме жанрының ерекшелігін сұрақ-жауап арқылы оқушылармен бірлесе талдадық. Талқылап болған соң, тақтаға өз нұсқамды шығарып, қайта оқып шықтық.

Әңгіме жанрының ерекшелігі:

1. Әңгімедегі оқиға қарасөзбен жазылады.
2. Әңгіменің көлемі шағын.
3. Кейіпкерлер саны аз.
4. Оқиға көбіне бірінші жақтан баяндалып, әңгімешінің оқиғаға тікелей қатыстылығын көрсетеді.
5. Сюжет құрайтын оқиғаның басталуы, шарықтау шегі мен шешімі болады.

Төртінші тапсырма негізінде оқушыларға мәтін ұсынылды:

«Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің» деген екен дана халқымыз. Қайырымдылық – халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. «Жанашырлыққа жан риза» дегендей, сауабы мол іске ат салысу – әрбір адамның азаматтық парызы. Адам өміріндегі ең игі істердің бірі – мұқтаж жандарға қамқорлық жасау.

Қамқорлықты қажет ететін жандарға қол ұшын беру арқылы адам баласы жақсылыққа қадам басады. Қайырымдылық жасауды қаржылай көмек көрсету ғана деп ұқпау керек. Сөзбен де, іспен де, басқа жолдармен де қайырымдылық жасау – борышымыз. Жақсылық жасау қолыңнан келіп тұрса, қуаныш сыйлауға мүмкіндігің жетіп тұрса неге қол ұшын созбасқа?!

Осыған орай, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің бас ғимаратында Студенттік кәсіподақ ұйымы мен «Шебер қолөнершілер» клубының ұйымдастыруымен 5-6 қараша күндері дәстүрге айналған «Жақсылық жасауға кешікпе!» атты қайырымдылық жәрмеңкесі өткізілді. Жәрмеңкеде қолдан тоқылған киімдер, моншақтан жасалған

бұйымдар, әшекейлер, ағаштан жасалған заттар, суреттер сатылды. Бұл жәрмеңкеден Студенттік кәсіподақ ұйымының қорына жиналған ақша аз қамтылған және толық емес отбасынан шыққан студенттерге материалдық көмек ретінде берілді. Осындай қайырымды іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Мәтінмен танысып болған соң, жанры және әңгімеден қандай айырмашылығы бар екені талқыланды. Осы тұста қабілеті жоғары оқушыға «Әңгіменің қай бөлігі ерекше, несімен ерекше, дәлелде», қолдауды қажет ететін оқушыға «Әңгімедегі сен үшін тосын жағдай?» сұрақтары еркін микрофон тәсілінде беріліп, оқушы ойы тыңдалды. Әрине, оқушыларға хабарландырудың ілінуі мен көмек қолын созған адамдардың адамгершілігі ұнаған да таңқалдырған да екен.

Сабақты бекіту үшін және әңгіменің жанрлық ерекшелігін қай деңгейде игерді деген сұраққа жауап алу үшін әр оқушыға төмендегідей кесте ұсынылып, оқушылар кестені толтырып шықты. Дұрыс жауабын кестені жинап алған соң тақтаға көрсетіп, қысқаша әңгіме мен мақала айырмашылығын айтып шықтым.

Белгілері	Әңгіме	Мақала
Мәселе көтеру		+
Авторлық идеяның болуы	+	
Бірінші жақтан баяндалу	+	
Үшінші жақтан баяндалу		+
Мәселенің шешімін оқырманға қалдыру		+
Кейіпкерлердің болуы	+	
Оқиғаның болуы	+	

Сабақ барысында оқушы жауабын талдай алмадық, бірақ кейін сараптап отырғанда «мәселе көтеру», «мәселенің шешімін оқырманға қалдыру» деген нұсқаларды әңгіме жанрына тән деп белгілегендер бар екенін көрдім. Алдағы сабақтарда мақала жанрына тоқталып, түсіндіру керек деген ойға келдім.

Сабақ соңында кері байланыс ауызша жасалды. Бүгінгі сабақта не ұнады, қандай тапсырма қиындық тудырды, не қызық болды деген сұрақтар сұралып, оқушылар өз ойларын білдірді. Оқушылар жауаптарын саралайтын болсам, олар үшін мәтін ұнаған, топпен жұмыс жасаған ұнаған, кейбір оқушыға соңғы кестені толтыру қиындық келтірген, уақыт өте тығыз болған, яғни оқушылар уақытпен жұмыс жасауға дағдыланбаған десек те болады. Сондықтан кері байланысқа да аз уақыт бөлінді. Алдағы уақытта сабақта орын алған кедергілермен жұмыс жасау қажет деп ой түйдім.

Осылайша, сабақтар өткізіп, талданып, оқудағы кедергілермен жұмыс жасай бастадым. Оқушыларда ілгерлеушілік байқалды.

Зерттеу тақырыбы креативті жазылым болғандықтан, 7-сыныппен шектеліп қалғаным жоқ. 9-сыныпта өткізген сабақтарымда да қолданып, тапсырмалар жинағын құрастыру мақсатында жүйелей бастадым.

Креативті <https://emirsaba.org/jazilim-bolimi-sojleu-ereketini-tri-jazilim-jmistarini-trleri.html> аудиторияның ерекше бір көңіл-күйде, шығармашылық еркіндікте болғанда ғана, ең бастысы, оқушыны бағыттай білгенде ғана жүзеге асады. Мысалы, қазақ әдебиеті пәнінен 9-сыныпта “Атадан қалған асыл сөз” деген бөлімде қазақтың шешендік сөзі оқытылады. Шешендік сөзді оқытуда оқушылардың сөз мағынасын түсіне білуі, оны орынды қолдана білуі маңызды. Оқу бағдарламасы бойынша

9-сыныпта көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану және автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу сияқты оқу мақсаттарын жүзеге асыру көзделген. Осы оқу мақсаттары негізінде төмендегідей тапсырмалар дайындадым.

“Біз қазақ деген бір ұяның балапаны едік, сұңқар болып жетіліп, аспанға ұшайық. Біз қазақ деген бір биенің құлыны едік, тұлпар болып жетіліп, бәйгеден озайық. Біз қазақ деген бір тоғайдың ағашы едік, орман болып жайқалып өсейік” – деген Әйтеке сөздің шешендік сөзі бойынша оқушыларға «Балапан – сұңқар, құлын – тұлпар, ағаш – орман» сөз қатынастарын алып, көркем сөз құрастырыңдар”

Не болмаса, Қазыбек бидің «Кім жақын, не қымбат, не қиын» шешендік сөзін негізге ала отырып, «Бұл дүниеде не жаман, кім жақсы?» тақырыбында екі-үш шумақ өлең құрастырыңыз. Оқушыларды креативті жазуға бағыттау үшін бір шумақ өлеңнің тармақтарын толықтыруға ұсыну да жақсы шешім болар еді.

Алдыменен ұят пенен ар қымбат...

...

Біле білсең ұят пенен ар қымбат...

...

Тағы да ұят пенен ар қымбат...

...

Бұқар жыраудың «Тілек» толғауын өткен кезінде толғауды негізге ала отырып, он тілекті өлең түрінде жазып көруге ұсынып, оқушыларды шығармашылық жұмыс жазуға бағыттауға болады.

“Атадан қалған асыл сөз” деген бөліміндегі тақырыптың бірі – Сырым батыр шешендігі туралы. Сырым батыр шешендігі бойынша берілетін тапсырмада оқушылар берілген шешендік сөзді оқып, көп нүктенің орнына өздерінің болжамдарын жазады.

Сырым жас кезінде Есентемір Бөкен биге батасын алайын деп және ақыл сұрайын деп ат, шапан алып барады. Барып қонақ болғаннан кейін Бөкен Сырымнан келген жұмысын сұрайды. Сонда Сырым:

– Менің сізге келген жұмысым ,біріншіден, сіздің батаңызды алайын деп келдім, екіншіден, ақыл сұрайын деп келдім, – дейді.

Сонда Бөкен: «Саған батамды берейін, сен жас болғанмен елге бас болғандай екенсің», – деп бата береді:

Арқаң қара нардай ... болсын,  
Мінезің қара жердей ... болсын.

Өкпең жоқ – ... болсын,  
Құлағыңнан ... кетпесін,  
Жасың алпысқа жетпесін, – дейді.

Батасын бергеннен кейін: «Мен не десем де бәрінің де мағынасы бар, қалай түсіндің, өзіме айырып бер», – дейді Бөкен қарт. Сонда Сырым:

– Арқаң көп мінгеннен... болсын дегенің ... дегенің. Мінезің қара жерден ... болсын дегенің ... дегенің. Өкпең жоқ ... болсын дегенің ... дегенің. Құлағыңнан ... кетпесін дегенің ... дегенің. Жасың алпысқа жетпесін деген батаңызға мен түсіне алмадым, – депті.

Сонда Бөкен қарт Сырымға айтқан екен:

– Мен сенен құдайдың берген жасын қызғанам ба, жүз алпысқа кел. Менің жасым сексен төртке келді. Алты бәлеге тап болдым. Мен сені сол алты бәледен аулақ болсын деп едім. Ол мыналар: үлкен үйге кіре алмадым, кіші үйге сия алмадым. Қара сақалды әкем болды, қара шашты шешем болды. Ауру келді, кәрілік жеңді, – міне, алты бәле деген осы. Бұған қалай түсіндің? – дейді.

Сонда Сырым батыр қалай жауап қайтарған екен?

– ... депті.

Сонда Бөкен қарт: – Бақытты бол, балам, жақсы шештің, – дейді. Сырымға қарап Бөкен басын шерткен екен. Сырым оған аузын ашып, тілін көрсетіпті. Сырымның қасындағы жолдастары: «Бөкең саған неге басын шертті, оған сен аузыңды ашып, тіліңді шығардың, ол не сөз?» – дейді. Сіз қалай ойлайсыз, сырым батыр қандай жауап қайтарады? Мұндай мысалдар оқушылардың сөз мағынасын, сөздің астарын түсінуге көмектеседі және шығармашылық жұмыс жасауға бағыттайды.

Махамбеттің толғауын оқығаннан кейін толғау үзіндісіндегі ойды сақтай отырып және қарамен жазылған жолдарды қолдана отырып Махамбеттің (ертегілік) бейнесін жазу үшін берілген үзінді:

Еділді көріп емсеген,  
Жайықты көріп жемсеген.  
Таудағы тарлан шұбар біз едік.

Исатайдың барында,  
Қара қазан, сары бала  
Қамы үшін қылыш сермедік.  
Шабытымыз келгенде,

Ерегіскен дұшпанды  
Шетінен сүйреп жеп едік.



бір сағаттық бірлестік мүшелерімен жыл басынан бас қосатын әдістемелік отырысымыз бар. Мұғалімдермен жұмыс жасау барысында бастақы сауалнама алынды. Сауалнама зерттеу тобы мүшелерімен бірлесе құрылған болатын.

Сауалнама сұрақтары:

Бағдарлама бойынша түсіну мен жауап беруде қандай мақсат қиындық тудырады?

Бағдарлама бойынша анализ және интерпретацияда қандай мақсат қиындық тудырады?

Бағдарлама бойынша бағалау және салыстыруда қандай мақсат қиындық тудырады?

Қазақ тілі сабақтарында тыңдалым және айтылымда қандай мақсат қиындық тудырады?

Қазақ тілі сабақтарында оқылымда қандай мақсат қиындық тудырады?

Қазақ тілі сабақтарында жазылымда қандай мақсат қиындық тудырады?

Әдебиет пәні бойынша қай мақсаттың құрылымы түсініксіз?

Қай мақсатты жүзеге асыруда әдіс-тәсілдер тапшылығына ұшырайсыз?

Қай оқу мақсатын жетілдіру үшін курсқа барар едіңіз?

Сіздің оқушыларыңыз үшін қай оқу мақсаты қиындық тудырады?

Сіздің оқушыларыңыз ТЖБ мен БЖБ тапсырмаларын орындауда қай мақсаттан төмен ұпай жинайды?

Сауалнама қорытындысы бойынша мұғалімдер жазба жұмысынан қиналатыны байқалады: графикалық мәтінді, мақаланы жазу, очерк т.б.

Әдебиет пәнінен эссе жазу, сыни пікір жазу. Сауалнама алынған кейін деректер жинақтау кезінде жазба жұмысын орындату мақсатында құрастырған тапсырмаларын зерделеп отырсам, мысалы, эссе тақырыбы жалпылама құрылған. Не болмаса, тақырып береді де монолог жазыңыз, әңгіме жазыңыз деп беріледі. Оқушыға тапсырмамен бірге жазба жұмысына бағыт бағдар беретін не нұсқаулық не критерий анықталмайды. Содан кейін зерттеу барысында Салтанат Аблахатқызы жүргізген теориялық, практикалық сабақтарында жинақтаған іс-тәжірибесімен бөлісе бастадым. Тапсырмаларды бірлесе құрастыра бастадық.

Қорытындылай келгенде, қадам қадаммен жүргізілетін жұмыстың тиімділігі жұмысымды тәжірибеден ізденіске бағыттады, «рефлексияшы практикке» айналдырды.

Зерттеу барысында анықталған қиындықтар мен кемшіліктерді саралай келсек, болашақта нені ескеру қажет?

- креативті тапсырмаларды баланың ойлау деңгейіне сай алу;
- қажет әдебиеттерді таңдай білу;
- оқушыларға проблемалық сұрақтарды қамтитын тапсырма ұсыну;
- креативті тапсырмалар жинағын құрастыру, жетілдіру;
- синтез деңгейін жетілдіру жолдарын қарастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы, «Мұғалімдерге арналған нұсқаулық» Астана, 2016
2. К. Молдашев. От идеи к публикации. Алматы, 2017.
3. Алимов А.К., Рыскулбекова А.Д., Саипова А.А. Мұғалімнің зерттеушілік мәдениетін дамытуға арналған әдістемелік ұсыным. Астана, 2016.
4. Көпжасарова Т.М., Утешева Г.К. Мәтінмен жұмыстың тиімді тәсілдері. Астана, 2016
5. Мурзагалиева А.Е., Утегенова Б.М. Сборник заданий и упражнений. Учебные цели согласно таксономии Блума. Астана, 2015.
6. Савенков А.И. Психологические основы исследовательского подхода к обучению. Москва, 2006.

## МАЗМҰНЫ:

<b>АЛҒЫ СӨЗ</b> .....	3
<b>МАМАН ЖАНАР СЕЙТАХМЕТҚЫЗЫ</b> «ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ ЗЕРТТЕУ».....	4
<b>АЛПАНОВА ЖАНАР БЕЙБІТҚЫЗЫ</b> «ACTION RESEARCH ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ».....	7
<b>ҚАРАМУРЗИНА МАРЖАН, ОНДЫБАЕВА АЙЖАРҚЫН, АЖИБАЕВА УЛЖАН БАТЫРХАНҚЫЗЫ</b> «КРЕАТИВТЕН ОЙЛАУДАН КРЕАТИВТІ ТАПСЫРМАҒА ДЕЙІН...».....	13
<b>МЕҢДІБАЕВА САЛТАНАТ АБЛАХАТҚЫЗЫ</b> «НАҚТЫЛЫҚТАН КРЕАТИВТІЛІККЕ ДЕЙІНГІ 6 ҚАДАМ».....	19
<b>САХМУРЗАЕВА ГУЛЖАМИЛА ТОХТАРҚЫЗЫ, МЕҢДІБАЕВА САЛТАНАТ АБЛАХАТҚЫЗЫ</b> «КРЕАТИВТІ ЖАЗЫЛЫМНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТИГЕ ӘСЕРІ».....	23
<b>МЕҢДІБАЕВА САЛТАНАТ АБЛАХАТҚЫЗЫ, АСЕМОВА РАУАН САМЕТҚЫЗЫ, МҰСА АНИЗАТ СЕЙДАЗЫМҚЫЗЫ, БУХАРБАЕВА ГУЛСАРА АЛИЕВНА, ЗИЯХАН АҚЕРКЕ АЛМАСБЕКҚЫЗЫ</b> «КРЕАТИВТІ ЖАЗЫЛЫМДАҒЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР».....	29
<b>ЖАКИШЕВА МЕЙРАМГУЛЬ</b> «МОНОЛОГ ЖАЗУ – ОҚУШЫЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТӘСІЛІ БОЛА АЛА МА?».....	31
<b>ТАЙБОТАНОВА АРДАК НУРГИЗАРИНОВНА, МАИНОВА ИНДИРА САДЫБАКСОВНА, САТБЕКОВА ТОЛҚЫН АБИЛЬМАЖИНОВНА</b> «ОҚУШЫНЫҢ ЕҢБЕГІН МАДАҚТАУ ОҚУ ЫНТАСЫНА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?».....	37
<b>АБИБУЛЛАЕВА НАЗИРА АБЖАНОВНА, АХМЕТОВА САУЛЕ РАМАЗАНОВНА, БАЙЖАНОВА АЛИЯ ТОКТАСЫНОВНА, СМАГУЛОВА ГУЛСАРА АҚПАМБАЕВНА</b> «ИНТЕГРАТИВТІ БІЛІМ БЕРУ КИНЕСИОЛОГИЯСЫ – ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ СТРЕСТІҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ БІР ӘДІСІ».....	44
<b>МҰСА АНИЗАТ СЕЙДАЗЫМҚЫЗЫ</b> «КРЕАТИВТІ ЖАЗЫЛЫМДАҒЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛАЙ ЖАҚСARTУҒА БОЛАДЫ?».....	52
<b>ОНДЫБАЕВА АЙЖАРҚЫН КУЗЕНБАЕВНА</b> «КРЕАТИВТІЛІК – БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМУДЫҢ БАСТЫ КІЛТІ».....	61



<b>САХМУРЗАЕВА ГУЛЖАМИЛА ТОХТАРОВНА</b> «КРЕАТИВТІ ЖАЗЫЛЫМНЫҢ ОҚУШЫНЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКСІНЕ ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?».....	67
<b>АЖИБАЕВА УЛЖАН БАТЫРХАНҚЫЗЫ</b> «КРЕАТИВТІ ЖАЗУ – ОЙДЫ ДАМЫТУДЫҢ ШЫҢЫ».....	71
<b>АСЕМОВА РАУАН САМЕТҚЫЗЫ</b> «КРЕАТИВ ИДЕЯЛАРДЫ ЖИНАҚТАУ – ӘҢГІМЕ ЖАЗУҒА БАҒЫТТАУ».....	78
<b>ЗИЯХАН АҚЕРКЕ АЛМАСБЕКҚЫЗЫ</b> «КРЕАТИВТІ ЖАЗЫЛЫМҒА БАҒЫТТАЙТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР».....	83
<b>КАРАМУРЗИНА МАРЖАН ЖОЛАУБАЕВНА</b> «КРЕАТИВТІ ОЙЛАУДАН КРЕАТИВТІ ЖАЗЫЛЫМҒА ДЕЙІН...».....	87